

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚР НОРМАТИВТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ

Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства
НОРМАТИВНО-ТЕХНИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ РК

**СЕЙСМИКАҒА ТӨЗІМДІ КОНСТРУКЦИЯЛАРДЫ
ЖОБАЛАУ. 2-БӨЛІМ. КӨПРЛЕР.
СЕЙСМИКАЛЫҚ ОҚШАУЛАЙТЫН ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫ
БАР КӨПРЛЕРДІ ЖОБАЛАУ**

**ПРОЕКТИРОВАНИЕ СЕЙСМОСТОЙКИХ
КОНСТРУКЦИЙ. ЧАСТЬ 2. МОСТЫ.
ПРОЕКТИРОВАНИЕ МОСТОВ С
СЕЙСМОИЗОЛИРУЮЩИМИ
УСТРОЙСТВАМИ**

**ҚР НТҚ 08-02.1-2013
НТП РК 08-02.1-2013**

**Ресми басылым
Издание официальное**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс,
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару
комитеті

Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и
управления земельными ресурсами
Министерства национальной экономики Республики Казахстан

Астана 2015

АЛҒЫ СӨЗ

- 1 ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «АЗДИ» ЖШС
- 2 ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
- 3 БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап
- 4 ОРНЫНА:** Алғашқы рет

ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1 РАЗРАБОТАН:** АО «КазНИИСА», ТОО «АЗДИ»
- 2 ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
- 3 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан от 29.12.2014 г. № 156-НҚ с 1 июля 2015 года
- 4 ВЗАМЕН:** Впервые

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатысыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	VI
1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	1
1.1 Қолдану саласы	1
1.2 Нормативтік сілтемелер.....	2
1.3 Терминдер мен анықтамалар	2
1.4 Символдар және шартты белгілер.....	7
1.5 Халықаралық бірліктер жүйесі БЖ.....	9
2 НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР ЖӘНЕ СӘЙКЕСТІК КРИТЕРИЙЛЕРІ.....	9
2.1 Есептік сейсмикалық әсер ету.....	9
2.1.1 Сейсмикалық әсер етудің негізгі көрінісі.....	9
2.2 Негізгі талаптар	11
2.2.1 Жалпы ережелер.....	11
2.2.2. Бұзылулардың болмауы бойынша талап (критикалық шекті күйі).....	11
2.2.3 Зақымдануларды (залалды) барынша азайту бойынша талаптар	12
2.3 Сәйкестік критерийі	12
2.3.1 Жалпы ережелер.....	12
2.3.2 Сейсмикалық әсер ету кезінде құрылыстың бет алыс түрлері.....	12
2.3.2.1 Жалпы ережелер.....	12
2.3.2.2 Икемділік әрекеті.....	13
2.3.2.3 Шектеулі икемді әрекеті.....	14
2.3.3 Беріктікті тексеру.....	15
2.3.4 Көтергіш қабілеттігін тексеру.....	15
2.3.5 Қосылыстар - Жылжуды бақылау - Конструкциялау.....	15
2.3.5.1 Тиімді қаттылық-Есептік сейсмикалық әсер кезіндегі орын ауыстыру.....	15
2.3.5.2 Қосылыстар.....	17
2.3.5.3 Жылжуды бақылау – Конструкциялау.....	18
2.3.6 Жеңілдетілген критерий.....	19
2.4 Жобалау тұжырымдамалары.....	19
3 СЕЙСМООҚШАУЛАУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ ЖӘНЕ СЕЙСМООҚШАУЛАҒЫШ ҚҰРЫЛҒЫЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР	21
3.1 Жалпы ережелер.....	21
3.2 Сейсмооқшаулаудың негізгі тұжырымдамасы.....	21
3.3 Сәйкестік критерийі	22
3.4 Арналуы және сейсмооқшаулағыш құрылғыларға қойылатын талаптар	23
4 СЕЙСМИКАЛЫҚ ӘСЕРІ	23
4.1 Құрылыстың сейсмикалық төзімділігін есептеу үшін қажетті сейсмикалық әсерлер кезіндегі топырақ беті қозғалысының сипаттамалары	23

4.2. Реакциялардың (жауаптардың) спектрлері	25
4.3 Серпімді талдауға арналған есептік спектрлер.....	29
4.4 Уақытша аумақта сейсмикалық әсерлерді ұсыну.....	30
5 СЕЙСМООҚШАУЛАҒЫШ ҚҰРЫЛҒЫЛАР.....	31
5.1 Заманауи сейсмооқшаулағыш құрылғылардың негізгі түрлері.....	31
5.2 Резеңке-металл эластомерлі тірек бөліктері.....	32
5.3 Демпфирлеу коэффициенті аз табиғи немесе синтетикалық резеңкеден жасалған тірек бөліктері	32
5.4 Демпфирлеу коэффициенті жоғары табиғи резеңкеден жасалған тірек бөліктері	33
5.5 Қорғасын өзегі бар резеңке-металл тірек бөліктері (демпфирлеу коэффициенті төмен табиғи немесе синтетикалық резеңкеден жасалған).....	34
5.6 Резеңке-металл тірек бөліктерінің есептік сипаттамалары	37
5.7 Фрикциялық тірек бөліктері.....	42
5.8 Фрикциялық-маятникті сейсмооқшаулағыш тірек бөліктер.....	44
6 СЕЙСМООҚШАУЛАҒЫШ ҚҰРЫЛҒЫЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ МОДЕЛЬДЕРІ.....	47
6.1 Табиғи немесе синтетикалық резеңкеден жасалған резеңке-металл тірек бөліктерінің сызықтық математикалық моделі	47
6.2 Гистерезистің бисызықты ілмегін қолдану арқылы резеңке-металл тірек бөліктерінің сызықтық сипаттамаларын анықтау әдістемесі	48
6.3 Фрикциялық-маятникті тірек бөліктерінің математикалық моделі.....	50
6.4 Фрикциялық-маятникті тірек бөліктерінің механикалық моделі.....	51
6.5 Фрикциялық-маятникті тірек бөліктерінің сызықтық моделі.....	53
6.5.1 Дәріптелген гистерезис ілмегі.....	53
6.5.2 Фрикциялық-маятникті тірек бөліктерінің эквивалентті сызықтық сипаттамалары	53
6.6 Фрикциялық тірек бөлігінің механикалық-математикалық моделі.....	54
7 ДЕМПФИРЛЕУШІ ҚҰРЫЛҒЫЛАР.....	54
7.1 Жалпы мәліметтер	54
7.2 Конструкцияның демпфирлеуші қасиеттері	55
7.3 Демпфирлеуші құрылғылардың түрлері.....	56
7.3.1 Гидравликалық демпферлер.....	56
7.3.2 Тұтқыр-серпімді демпферлер.....	58
7.3.3 Металдың аққыштығын қолданатын демпферлер.....	59
7.3.4 Металдың бетонмен ұстаспайтын болатбетонды қиғаш тіреулері.....	61
8 МОДЕЛЬДЕУ ЖӘНЕ СЕЙСМООҚШАУЛАНҒАН КӨПІРЛЕРДІ ЕСЕПТЕУ ӘДІСТЕРІ	62
8.1 Жалпы ережелер.....	62
8.2 Есептеу әдістерін қолдану шарттары	63
8.3 Есептеу әдістері	64
8.3.1 Негізгі ауытқу түрін қолданатын спектральды әдіс	64
8.3.2 Мультимодаьды спектральды талдау	67
8.4 Уақытша аумақта есептеу	68

8.5 Сейсмикалық әсер етудің тік құраушысы	68
8.6 Сейсмооқшауланған конструкцияларды модельдеу мысалдары	69
8.6.1 Серпімді тұтқыр сейсмооқшаулағыштарда аралық құрылысы бар көпір....	69
8.6.2 Демпфирлеуші элементтердің конструкцияның сейсмикалық әсер ету реакцияларына ықпалын бағалау	71
8.7 Топырақты негізі бар тіректердің әрекеттесуін модельдеу.....	72
9 КӨПІРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН СЕЙСМООҚШАУЛАҒЫШ ҚҰРЫЛҒЫЛАРҒА	
ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР	73
9.1 Жалпы ережелер.....	73
9.2 Бұзылулардың болмауы бойынша талап (критикалық шекті күйі)	74
9.3 Зақымдануларды (залалды) барынша азайту бойынша талаптар	74
9.4 Оқшаулағыш жүйеге қойылатын арнайы талаптар	74
9.4.1 Көлденең бағыттағы қалпына келтіретін қабілеті	74
9.4.2 Сейсмооқшаулағыш құрылғыда көлденең орын ауыстыруларды шектеу	78
9.5 Соққы жүктемесін беретін құрылғыларға қойылатын талаптар	78
10 СЕЙСМООҚШАУЛАНҒАН КОНСТРУКЦИЯНЫҢ СЕНІМДІЛІГІН	
ТЕКСЕРУ	80
10.1 Есептік сейсмикалық әсер ету.....	80
10.2 Кеңістіктегі сейсмикалық әсерлерді өзгертуді есепке алу	80
10.3 Сейсмооқшаулағыш жүйе	83
10.4 Сабқұрылым және субқұрылым	86
11 СЕЙСМООҚШАУЛАҒЫШ ТІРЕК БӨЛІКТЕРІНІҢ ЕСЕПТІК	
СИПАТТАМАЛАРЫНЫҢ ӨЗГЕРГІШТІГІН ЕСЕПКЕ АЛУ	88
11.1 Есептік сипаттамаларының өзгеруін тудыратын факторлар	88
11.2 Есептік сипаттамаларының өзгерулерін бағалау	89
12 СЕЙСМООҚШАУЛАҒЫШ ҚҰРЫЛҒЫЛАРДЫҢ ЕСЕПТІК СИПАТТАМАЛАРЫН	
ТӘЖІРИБЕЛІ ТҮРДЕ БАҒАЛАУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР	90
.....	
12.1 Жалпы ережелер.....	90
12.2 Қолдану саласы	90
12.3 Тәжірибелі үлгілерді сынау	91
12.3.1 Жалпы ережелер.....	91
12.3.2 Сынаулардың реттілігі	91
12.3.3 Сейсмооқшаулағыш құрылғылардың сипаттамаларын анықтау.....	92
12.3.3.1 «Күш – орын ауыстыру» тәуелділік параметрлері.....	92
12.3.3.2 Демпфирлеу сипаттамалары	93
12.3.3.3 Жүйенің адекваттығы	93
12.4 Тозуға сынау және температуралық әсерлері	94
12.4.1 Тозуын және қажуын сынау	94
12.4.2 Төменгі температура кезіндегі сынау	94

ҚР НТҚ 08-02.1-2013

13 СЕЙСМИКАЛЫҚ ӘСЕР ЕТУЛЕР КЕЗІНДЕ СЕЙСМООҚШАУЛАНҒАН КӨПІРЛЕРДІҢ ІРГЕЛЕС АРАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫСТАРЫНЫҢ МАКСИМАЛДЫ ҚОЗҒАЛУЫН БАҒАЛАУ	95
13.1 Кіріспе ескертулер	95
13.2 Көпірлердің аралық құрылыстарының максималды орын ауыстыруының салыстырмалы спектрлері.....	95
13.3 Қорытынды	97
А ҚОСЫМШАСЫ (ақпараттық) СЕЙСМООҚШАУЛАҒЫШ ҚҰРЫЛҒЫЛАРДЫ ҚОЛДАНҒАН КЕЗДЕ ҚҰРЫЛЫСТЫҢ СЕЙСМИКАЛЫҚ ӘСЕРЛЕРГЕ РЕАКЦИЯСЫ	98
Б ҚОСЫМШАСЫ (ақпараттық) ТОПЫРАҚТЫҢ АУЫТҚУЫН ҮДЕТУ ФУРЬЕ СПЕКТРЛЕРІ	103
В ҚОСЫМШАСЫ (ақпараттық) НЕГІЗГІ АУЫТҚУ ТҮРІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ КӨПІРЛЕРДІ СЕЙСМООҚШАУЛАҒЫШСЫЗ СПЕКТРАЛЬДЫ ӘДІСПЕН ЕСЕПТЕУ МЫСАЛДАРЫ	107
Г ҚОСЫМШАСЫ (ақпараттық) АУЫТҚУДЫҢ НЕГІЗГІ ПІШІМДЕРІН ҚОЛДАНАТЫН СЕЙСМООҚШАУЛАҒЫШТАРЫ ЖОҚ ЖӘНЕ СЕЙСМООҚШАУЛАҒЫШТАРЫ БАР КӨПІРЛЕРДІ ЕСЕПТЕУ МЫСАЛДАРЫ	115
Д ҚОСЫМШАСЫ (ақпараттық) НЕГІЗГІ АУЫТҚУ ТҮРІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ САЛЫСТЫРМАЛЫ ОРЫН АУЫСТЫРУ СПЕКТРЛЕРІН САЛУ МЫСАЛЫ	144
БИБЛИОГРАФИЯ.....	146

КІРІСПЕ

Осы нормативтік-техникалық құралды (НТҚ) «Қазақ құрылыс және сәулет ғылыми-зерттеу институты» акционерлік қоғамы («ҚазҚСҒЗИ» АҚ) дайындады.

Осы нормативтік-техникалық құралында келесілер берілген:

- ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012 «Сейсмикалық төзімді конструкцияларды жобалау. 2-бөлім. Көпірлер» және ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 «Сейсмикалық төзімді конструкцияларды жобалау. 1-бөлім. Жалпы ережелер, сейсмикалық әсерлері және ғимаратқа арналған ережелер» 1-3-бөлімдеріндегі сейсмикалық аймақтардағы көпір құрылыстарын жобалау қағидаларына және ережелеріне негізделген ережелер;

- жобалау барысында ҚР ҚН EN 1998-1:2004/20012 1-3-бөлімдерінің және ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/20012 7-бөлімнің ережелерін іс жүзінде қолдануды суреттейтін мысалдар.

Осы нормативтік-техникалық құралын әзірлеу барысында ҚР ҚН EN 1997-1:2004/2011 «Геотехникалық жобалау. 1-бөлім. Жалпы ережелер» және ҚР ҚН EN 1998-5:2004/2012 «Сейсмикалық төзімді конструкцияларды жобалау. 5-бөлім. Іргетастар, тіреу қабырғалары және геотехникалық аспектілер» алынған кейбір сәйкесінше ережелер ескерілді.

Мәтіні осы құралдың кестелері мен тармақтарына ұқсас ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012 бөлімдерінің кестелері мен тармақтарының нөмірлері құралдың кестелері мен тармақтарының нөмірлерінің жанында шаршы жақшаларда көрсетілген.

Осы құралда сілтемелер жасалған басқа ҚР ҚН EN кестелері мен тармақтарының нөмірлері құралдың сәйкесінше тармақтарының мәтінінде көрсетілген.

Осы нормативтік-техникалық құралы жобалау ұйымдарының инженер-техникалық қызметкерлеріне, жоба өніміне тапсырыс берушілерге, ғылыми қызметкерлерге, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне арналған.

Осы нормативтік-техникалық құралы Қазақстан Республикасының нормативтік құжаты ретінде ерікті негізде әрекет етуге енгізілген.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ НОРМАТИВТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ

НОРМАТИВНО-ТЕХНИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**СЕЙСМИКАҒА ТӨЗІМДІ КОНСТРУКЦИЯЛАРДЫ ЖОБАЛАУ. 2-БӨЛІМ.
КӨПІРЛЕР. СЕЙСМИКАЛЫҚ ОҚШАУЛАЙТЫН ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫ БАР
КӨПІРЛЕРДІ ЖОБАЛАУ****ПРОЕКТИРОВАНИЕ СЕЙСМОСТОЙКИХ КОНСТРУКЦИЙ. ЧАСТЬ 2.
МОСТЫ. ПРОЕКТИРОВАНИЕ МОСТОВ С СЕЙСМОИЗОЛИРУЮЩИМИ
УСТРОЙСТВАМИ**

Енгізілген күні 2015-07-01

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**1.1 Қолдану саласы**

1.1 Осы нормативтік-техникалық құрал (бұдан әрі – әдеттегідей, Құрал немесе НТҚ) ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 «Сейсмикалық төзімді конструкцияларды жобалау. 1-бөлім. Жалпы ережелер, сейсмикалық әсерлері және ғимаратқа арналған ережелер», ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012 «Сейсмикалық төзімді конструкцияларды жобалау. 2-бөлім. Көпірлер» және ҚР НТҚ 08-01.1-2012 «Сейсмикалық төзімді ғимараттар мен құрылыстарды жобалау. Бөлім. Жалпы ережелер. Сейсмикалық әсерлер» талаптарына сәйкес дайындалған және Қазақстан Республикасының сейсмикалық аймақтарында сейсмооқшаулағыш құрылғылары бар көпір құрылыстарын жобалау және салу кезінде қолдануға арналған.

1.2 Осы НТҚ көпірлерге арналған жаңа сейсмооқшаулағыш құрылғылардың конструкциялары және еуропалық нормаларға сәйкес оларға қойылатын талаптар берілген.

1.3 Көпір құрылыстарын есептеу үшін инженерлік құрылыстарды, соның ішінде сейсмооқшаулағыш конструкцияларды сейсмикалық төзімділігін кең таралған есептеу әдісі болып табылатын жауап спектрлерінің әдісі, сол сияқты сызықты емес сипаттамалары бар конструкцияларды есептеуге мүмкіндік беретін уақытша аумақта есептеу әдістері қабылданған.

1.4 Құралдарда көпірлердің сейсмикалық төзімділігін есептеу қарастырылады, мұнда сейсмикалық көлденең әсер ең алдымен аралық құрылыс конструкциясын ұстап тұратын тік немесе жалпы тік тірек жүйелерінен тұратын жұмысын иіліп тұрып атқаратын көпірлердің тіректеріне немесе тіреулеріне беріледі.

ЕСКЕРТПЕ Осы НТҚ аспалы, ағаш, тас және қалқыма көпірлерге таратылмайды.

1.2 Нормативтік сілтемелер

Осы нормативтік-техникалық құралды қолдану үшін келесі нормативтік құжаттардың және стандарттардың сілтемелері қажет:

ҚР ҚН EN 1990	Қазақстан Республикасының құрылыс нормалары. Құрылыстық жобалау негіздері.
ҚР ҚН EN 1991	Қазақстан Республикасының құрылыс нормалары. Көтергіш конструкцияларға әсері.
ҚР ҚН EN 1992	Қазақстан Республикасының құрылыс нормалары. Темірбетон конструкцияларды жобалау.
ҚР ҚН EN 1993	Қазақстан Республикасының құрылыс нормалары. Болат конструкцияларды жобалау.
ҚР ҚН EN 1994	Қазақстан Республикасының құрылыс нормалары. Болаттемірбетон конструкцияларды жобалау.
ҚР ҚН EN 1997	Қазақстан Республикасының құрылыс нормалары. Геотехникалық жобалау.
ҚР ҚН EN 1998	Қазақстан Республикасының құрылыс нормалары. Сейсмикалық төзімді конструкцияларды жобалау.
ҚР НТҚ 08-01.1-2012 (ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012)	Сейсмикалық төзімді ғимараттар мен құрылыстарды жобалау. Бөлім. Жалпы ережелер. Сейсмикалық әсер етулер.
EN ISO 9001:2008	Сапамен басқару жүйесі. Талаптар. ӨЖ бірліктері және олардың еселік және үлестік және кейбір басқа бірліктерін қолдану бойынша ұсыныстар.
ҚР СТ EN 1337-2-2011	Құрылыс конструкцияларының тіректері. 2-бөлім. Сырғанау элементтері.
ҚР СТ EN 1337-3-2011	Құрылыс конструкцияларының тіректері. 3-бөлім. Эластомер тіректері.
ҚР СТ 15129-2012	Сейсмикаға қарсы құрылғылар.

ЕСКЕРТПЕ Осы құрылыс нормаларын пайдаланғанда, ақпараттық «Қазақстан Республикасы аумағында қолданылатын сәулет, қала құрылысы мен құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық актілердің тізілімі», «Қазақстан Республикасының стандарттау бойынша нормативтік құжаттарының көрсеткіші» және ағымдағы жылдың жай-күйіне қарай жыл сайын құрастырылатын «Мемлекетаралық нормативтік құжаттардың көрсеткіші» бойынша сілтеме құжаттардың әсерін тексерген жөн. Егер сілтеме құжат ауыстырылатын (өзгертілетін) болса, осы нормативтерді пайдаланғанда, ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу қажет. Егер сілтеме құжат ауыстырылмай алынып тасталса, оған сілтеме жасалған ереже осы сілтемеге қатысты емес жағынан қолданылады.

1.3 Терминдер мен анықтамалар

1.3.1 Көтергіш қабілеті бойынша есептеу: Иілімді топсалардың болжамды конфигурациясын қамтамасыз ететін әртүрлі конструктивтік элементтердің белгілі

орнықтылық баспалдақтарын алу мақсатында және морт сынуының алдын алу үшін иілімділік әрекетін ескере отырып құрылысты жобалау барысында қолданылатын есептеу процедурасы.

1.3.2 Иілімді элементтер: Иілімді топсалардың пайда болуы арқылы энергияны ыдыратуға қабілетті элементтер.

1.3.3 Иілімді конструкция: Иілімді деформациялардың немесе басқа механизмдердің аймақтарының пайда болу есебінен оған түсетін энергияның елеулі көлемін ыдырата алатын күшті сейсмикалық әсердегі конструкция.

1.3.4 Икемділіктің шектеулі режимі: Есептік сейсмикалық әсерлер кезінде иілімді топсалардағы энергияны өте ыдыратпайтын көпірлердің әрекетінің сейсмикалық режимі.

1.3.5 Оң байланыс: Сейсмикалық байланыстармен жүзеге асырылатын қосылыс.

1.3.6 Сейсмикалық оқшаулау: Сейсмикалық реакцияларды (күштерді және/немесе орын ауыстыруларды) азайтуға арналған арнайы оқшаулағыш құрылғылары бар көпір конструкциялары.

1.3.7 Сейсмикалық әсерлер кеңістігіндегі өзгеру: Көпірдің әртүрлі тіректерінде топырақтың қозғалысы ерекшеленетін жағдайлар және осылайша, сейсмикалық әсер бір нүктенің қозғалу сипаттамаларымен анықталмайды.

1.3.8 Сейсмикалық әрекеті: Конструкцияның жалпы жүктемесінен орын ауыстыру қатынасына байланысты есептік сейсмикалық әсерлер кезіндегі көпірдің әрекеті икемді немесе шектеулі икемді/өте серпімді болуы мүмкін.

1.3.9 Сейсмикалық байланыстар: Сейсмикалық әсердің бір бөлігі немесе барлығы берілетін шектеуіштер. Тірек бөліктерімен комбинацияда қолданылады, белгілі икемділігі болуы мүмкін, осының салдарынан байланыстар тек есептік сейсмикалық әсерді арттырған жағдайда ғана жұмысқа қосылады.

1.3.10 Аражабынның (бүгілген жердің) минималды шамасы: тірелетін элементтің ішкі жиегі және ұстап тұратын элементтің сыртқы жиегі арасындағы минималды арақашықтық түріндегі қорғану шарасы. Аражабынның минималды шамасы төтенше сейсмикалық әсерлер кезінде тіректердің тиісті түрде жұмыс істеуін қамтамасыз етуі тиіс.

1.3.11 Есептік сейсмикалық орын ауыстыру: Есептік сейсмикалық әсерден туындаған орын ауыстыру.

1.3.12 Есептік сейсмикалық әсерлер барысындағы жалпы есептік орын ауыстыру: Критикалық немесе негізгі конструктивтік элементтерді қорғау мақсатында сәйкесінше саңылауларды анықтау үшін қолданылатын орын ауыстыру. Оған тұрақты немесе квазитұрақты әсердің ұзақ мерзімді әсерінен туындаған есептік сейсмикалық орын ауыстыру, сонымен қатар термальды орын ауыстырулармен туындаған белгілі жылжу үлесі кіреді.

1.3.13 Есептік модель: Конструкцияларды, немесе оның элементін талдау мақсатында қолданылатын конструктивтік жүйені дәріптеу.

1.3.14 Сенімділік: Көтергіш конструкцияның, немесе конструкцияның элементінің жобалық пайдалану мерзімі ішінде белгіленген талаптарға сәйкес келу қабілеттігі. Сенімділік, әдеттегідей, ықтимал шамалармен беріледі. Сенімділік көтергіш қабілеттігінің қорына, көтергіш конструкцияның пайдалану жарамдылығына және төзімділігіне таралады.

1.3.15 Көтергіш қабілеттігі: Құрылыс элементінің немесе істен шығу түрлеріне мысалы, иілу кедергісіне, бойлық иілу кедергісіне, созылу кедергісіне қатынасы бойынша элемент қимасының механикалық көрсеткіші.

1.3.16 Шекті күйлері: Арттырған жағдайда көтергіш конструкция жобалау нормаларының талаптарына жауап бермейтін күйлері.

1.3.17 Көтергіш қабілеттігінің шекті күйлері (ULS): Көтергіш конструкцияның бұзылуына және басқа істен шығу түрлеріне байланысты күйлері конструкцияның немесе оның элементінің максималды көтергіш қабілеттігіне сәйкес келеді.

1.3.18 Пайдалану жарамдылығының шекті күйлері (SLS): Арттырған жағдайда көтергіш конструкцияның немесе оның элементінің пайдалану жарамдылығының белгіленген талаптары орындалмайтын күйлері.

1.3.19 Пайдалану жарамдылығының қайтымсыз шекті күйлері: Ұзақ уақыт бойы арттыруды тудыратын негізгі әсерлерді жойғаннан кейін жоғары болып қалатын шекті күйлер.

1.3.20 Пайдалану жарамдылығының қайтымды шекті күйлері: Арттыруды тудыратын негізгі әсерлерді жойғаннан кейін жоғарыламайтын шекті күйлер.

1.3.21 Беріктік: Әдетте механикалық кернеу бірліктерінде көрсетілетін материалдың механикалық көрсеткіші.

1.3.22 Критикалық шекті күйлер: Конструкцияның (құрылыстың) бұзылуына немесе басқа істен шығу түрлеріне байланысты күйлері.

ЕСКЕРТПЕ Әдеттегідей, олар конструкцияның немесе оның элементінің максималды көтергіш қабілеттігіне сәйкес келеді.

1.3.23 Әсер етудің сипаттамалық мәні (F_k): Берілген статистикалық қамтамасыз етілуіне сәйкес келетін әсерлердің анықтаушы репрезентативтік мәні.

1.3.24 Есептік пайдалану мерзімі: Көтергіш конструкция өзінің функционалды арналуын сақтай отырып, күрделі жөндеусіз оны ұстап тұру бойынша қарастырылған шараларды ескерумен пайдаланылатын уақыт.

1.3.25 Есептік жағдайлар: Белгілі уақыт аралығы ішінде пайдаланудың нақты талаптарын ауыстыру ретінде қабылданатын және көтергіш конструкцияны жобалау барысында оның көрсеткіштерінің шекті күйлерден аспайтындығын белгілейтін талаптар қатары.

1.3.26 Тұрақты есептік жағдай: Көтергіш конструкцияны барлық пайдалану мерзімі ішінде анықтаушы болып табылатын жағдай қарапайым пайдалану талаптарына жатады.

1.3.27 Өтпелі есептік жағдай: Көтергіш конструкцияны пайдалану ұзақтығынан барынша аз уақыт аралығы ішінде, мысалы, құрылыс кезінде немесе жөндеуді жүргізу кезінде анықтаушы болып табылатын жағдай.

1.3.28 Апатты есептік жағдай: Көтергіш конструкция үшін төтенше жағдайларды, мысалы, өрт, жарылыс, соққы немесе жергілікті бұзылуды өзіне қосатын жағдай.

1.3.29 Сейсмикалық әсерлер кезіндегі есептік жағдай: Сейсмикалық әсер жағдайларында туындайтын көтергіш конструкцияда орын алатын жағдай.

1.3.30 Айнымалы әсердің комбинациялық мәні ($\psi_0 Q_k$): Статистикалық негізде әсер комбинацияларымен туындаған асып кету ықтималдығы шамамен жеке әсердің сипаттамалық мәнінің асып кету ықтималдығы сияқты болатындай етіп мүмкіндігінше таңдалған айнымалы әсердің мәні. Комбинациялық мәні айнымалы әсердің сипаттамалық мәнінің бөлігін ұсынады және сипаттамалық мәнді $\psi_0 \leq 1$ коэффициентіне көбейту арқылы анықталуы мүмкін.

1.3.31 Айнымалы әсердің жеке мәні ($\psi_1 Q_k$): Статистикалық негізде осы мән артқан кезде референтті кезең шектерінде оның әрекет етуінің жалпы уақыты референтті кезеңнің аз бөлігі болатындай немесе осы асып кетулердің жиілігі берілген мәнмен шектелетіндей етіп мүмкіндігінше таңдалған айнымалы әсердің мәні. Мәннің жиілігі айнымалы әсердің сипаттамалық мәнінің бөлігін ұсынады және сипаттамалық мәнді $\psi_1 \leq 1$ коэффициентіне көбейту арқылы анықталуы мүмкін.

1.3.32 Айнымалы әсердің квазитұрақты мәні ($\psi_2 Q_k$): Жалпы уақыт аралығы ішінде асып кетуі мүмкіндігін ескере отырып анықталған айнымалы әсердің мәні референтті уақыт кезеңінің көп бөлігін құрайды. Айнымалы әсердің сипаттамалық мәнінің бөлігі болып табылатын квазитұрақты мән сипаттамалық мәнді $\psi_2 \leq 1$ коэффициентіне көбейту арқылы анықталуы мүмкін.

1.3.33 Ілеспелі айнымалы әсердің мәні (ψQ_k): Әсерлер комбинациясында басыңқы әсерлермен қатар жүретін айнымалы әсердің мәні. Ілеспелі айнымалы әсердің мәні оның комбинациялық, жеке немесе квазитұрақты мәні болуы мүмкін.

1.3.34 Әсердің репрезентативті мәні (F_{rep}): Шекті күйі бойынша есептеу кезінде қолданылатын мән. Репрезентативті мән ретінде сипаттамалық мән (F_k) немесе «ілеспелі» мән (ψF_k) қабылдануы мүмкін.

1.3.35 Әсердің есептік мәні (F_d): Сипаттамалық мәнді $\gamma_F F_k$ жеке коэффициентке көбейту арқылы алынған әсер ету мәні.

1.3.36 Сейсмооқшаулағыш жүйе (сейсмооқшаулағыш жүйе): Сейсмооқшаулағыш қабатта сейсмооқшаулағышты қамтамасыз ету үшін қолданылатын компоненттер жүйесі.

1.3.37 Оқшауландырғыштар: Оқшаулау жүйесін түзетін элементтер. Әрбір оқшауландырғыш келесі бір немесе бірнеше қасиеттерге ие:

- тік жүктемені үлкен көлденең икемділікпен және үлкен тік қаттылықпен үйлесімде қабылдау қабілеттігіне;
- энергияны ыдырату қабілеттігіне (гистерезисті, тұтқыр, фрикциялық демпфирлеу);
- көлденең бағытта түрін қалпына келтіру қабілеттігіне;
- көлденең сейсмикалық емес жүктемелердің әсер етуі кезінде көлденең орын ауыстыруларды шектеу қабілеттігіне (жеткілікті серпімді қаттылық).

1.3.38 Сабқұрылым (төменгі құрылыс): Сейсмооқшаулағыш қабаттан төмен орналасқан тірек және тіреулерден тұратын конструкцияның бөліктері. Көлденең бағыттағы төменгі құрылыс элементтерінің иілгіштігі, әдеттегідей, есепке алынуы тиіс.

1.3.39 Суперқұрылым (жоғарғы құрылыс): Сейсмооқшаулағыш қабаттан жоғары орналасқан конструкцияның бөлігі. Көпірлерде бұл – аралық құрылыс деп аталады.

1.3.40 Тиімді қаттылық орталығы: Қатты конструкция түріндегі жоғарғы құрылысты модельдеу кезінде, бірақ оқшауландырғыштардың иілгіштігін және төменгі

құрылысты ескере отырып, анықталған сейсмооқшаулағыш қабаттың бетіндегі қаттылық орталығы.

1.3.41 Сейсмооқшаулағыш жүйені басты бағытта есептік орын ауыстыру (d_{cd}):

Есептік сейсмикалық әсерлер кезінде тиімді қаттылық ортасында төменгі құрылыстың жоғарғы жағы және жоғарғы құрылыстың төменгі жағы арасында (топыраққа қатысты) максималды орын ауыстыруы.

1.3.42 Оқшауландырғыштың i есептік орын ауыстыруы (d_{bi}):

Сейсмооқшаулағыш жүйенің есептік орын ауыстыруына сәйкес келетін оқшауландырғыштың орналасу нүктесінде жоғарғы құрылыстың төменгі құрылысқа қатысты орын ауыстыруы.

1.3.43 Оқшауландырғыштың i ұлғайтылған есептік орын ауыстыруы ($d_{bi,a}$): γ_{Is} сенімділік коэффициентіне көбейтілген оқшауландырғышты есептік орын ауыстыруы.

1.3.44 Сейсмооқшаулағыш элементтің i толық максималды орын ауыстыруы:

Ұлғайтылған есептік орын ауыстырудың, тұрақты әсерлер нәтижесінде туындаған орын ауыстырулардың қосындысы, жоғары құрылыстың ұзақ мерзімді деформациясы (бетон элементтерінің бастапқы кернеуі, шөгуді және жылжығыштығы), сонымен қатар температураның айырмасына байланысты 50 % орын ауыстыруы.

1.3.45 Негізгі бағыттағы сейсмооқшаулағыш жүйенің тиімді қаттылығы:

Сейсмооқшаулағыш қабаты арқылы есептік орын ауыстырулар кезінде жоғарғы құрылысқа берілетін жалпы көлденең күштің мәндерінің осы бағытқа (қиюшы қаттылық) есептік орын ауыстырудың абсолюттік мәніне қатынасы.

1.3.46 Тиімді кезең: Салмағы жоғарғы құрылыстың салмағына сәйкес келетін, ал қаттылығы сейсмооқшауланған жүйенің тиімді қаттылығына тең бір бос деңгейі бар қарастырылып отырған жүйе бағытындағы ауытқулар кезеңі.

1.3.47 Сейсмооқшаулағыш жүйенің тиімді демпфирленуі: Есептік орын ауыстыру кезінде циклді жүктеу уақытында сейсмооқшаулағыш жүйемен ыдырайтын энергияға сәйкес тұтқыр демпфирлеу коэффициентінің мәні.

1.3.48 Қарапайым әлсіз-демпфирлеуші эластомерлі тірек бөліктері: ҚР СТ EN 1337-3-2011 (Эластомерлі тіректер) сәйкес ламинирленген әлсіз-демпфирлеуші эластомерлі тірек бөліктері ҚР СТ EN 15129-2012 (Сейсмикаға қарсы құрылғылар). Талаптарына сәйкес келмейді

1.3.49 Арнайы эластомерлі тірек бөліктері: ҚР СТ EN 15129:2012 (Сейсмикаға қарсы құрылғылар) талаптарына сәйкес сыналған ламинирленген жоғары демпфирленген эластомерлі тірек бөліктері.

1.3.50 Сейсмооқшаулағыш қабат: Сабқұрылымды және суперқұрылымды бөлетін қабат, және оның шектерінде сейсмооқшаулағыш жүйе орналасқан.

1.3.51 Сейсмооқшаулағыш элементтер: Сейсмооқшаулағыш жүйені түзетін элементтер. Құралда қарастырылатын құрылғылар қабатты эластомерлі тірек бөліктерін, тұтқыр немесе фрикциялық демпферлерді, маятникті және басқа құрылғыларды ұсынады.

1.3.52 Акселерограмма: Топырақ қозғалысын жылдамдатуды сипаттайтын график түріндегі тәуелділік.

1.3.53 Құралды акселерограмма: Нақты жер сілкінісі кезінде құрал ретінде тіркелген (жазылған) акселерограмма.

1.3.54 Әрекет ету коэффициенті: Материалдың, конструктивтік жүйенің ерекшеліктерімен келісілген және жобалау әдістемесімен қабылданған құрылыстың сызықтық емес реакциясын есепке алу мақсатында сызықтық есептеу нәтижесінде алынған күштерді азайту үшін жобалау барысында қолданылатын коэффициент.

1.3.55 Жауапкершілік коэффициенті: Құрылыстың істен шығу салдарларын ескеретін коэффициент.

1.3.56 Негіз: Құрылыспен өзара әрекет ететін топырақ массивінің бөлігі.

1.3.57 Қағидалары: ҚР ҚН EN 1998 және басқа ҚР ҚН EN берілген қағидаларға эквивалентті жоқ жалпы анықтау ережелері, сонымен қатар, талаптарды немесе егер басқасы арнайы аталмаса, эквивалентті жоқ аналитикалық модельдері кіреді.

1.3.58 Ереже: Қағидаларға сәйкес тұратын және олардың талаптарын орындауды қамтамасыз ететін жалпы танылған ережелер.

1.3.59 Сейсмикалық есептік жағдай: Сейсмикалық әсерлер кезінде құрылыс үшін ерекше талаптарды ескеретін есептік жағдай.

1.3.60 Сейсмикалық әсері: Жер сілкіну кезінде топырақтың қозғалуынан туындаған әсер.

1.3.61 Сейсмооқшауланған құрылыс: Сейсмооқшаулағыш жүйемен жабдықталған құрылыс.

1.3.62 Серпімді реакциялар спектрі: Жеке кезеңдер (жиіліктер) функциясы және осцилляторларды демпфирлеу параметрі ретінде құрылған берілген акселерограмма әсерлері кезінде сызықтық-серпімді осцилляторлардың тербелмелі жүйесінің максималды реакцияларының (үдетулерде, жылдамдықтарда немесе орын ауыстырулар) абсолюттік мәндерінің жиынтықтығын ұсынатын график.

1.3.63 Әсерлер тиімділігі: Конструкция элементтеріне әсер ету нәтижесі (мысалы, ішкі күштер, моменттер, кернеу, деформация) немесе әсерлерден туындаған барлық құрылыстың реакциясы (мысалы, майысулар, бұрылыстар).

1.4 Символдар және шартты белгілер

γ_I – жауапкершілік коэффициенті;

$a_{gr(475)}$ – 475 жыл қайталанатын референтті кезеңге сәйкес келетін ІА типті топырақ жағдайлары үшін шекті үдету;

$a_{gr(2475)}$ – 2475 жыл қайталанатын референтті кезеңге сәйкес келетін ІА типті топырақ жағдайлары үшін шекті үдету;

q – әрекет ету коэффициенті;

d_E – есептік сейсмикалық әсерлер кезіндегі есептік сейсмикалық орын ауыстыру;

d_{Ee} – сызықтық есептеу кезіндегі сейсмикалық орын ауыстыру;

μ_d – орын ауыстыру үшін созылымдылық көрсеткіші;

– динамикалық үйкеліс коэффициенті

η – демпфирлеу бойынша түзету коэффициенті;

T – қарастырылып отырған бағыттағы негізгі тербелу түрінің кезеңі;

T_C – спектральды үдету графигінің тұрақты учаскесіндегі кезеңнің максималды мәні;

d_{Ed} – есептелетін элементтің ұштарының салыстырмалы көлденең жылжуы;

d_G – ұзақ уақыт бойы тұрақты және квазитұрақты әсерлерден туындаған ығысу;

- d_T – температураның өзгерулерінен туындаған ығысу;
- ψ_2 – жылу әсерлерінің квазитұрақты мәні үшін үйлесімділік коэффициенті;
- d_g – топырақты көлденеңінен ығыстырудың есептік мәні;
- a_g – топырақ күштерінің ІА түрі үшін есептік үдеу;
- S – топырақтың сейсмикалық қасиеттерін сипаттайтын коэффициент;
- v_g – топырақтың көлденеңінен ығысуының есептік мәні;
- ξ – тұтқыр демпфирлеу коэффициенті (пайызбен есептегенде);
- $S_{e(T)}$ – «серпімді реакциялар спектрі» деп аталатын топырақтың көлденең қозғалыстарын үдетудегі серпімді реакциялар спектрі. Осы спектрге сәйкес келетін $T=0$ болғанда спектральды үдету топырақ жағдайлары түрінің ықпалын сипаттайтын S коэффициентіне және құрылыстың жауапкершілігін сипаттайтын γ_1 коэффициентіне көбейтілген ІА типті топырақ жағдайлары үшін топырақтың есептік үдеуіне тең;
- $S_{De}(T)$ – орын ауыстырудағы серпімді реакциялардың спектрі;
- T_B – спектральды үдетулер графигінің тұрақты учаскесіндегі кезеңнің минималды мәні;
- $S_D(T)$ – реакциялардың есептік спектрі;
- β – көлденең компоненттер үшін есептік спектрдің төменгі шегінің көрсеткіші;
- k – жылжыту кезіндегі тірек бөлігінің қаттылығы;
- G – резеңкенің жылжу модулі;
- A – тірек бөлігінің көлденең қимасының ауданы;
- γ – жылжу деформациясы;
- S – пішін коэффициенті;
- LRB – демпфирлеудің аз коэффициентімен қорғасын өзегі бар резеңкеден жасалған резеңке-металл тірек бөліктері;
- K_R – қорғасын-резеңкелі тірек бөлігі резеңкесінің қаттылығы;
- K_L – қорғасын-резеңкелі тірек бөлігінің қорғасын өзекшесінің қаттылығы;
- d_y – аққыштыққа сәйкес орын ауыстыру;
- d_{cd} – сейсмоқшаулағыш жүйенің есептік орын ауыстыруы;
- d_{bd} – сейсмоқшаулағыш жүйенің d_{cd} есептік орын ауыстыруына сәйкес сейсмоқшауландырғыштың есептік орын ауыстыруы;
- E_D – сейсмоқшаулағыш жүйенің d_{cd} есептік орын ауыстыруы кезіндегі бір циклдегі шашыраңқы энергиясы;
- F_y – монотонды жүктеме жағдайларындағы аққыштық күйі;
- F_0 – циклдік жүктеу кезіндегі нөлдік орын ауыстыруға сәйкес күш;
- F_{max} – есептік орын ауыстыруға сәйкес максималды күш;
- K_e – монотонды жүктеу кезінде бисызықтық гистерезисті сейсмоқшаулағыш құрылғының серпімді қаттылығы;
- K_p – бисызықтық гистерезисті сейсмоқшаулағыш құрылғының серпімділік шектерінен тыс қаттылығы;
- $LDRB$ – демпфирлеу коэффициенті аз табиғи немесе синтетикалық резеңкеден жасалған резеңке-металл тірек бөліктері;
- $HDRB$ – демпфирлеу коэффициенті көп табиғи немесе синтетикалық резеңкеден жасалған резеңке-металл тірек бөліктері;

- G_L – ыдырайтын энергияның шамасын сипаттайтын ығысу модулі;
 G_S – қор жиюшы энергияның шамасын сипаттайтын ығысу модулі;
 F_{max} – есептік орын ауыстыруға сәйкес максималды күш;
 N_{sd} – сейсмооқшаулағыш жүйе арқылы берілетін осьтік күш;
 R – сфералық сырғанау бетінің радиусы;
 K_{eff} – есептік орын ауыстыруға d_{cd} тең ығысу кезінде негізгі көлденең бағыттағы сейсмооқшаулағыш жүйенің қаттылығы;
 T_{eff} – сейсмооқшаулағыш жүйенің кезеңі;
 ξ_{eff} – сейсмооқшаулағыш жүйенің тиімді демпфирлеу коэффициенті;
 d_b – сейсмооқшаулағыш құрылғының орын ауыстыруы;

1.5 Халықаралық бірліктер жүйесі БЖ

1.5.1 ISO 1000 сәйкес БЖ бірліктері қолданылуы тиіс.

1.5.2 Есептеулер кезінде келесі өлшем бірліктерін қолдану ұсынылады:

- күш және жүктемелер: кН, кН/м, кН/м²;
- меншікті салмақ (тығыздық): кг/м³, т/м³;
- салмақ: кг, т;
- меншікті салмақ: кН/м³;
- кернеу және беріктік: Н/мм² (= МН/м² немесе МПа), кН/м² (=кПа);
- моменттер (иілу, және т.б.): кНм;
- үдету: м/с², g(=9,81м/с²).

2 НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР ЖӘНЕ СӘЙКЕСТІК КРИТЕРИЙЛЕРІ

2.1 Есептік сейсмикалық әсер ету

2.1.1 Сейсмикалық әсер етудің негізгі көрінісі

2.1.1.1 [2.1(1)P] Осы нормативтік құжат шектерінде жобалау қағидалары есептік сейсмикалық әсерлер (A_{Ed}) кезінде ҚР ҚН EN 1998-1:2004 2.2.2-тармағына сәйкес бұзылулардың болмау талаптарын әзірлеумен жасалады.

2.1.1.2 [2.1(2)P] Егер басқасы аталмаса, ҚР НТҚ 08-01.1-2012 сәйкес есептік сейсмикалық әсерлердің серпімді спектрі қолданылады. ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2012 сәйкес эквивалентті сызықтық есептеу әдісін 4.1.6 (әрекет еу q коэффициентін қолдану арқылы) қолдану мүмкіндігі үшін спектр ретінде ҚР НТҚ 08-01.1-2012, 4.2.5 сәйкес есептік спектрді қолдану ұсынылады.

2.1.1.3 Кеңістікте сейсмикалық әсерлерді өзгертулерді ескеру қажет жағдайлар және осы өзгертулерді есепке алу тәсілдері (3.1.1 ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012 сәйкес) 10.2.1-тармақта берілген.

2.1.1.4 Сейсмикалық әсері A_{Ed} ҚР НТҚ 08-01.1-2012 талаптарына сәйкес анықталады.

ҚР НТҚ 08-02.1-2013

2.1.1.5 ҚР НТҚ 08-01.1-2012, 4.1.1-тармағына сәйкес, сейсмикалық әсерлердің қарқындылығын сипаттайтын және көпірлердің бұзылуларының болмау талаптарын тексеру кезінде назарға алынатын үдеудің есептік мәндерін (a_g) ОСЗІ-1₄₇₅ және ОСЗІ-1₂₄₇₅ карталары бойынша анықталған үдетудің $a_{gR(475)}$ және $a_{gR(2475)}$ референттік мәндерін және құрылыстың жауапкершілік коэффициентінің мәндерін ескере отырып анықтау керек.

2.1.1.6 ҚР НТҚ 08-01.1-2012, 4.1.2-тармағына сәйкес бұзылулардың болмауы бойынша талаптарды тексеру кезінде ескерілген үдетудің есептік мәні (a_g) ретінде екі мәnnің үлкенін қабылдау керек:

$$\gamma_1 \cdot a_{gR(475)}, \quad (2.1)$$

немесе

$$\gamma_1 \cdot \frac{2}{3} a_{gR(2475)}, \quad (2.2)$$

мұндағы γ_1 – жауапкершілік коэффициенті, оның мәнін көпір құрылысының жауапкершілік класына байланысты тағайындау керек.

ЕСКЕРТПЕ 1 (2.2) формуладағы $2/3$ ($\approx 0,667$) коэффициент коллапстың алдын алу үшін құрылысқа ие болуы тиіс минималды беріктік қорын сипаттайды.

ЕСКЕРТПЕ 2 Арнайы құрылыс түрлерін есептеу үшін қажетті сейсмикалық әсерлердің қосымша параметрлері ҚР ҚН EN 1998-1:2004 сәйкесінше бөлімдерінде және оларға берілген сәйкесінше Құралдарында берілген.

2.1.1.7 [2.1(4)P] Көпірлер адамдардың өмірі үшін көпірлер қираған жағдайда салдарының ауырлығына байланысты жауапкершілік кластары бойынша, олардың коммуникациялық маңыздылығы бойынша, атап айтқанда, тікелей жер сілкінісінен кейін, сонымен қатар олардың бұзылуының экономикалық салдарлары бойынша жіктеледі.

2.1.1.8 ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012 берілген ұлттық қосымшаға сәйкес көпірлердің үш жауапкершілік класы қарастырылады:

- II жауапкершілік класына (қалыпты жауапкершілік деңгейі), әдеттегідей, I және III жауапкершілік кластарына жатқызуға болатын көпірлерді қоспағанда, автожол және темір жол көпірлерінің көпшілігі жатады;

- III жауапкершілік класына (жоғары жауапкершілік деңгейі) коммуникациялық құралдардың функциясын орындайтын критикалық мәндегі көпірлер, соның ішінде тікелей жер сілкінісінен кейінгі кезеңде бұзылуы көптеген құрбанға ұшырау қаупі бар көпірлер, сонымен қатар есептік қызмет ету қызметі қалыпты кезеңнен асатын көпірлер жатады.

- I жауапкершілік класына (төменгі жауапкершілік деңгейі), егер келесі талаптар орындалатын болса, осы көпірлерді жатқызуға болады:

- көпір критикалық коммуникациялық байланыс құралы болып табылмайды;

- 50 жыл ішінде есептік қызмет ету мерзімін қабылдауға арналған көпірлер экономикалық тұрғыдан ақталмаған.

ЕСКЕРТПЕ Жоғарыда берілген жіктеу ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011, B3.1-қосымшасына сәйкес CC1, CC2 және CC3 кластарына сәйкес келеді.

2.1.1.9 Жауапкершілік кластары ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012 берілген ұлттық қосымшаға сәйкес жауапкершілік коэффициенттерімен γ_i сипатталады.

2.1.1.10 Көпірлердің жауапкершілік коэффициенттерін келесі түрде қабылдау керек:

- I жауапкершілік класына жататын көпірлер үшін $\gamma_I = 0.85$;
 II жауапкершілік класына жататын көпірлер үшін $\gamma_I = 1.00$;
 III жауапкершілік класына жататын көпірлер үшін $\gamma_I = 1.30$.

2.2 Негізгі талаптар

2.2.1 Жалпы ережелер

2.2.1.1 Сейсмикалық аймақтардағы жобалау ережелерін регламенттейтін жаңа нормативтік құжаттар жер сілкіну әсерлеріне байланысты сейсмикалық қауіп-қатерді «абсолюттік» минимумға» киюластыру мүмкін емес дерегін түсінумен негізделеді.

2.2.1.2 Көпірлерді есептеу бойынша нормативтік құжаттар қатты жер сілкінісіне ұшыраған конструкцияларда адамдардың қауіпсіздігіне қауіп төндірмейтін шектеулі зақымданулардың туындау мүмкіндігіне жол бермейді.

2.2.1.3 Көпірлерді жобалау келесі екі талапты қанағаттандыруға бағытталуы тиіс:

- бұзылулардың болмауы бойынша талап (критикалық шекті күйі);
- зақымдануларды (залалды) барынша азайту бойынша талаптар.

Бұзылулардың болмауы бойынша және зақымдануларды азайту бойынша талаптарда сандық анықтамалар жоқ және мәні бойынша сапалы сипатты бар.

2.2.2 Бұзылулардың болмауы бойынша талаптар (критикалық шекті күйі)

2.2.2.1 [2.2.2(1)P] Есептік сейсмикалық әсерлерден кейін көпірдің кейбір элементтері зақымданғанмен, көпір өзінің конструкциялық бүтіндігін және қалған көтергіш қабілеттігін сақтауы тиіс.

2.2.2.2 [2.2.2(2)] Тіректерде кейбір қималардың қалған деформацияларына (яғни, икемділік деформация аймақтарының түзілуі) жол беріледі. Сейсмикалық оқшаулау болмаған жағдайда осындай иілу деформациялары қарапайым сейсмикалық төзімді көпірлерді салу шығындарымен салыстырғанда көпір құрылысына жұмсалған қосымша шығындардың орынды ұлғаюына сәйкес деңгейге дейін есептік сейсмикалық әсер етуді төмендету үшін жоғары сейсмикалық аумақтарда қарастырылады.

2.2.2.3 [2.2.2(3)] Сонымен қатар, көпірдің аралық құрылысы екінші деңгейлі элементтердің: температура жіктерінің, тұтас плиталардың (2.3.2.2(4)-тармақшасын қараңыз) және парапеттердің жергілікті зақымдануларының алдын алуын ескерумен жобалануы тиіс.

2.2.2.4 [2.2.2(4)] Егер есептік сейсмикалық әсер етуде көпірдің есептік қызмет ету мерзімі ішінде елеулі арту P_{NCR} мүмкіндігі бар болса, жобалау зақымдануға төзімді конструкцияларды тұрғызуға бағытталуы тиіс. Есептік сейсмикалық әсерлер кезінде энергияны ыдыратуға қатысу есебінен зақымдануларға қабілетті көпірдің бөлігі көпір жылдам жөнделіп және жер сілкінісінен кейін бірден төтенше құтқару қызметтері қолданатындай етіп жобалануы тиіс.

ҚР НТҚ 08-02.1-2013

2.2.2.5 [2.2.2(5)] Егер есептік сейсмикалық әсер етуде көпірдің есептік қызмет ету мерзімі ішінде артудың P_{NCR} төменгі мүмкіндігі бар болса, сейсмикалық белсенділік қолданыстағы ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012, 2.2.2(5)-тармақшасындағы нормаларға сәйкес кездейсоқ құбылыс ретінде қарастырылуы мүмкін. Бұл жағдайда 2.2.2.3 және 2.2.2.4-тармақтарындағы талаптар жеңілдетілуі мүмкін.

2.2.2.6 Төменгі сейсмикалық жағдайлар ретінде ҚР НТҚ 08-01.1-2012, 4.1.3-тармағына сәйкес $a_g \cdot S$ туындысын $0,1g$ ($0,98 \text{ м/с}^2$) аспайтындай қабылдау ұсынылған кезде әсерлерді қарастыру керек.

2.2.2.7 Өте төмен сейсмикалық жағдайлар ретінде ҚР НТҚ-08-01.1-2012, 4.1.4-тармағына сәйкес $a_g \cdot S$ туындысын $0,05g$ ($0,49 \text{ м/с}^2$) аспайтындай қабылдау ұсынылған кезде әсерлерді қарастыру керек.

2.2.2.8 Өте төмен сейсмикалық жағдайларда, ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 сәйкес, ҚР ҚН EN 1998 ережесін қабылдаудың қажеті жоқ.

2.2.3 Зақымдануларды (залалды) барынша азайту бойынша талаптар

2.2.3.1 [2.2.3(1)P] Жоғары қайталау ықтималдығы бар сейсмикалық әсер екінші деңгейлі элементтердің, сонымен қатар энергияны ыдыратуға қабілетті көпірдің бөліктерін шамалы зақымдануларға алып келуі мүмкіндігіне жол беріледі. Көпірдің басқа қалған бөліктері зақымданбаған күйінде қалуы тиіс.

2.3 Сәйкестік критерийі

2.3.1 Жалпы ережелер

2.3.1.1 [2.3.1(1)P] 2.2-бөлімшесінің негізгі талаптарын қанағаттандыру үшін көпірдің конструкциясы төменде ұсынылған критерийлерге сәйкес келуі тиіс. Жалпы критерийлер «бұзылулардың болмау талаптарын», 2.2.2-тармағын орындаумен, және «ықтимал зақымдануларды барынша азайту талаптарын», 2.2.3-тармағын орындаумен жасалады.

2.3.1.2 [2.3.1(2)] ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012 ұсынылған критерийлерге сәйкестік 2.2-бөлімшесінің барлық негізгі талаптарын қанағаттандырады.

2.3.1.3 [2.3.1(3)P] Сәйкестік критерийлері белгілі сейсмикалық әсерге есептелген көпірдің әрекетіне байланысты. Көпірдің әрекетінің түрі 2.3.2-тармағының ережелеріне сәйкес таңдалуы мүмкін.

2.3.2 Сейсмикалық әсер ету кезінде құрылыстың бет алыс түрлері

2.3.2.1 Жалпы ережелер

2.3.2.1.1 ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012 сәйкес сейсмикалық әсерлер жағдайларында көпірлердің әрекеті төрт түрде сипатталуы мүмкін:

IE — серпімді дұрыс әрекет;


E — серпімді елеулі әрекет;

LD — шектеулі икемді әрекет;

D — икемді әрекет.

2.3.2.1.2 Әрекет түрлері 2.1-суретте көрсетілген орын ауыстырудың ауқымды

күшіне тәуелді сипатталады (сонымен қатар ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012 4.1-кестені қараңыз)



Шартты белгілері

- q — әрекет коэффициенті;
- IE — дұрыс серпімді әрекеті;
- E — елеулі серпімді әрекеті;
- LD — шектеулі икемділік әрекеті;
- D — икемділік әрекеті.

2.1-сурет — «Сейсмикалық жүктеме–орын ауыстыру» тәуелділігі

2.3.2.1.3 [2.3.2.1(1)P] Көпір есептік сейсмикалық әсер жағдайларында оның әрекеті сейсмикалық алаңға, сонымен қатар сейсмикалық оқшаулау немесе қандай да бір басқа құрылғылар қолданатындығына байланысты икемді немесе шектеулі икемді/серпімді болатындай етіп жобалануы тиіс.

2.3.2.1.4 Сейсмооқшаулағышы бар көпірлерді есептеу кезінде құрылыстың серпімді және шектеулі икемділік әрекетіне жол беріледі.

2.3.2.2 Икемділік әрекеті

2.3.2.2.1 [2.3.2.2(1)] Орташа және жоғары сейсмикалық белсенділігі бар аудандарда икемділік әрекеті бар көпірлерді (экономикалық себептермен де, қауіпсіздікті түсіну бойынша да) дұрыс деп санайды, яғни көпір қатты жер сілкіну жағдайларында келетін энергияның елеулі мөлшерін ыдырату күйінде болуы тиіс. Бұл иілу кезінде икемділік деформация аймақтарының қалыптасу есебінен, немесе ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012 7-бөлімге сәйкес сейсмооқшаулағыш құрылғыларды қолдану нәтижесінде орын алады. Төменде иілу кезінде икемділік деформация аймақтарының пайда болу есебінен қол жеткізілетін икемді әрекеті қарастырылады.

2.3.2.2.1 [2.3.2.2(2)P] Икемділік әрекеті бар көпірлер иілу кезінде икемділік топсалардың түзілуі барысында конструкцияда жартылай немесе толық орнықтылық болатындай жобалануы тиіс. Мұндай топсалар әдетте тіректерде пайда болады және энергияны ыдырататын негізгі элементтердің функциясын орындайды.

2.3.2.2.3 [2.3.2.2(3)] Мүмкіндігінше икемділік деформация аймақтары қарау және жөндеу үшін қол жетімді қималарда пайда болуы тиіс.

ҚР НТҚ 08-02.1-2013

2.3.2.2.4 [2.3.2.2(4)P] Көпірдің аралық құрылысы серпімді кезеңде жұмыс істеуі тиіс. Бұл жағдайда алдын ала кернеуленген жеке іргелес бетон арқалықтары аралығында тұтас жабынды қамтамасыз ететін иілгіш икемді бетон плиталарда икемділік деформация аймақтарының (көлденең оське қатысты иілу кезінде) пайда болуына жол беріледі.

2.3.2.2.5 [2.3.2.2(5)P] Икемділік деформация аймақтары темірбетон қималарында пайда болмауы тиіс, мұнда ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012, 5.3(4)-тармағына сәйкес анықталған η_k нормаланған осьтік күш 0,6 мәнінен асады.

2.3.2.2.6 [2.3.2.2(6)P] ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012 алдын ала кернеуленген элементтерде және кейінгі кернеуі бар элементтерде иілімділіктің туындауының алдын алатын шаралар қарастырылмайды. Сондықтан мұндай элементтерде есептік сейсмикалық әсерлер кезінде икемділік деформация аймақтарының пайда болуына жол берілмейді.

2.3.2.2.7 Иілетін икемділік топсалар барлық көпір тіректерінде қалыптасуы міндетті емес. Дегенмен, серпімділік шектерінен тыс көпірдің онтайлы сейсмикалық әрекетіне икемділік топсалар мүмкіндігінше тіректердің ең көп мөлшерінде шамамен бір уақытта пайда болатын жағдайда ғана қол жеткізіледі.

2.3.2.2.8 [2.3.2.2(8)] Конструкциялардың иілу кезінде икемділік деформация аймақтарын қалыптастыру қабілеттігі энергияны ыдыратуды және конструкцияның икемділік әрекетін қамтамасыз ету үшін қажет.

ЕСКЕРТПЕ Тек қарапайым әлсіз-демпфирлеуші эластомерлі тірек бөліктеріне тірелетін көпірлердің деформациясында негізінде серпімді сипаты бар және икемділік әрекетін қалыптастыруға алып келмейді (4.1.6(11)P қараңыз, ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012).

2.3.2.2.9 [2.3.2.2(9)] Күштің орын ауыстыруға тәуелділігі аққыштықтың елеулі алаңымен сипатталуы тиіс және энергияның гистерезисті ыдырауын, ең кемінде серпімді емес деформацияның бес циклі ішінде қамтамасыз етуі тиіс.

ЕСКЕРТПЕ Кейбір тіректерде қолданылатын эластомерлі тірек бөліктері басқа тіректердегі монолитті тірек бөліктерімен комбинациясында басқа тірек элементтерінде икемділік деформация аймақтарының түзілуі кезінде орын ауыстырудың ұлғаюына байланысты кедергі күшінің ұлғаюына алып келуі мүмкін. Дегенмен, кедергі күшінің ұлғаюы икемділік топсалардың түзілу нәтижесінде біршама кемуі мүмкін.

2.3.2.2.10 [2.3.2.2(10)] Сырғанайтын немесе иілгіш құрылғыларды (сырғанайтын тірек бөліктері немесе серпімді эластомерлі тірек бөліктері) пайдалану арқылы аралық құрылыстармен жалғанған көпірдің тірек элементтері (аралық тіректер және тіреулер) жалпы есептік әсерлер кезінде серпімді болып қалуы тиіс.

2.3.2.3 Шектеулі икемді әрекет

2.3.2.3.1 [2.3.2.3(1)] Есептік сейсмикалық әсерлер кезінде шектеулі икемді әрекет ететін конструкцияларда қию қаттылығын біршама азайтумен аққыштық аумағы көрінбеуі мүмкін. «Күш-орын ауыстыру» тәуелділігін анықтайтын функцияларда тұрақты күшке сәйкес келетін кесікті салу талап етілмейді. Мінсіз серпімді әрекеттен мұндай ауытқу энергияның кейбір гистерезисті ыдырауын қамтамасыз етеді. Осыған ұқсас әрекет әрекеттің коэффициенті $q \leq 1,5$ мәніне сәйкес келеді және осы Құралдың терминдерінде «шектеулі икемділік» деп аталады.

ЕСКЕРТПЕ $1 < q < 1,5$ диапазонындағы q шамасының мәні, ең бастысы, есептік сейсмикалық әсерлер кезінде есептік және ықтимал беріктік арасындағы айырмашылықпен келісілген.

2.3.2.3.2 [2.3.2.3(2)] Сейсмикалық әсеріне реакциясы өте жоғары меншікті ауытқу

түрлерінің тиімділіктерімен анықталуы мүмкін (мысалы, аспалы арқан көпірлер) немесе икемділік топсалардың икемділігін нақты есептеу кезінде сенімсіз болуы мүмкін (мысалы, жоғары осьтік күшке немесе ығысу шамасының аралық ұзындығына аз қатынасына байланысты) көпірлер үшін әрекет коэффициентін $q = 1$ қолдану ұсынылады, бұл серпімді әрекетке сәйкес келеді.

2.3.3 Беріктікті тексеру

2.3.3.1 [2.3.3(1)P] Икемді әрекеті бар көпірлерді есептеу барысында есептік сейсмикалық әсер етуді сақтау үшін икемділік деформация аймақтарының учаскелерінде жеткілікті иілу беріктігінің бар екендігін тексеру керек (5.5-тармақты қараңыз ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012). Икемділік деформация аймақтарының ығысу кедергісі, сонымен қатар қалған учаскелердің ығысу және иілу кедергісі 2.3.4 және 5.3 ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012 сәйкес жоба жүктемелеріне төзетіндей етіп есептелуі тиіс.

2.3.3.2 [2.3.3(2)] Шектеулі икемді әрекетке есептелген көпірлерде сейсмикалық әсер етуді ұстауы үшін барлық қималардың жеткілікті беріктікке ие екендігін тексеру керек (5.5 және 5.6.2 ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012 қараңыз).

2.3.4 Көтергіш қабілеттігін тексеру

2.3.4.1 [2.3.4(1)P] Икемді әрекеті бар көпірлер үшін көтергіш қабілеттігін тексеру әртүрлі конструкция элементтерінің белгілі беріктік сатыларын қамтамасыз етуі тиіс. Бұл есеп икемділік деформация аймақтарының белгілі конфигурациясының қалыптасуына және морт сыну жағдайларын болдырмауға кепілдік беруі тиіс.


2.3.4.2 [2.3.4(2)P] ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1: 2009/2012 сәйкес 2.3.4.1-тармақты орындауға «есептік көтергіш қабілеттігін» ескере отырып морт сыну шартымен серпімді болып қалуы тиіс барлық элементтерді есептеу арқылы қол жеткізіледі. Мұндай тиімділіктер ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012 5.3-тармағына сәйкес барлық икемділік деформация аймақтарында иілу кезінде кедергінің шекті мәндеріне қол жеткізілген кезде икемділік механизмдердің тепе-теңдік шартымен анықталады.

2.3.4.3 [2.3.4(3)] Шектеулі икемді әрекеті бар көпірлер үшін көтергіш қабілеттігін есептеуді орындау талап етілмейді.

2.3.5 Қосылыстар - Жылжуды бақылау - Конструкциялау

2.3.5.1 Тиімді қаттылық — Есептік сейсмикалық әсер кезіндегі орын ауыстыру

2.3.5.1.1 [2.3.6.1(1)P] Эквивалентті сызықтық талдау әдістерін қолданған кезде әрбір элементтің қаттылығы есептік сейсмикалық әсер кезінде максималды кернеулерде қиюшы қаттылыққа сәйкес келуі тиіс. Икемділік деформация аймақтары бар элементтер үшін бұл шарт аққыштықтың теориялық нүктесі арқылы жүргізілген көлбеумен анықталатын қиюшы қаттылыққа сәйкес келеді (2.2-суретті қараңыз).



Сол жақта: қисық сызықтың конструкциялық болат үшін икемділік деформация аймақтары пайда болған кезде «бұру бұрышы моментіне» тәуелділігі.

Оң жақта: қисықтың темірбетон элементтерінің «қисық моментіне» тәуелділігі.

2.2-сурет — Икемділік деформациялар кезінде моменттердің деформацияға тәуелділігі

2.3.5.1.2 [2.3.6.1(2)] Икемділік әрекетті ескерумен есептелетін темірбетон элементтері үшін дәл бағалау әдісі болмаған жағдайда есептік сейсмикалық әсер кезінде сызықтық талдауда (статикалық немесе динамикалық) қолданылатын тиімді иілу қаттылығы келесі түрде анықталуы мүмкін:

— Темірбетон тіректер үшін: теориялық аққыш нүктесіндегі қию қаттылығын қолдану арқылы анықталатын мән қолданылады.

— Алдын ала кернеуленген немесе қарапайым темірбетон аралық құрылыстары үшін сызаттары жоқ бетон қималары қаттылығының брутто мәні қолданылады.

2.3.5.1.3 [2.3.6.1(3)] Шектеулі икемділігін ескере отырып көпірлерді есептеу барысында 2.3.5.1.2-тармағының талабы қолданылуы мүмкін, немесе барлық конструкцияға сызаттары жоқ бетон қималарының иілгіш қаттылықтарының брутто мәндерін қолдануға болады.

2.3.5.1.4 [2.3.6.1(4)] Икемді көпірлер үшін және шектеулі икемділігі бар көпірлер үшін сызаттары жоқ аралық құрылыстардың бұрау қаттылығымен салыстырғанда темірбетон аралық құрылыстардың бұрау қаттылығын барынша төмендетуді ескеру керек. Егер есептеудің дәл әдісі болмаса, сызаттары жоқ брутто қималардың бұрау қаттылығын азайтудың келесі бағалауларын қолдануға болады:

— ашық қималар немесе плиталар үшін бұрау қаттылығы ескерілмеуі мүмкін;
— алдын ала кернеуленген қорапты қималар үшін: сызаттары жоқ брутто қию қаттылығы 50 %;

— темірбетон қорапты қималар үшін: сызаттары жоқ брутто қию қаттылығы 30 %.

2.3.5.1.5 [2.3.6.1(5)] Икемді көпірлер үшін және шектеулі икемділігі бар көпірлер үшін 2.3.5.1.2 және 2.3.5.1.3-тармақтарына сәйкес талдау нәтижесінде алынған орын ауыстыру мәндерін талдау барысында қолданылған элементтің иілу қаттылығына (а) қатысты талдау нәтижесінде алынған кернеу деңгейіне сәйкес келетін иілу қаттылығының

мәніне (b) көбейту керек.

ЕСКЕРТПЕ Эквивалентті сызықтық талдауды қолданған кезде (ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012, 4.1.6(1)P қараңыз), тиімді қаттылықтың көтерілуі сейсмикалық әсерге есептеу кезінде беріктік қорына алып келеді. Бұл жағдайда есептеуден кейін моменттердің алынған тендеулеріне сәйкес келетін иілу қаттылығын ескере отырып ығысуды түзету керек. Екінші жағынан, егер бастапқы қабылданған тиімді қаттылық есептеу барысында алынған кернеуге сәйкес келетін қаттылықтан біршама төмен болғанда тиімді қаттылықтың дәл аппроксимациясын алу үшін есептеуді қайталау керек.

2.3.5.1.6 [2.3.6.1(6)P] Егер ҚР НТҚ 08-01.1-2012 сәйкес есептік спектрге негізделген сызықтық сейсмикалық талдау қолданылса, есептік сейсмикалық әсерлер кезінде d_E орын ауыстыруды келесі түрде анықталған d_{Ee} орын ауыстыру арқылы көрсетуге болады:

$$d_E = \pm \eta \mu_d d_{Ee}, \quad (2.3)$$

мұндағы η - ҚР НТҚ 08-01.1-2012 көрсетілген, ξ демпфирлеу параметрлерінің мәндерін ескере отырып анықталатын, ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012, 4.1.3(1)-тармақта берілген демпфирлеудің түзетуші коэффициенті.

2.3.5.1.7 [2.3.6.1(7)] Егер d_{Ee} орын ауыстыру ҚР НТҚ-08-01-2012 ($q = 1.0$) сәйкес серпімді спектрді қолдану арқылы сызықтық есептеу нәтижесінде анықталса, онда d_E есептік ығысу d_{Ee} шамасына тең болып қабылдануы тиіс.

2.3.5.1.8 [2.3.6.1(8)P] Орын ауыстырудың икемділік коэффициенті келесі түрде анықталады:

— егер жеке тербелістердің T негізгі кезеңі қарастырылып отырған көлденең бағытта $T > T_o = 1,25T_C$ құрайтын болса, мұндағы ҚР НТҚ 08-01.1-2012, 4.2.2.1 сәйкес анықталатын T_C — кезең, онда:

$$\mu_d = q, \quad (2.4)$$

— егер $T < T_o$, онда:

$$\mu_d = (q-1) \frac{T_o}{T} + 1 \leq 5q - 4, \quad (2.5)$$

мұндағы q — d_{Ee} параметрін есептеу барысында қолданылған әрекет коэффициентінің мәні.

2.3.5.1.9 [2.3.6.1(9)P] Уақытша аумақта сызықтық емес талдауды қолдану барысында икемділік элементтердің деформациялық сипаттамалары екі тармақ: жүктеу және түсіру үшін серпімділік шегінен тыс олардың нақты әрекетін, сонымен қатар қасиеттерінің ықтимал нашарлау әсерлерін аппроксимациялауы тиіс (4.2.4.4-т. қараңыз ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012).

2.3.5.2 Қосылыстар

2.3.5.2.1 [2.3.6.2 (1)P] Тіреуіш және ұстап тұратын элементтер арасындағы қосылыстар конструкциялық бүтіндігін қамтамасыз ететіндей және қатты сейсмикалық ығысулар жағдайларында аралық құрылыстардың тіректерден түсуінің алдын алатындай етіп жобалануы тиіс.

2.3.5.2.2 [2.3.6.2(2)] Егер осы бөлікте басқасы қаралмаса, конструкциялық бүтіндікті

камтамасыз ету үшін қолданылатын тіректер, косу элементтері және бекіткіштер көтергіш қабілеттігін ескере отырып жобалануы тиіс (5.3, 6.6.2.1, 6.6.3.1 және 6.6.3.2-т. қараңыз ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012).

2.3.5.2.3 [2.3.6.2(3)] Жаңа көпірлерде түсірудің алдын алу мақсатында жылжымалы қосылыстар нүктелерінде ұстап тұратын және тірелген элементтер арасындағы (айқыш түйіспелер) тірек беттерінің ұзындығын ұлғайтуды қарастыру керек (6.6.4-т. қараңыз ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012).

2.3.5.2.4 [2.3.6.2(4)] Қолданыстағы көпірлерді реконструкциялау барысында айқышталған түйісулер құрылғысының эквиваленті ретінде ұстап тұратын және тірелген элементтер арасындағы байланыстарды қолдануға болады (ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012) (6.6.1(3)Р, 6.6.3.1(1)-тармақшаларын қараңыз).

2.3.5.3 Жылжуды бақылау — Конструкциялау

2.3.5.3.1 [2.3.6.3(1)Р] Жалпы икемділікті камтамасыз етуден басқа есептік сейсмикалық әсерлер кезінде ықтимал орын ауыстыруларды ескеру үшін көтергіш және конструктивтік емес элементтерді орындау керек.

2.3.5.3.2 [2.3.6.3(2)Р] Критикалық және негізгі конструктивтік элементтерді қорғау үшін олардың арасындағы сәйкесінше саңылауларды қарастыру керек. Саңылаулар есептік сейсмикалық ісерлер кезінде жалпы жобалау ығысуын d_{Ed} камтамасыз ету үшін қажет, ол келесі формуламен анықталады:

$$d_{Ed} = d_E + d_G + \psi_2 d_T, \quad (2.6)$$

мұндағы келесі ығысулар аса қолайсыз белгілермен қойылады:

d_E — ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012, 2.3.6.1 сәйкес есептік сейсмикалық ығысу;

d_G — тұрақты және квазитұрақты әсермен туындайтын ұзақ мерзімді ығысу (мысалы аралық құрылыстың бетон арқалықтарының кейінгі керілуі, шөгуді және жылжығыштығы);

d_T — температуралық өзгертулермен туындайтын ығысу;

ψ_2 — ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 сәйкес жылу әсерінің квазитұрақты мәндері үшін үйлесімділік коэффициенті, А2.1, А2.2, немесе А2.3-кестелер.

Есептік сейсмикалық әсерлер кезінде жалпы жобалық ығысу шамасын есептеу барысында екінші тәртіпті тиімділіктер, оларда белгілі мәнділік болған жағдайда ескерілуі тиіс.

2.3.5.3.3 [2.3.6.3(3)] Көпірдің екі кесік аралықтары арасындағы d_E салыстырмалы есептік сейсмикалық ығысу 2.3.6.1 ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012 сәйкес әрбір аралық үшін анықталған есептік сейсмикалық мәндерінің шаршы сомаларынан алынған шаршы түбірі ретінде бағалануы мүмкін.

2.3.5.3.4 [2.3.6.3(4)Р] Негізгі конструктивтік элементтердің болжанбайтын қосалқы екпіні нәтижесінде туындаған үлкен шаманың соққы әсерлері икемді/серпімді элементтермен немесе арнайы энергия сіңіретін құрылғылармен (буферлермен) алдын алуы тиіс. Мұндай элементтерде қалай болғанда да есептік сейсмикалық әсерлер кезіндегі ығысудың жалпы есептік шамасына тең люфт болуы тиіс, d_{Ed} .

2.3.5.3.5 [2.3.6.3(5)] Есептік сейсмикалық әсерлер жағдайларында зақымдануды алуы мүмкін құрылыстың көтергіш емес элементтерін есептеу (мысалы, көпір төсемінің қозғалмалы түйістері және тіреулердің артқы қабырғалары) жол берілетін зақымдануларды және жөндеу мүмкіндігін ескеруі тиіс. Саңылаулар жылжығыштықтың және шөгудің ұзақ мерзімді әсерлерін ескерумен p_E және p_T сәйкес есептік сейсмикалық және жылу әсерлері кезінде орын ауыстырудың кейбір үлестерін қамтамасыз етуі тиіс, бұл жиі жер сілкіну жағдайларында зақымдануларды болдырмауға мүмкіндік береді.

Бұл параметрлер зақымданулардың алдын алу үшін қажетті материалдық шығындарды ескере отырып таңдалуы тиіс.

Келесі мәндер ұсынылады: $p_E = 0,4$ (есептік сейсмикалық ығысулар үшін); $p_T = 0,5$ (температуралық орын ауыстырулар үшін).

Темір жол көпірлерінің теңгермелі түйістерінде көлденең орын ауыстыру болмауы тиіс, немесе жылжымалы құраманың рельстен шығып кетуінің алдын алатын деңгейге дейін шектелуі тиіс.

2.3.6 Жеңілдетілген критерий

2.3.6.1 [2.3.7(1)] Төменгі сейсмикалық жағдайларда жеңілдетілген жобалау критерийлерін қолдануға жол беріледі.

2.4 Жобалау тұжырымдамасы

2.4.1 [2.4(1)] Сейсмикалық әсерлердің ықтимал салдарлары төменгі сейсмикалық жағдайдан бастап орташа сейсмикалық жағдайға дейінгі жағдайларда концептуалды жобалау кезеңінде қарастырылуы маңызды.

2.4.2 [2.4(2)] Төменгі сейсмикалық жағдайларда сейсмикалық әсерлер кезінде көпірдің әрекет ету режимін таңдау керек (2.3.2-қараңыз, ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012). Егер шектеулі икемділік режим таңдалса (немесе елеулі серпімді әрекет ету режимі), 2.3.7-тармағына сәйкес, ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012 жеңілдетілген критерийді қолдануға жол беріледі.

2.4.3 [2.4(3)] Орташа сейсмикалық жағдайдан бастап жоғары сейсмикалыққа дейінгі жағдайларда әдетте икемділік әрекет ету режимі таңдалады. Оны жүзеге асыру үшін икемділік механизмнің пайда болу мүмкіндігі немесе сейсмикалық оқшаулау және энергияны ыдырату құрылғыларын қолдану қарастырылады. Егер икемділік әрекет ету режимі таңдалса, 2.4.4 – 2.4.8-тармағының шарттарын сақтау талап етіледі.


2.4.4 [2.4(4)] Көлденең және көлбеу бағыттарда сейсмикалық әсерлерді қабылдайтын тірек элементтерінің (тіректер мен тіреулер) мөлшерін анықтау керек. Сейсмикалық әсерлер кезінде қималы емес аралық құрылыстары бар көпірлер көптеген қозғалмалы түйіспелері бар қималы көпірлерге қарағанда өздерін жақсы көрсетеді. Сейсмикалық әсерлер кезінде көпірдің оңтайлы әрекеті, егер икемділік деформация аймақтары тіректердің ең үлкен ықтимал мөлшерінде бір уақытта түзілген жағдайда ғана серпімділік шектеріне қол жеткізеді.

Бұл жағдайда, сейсмикалық әсерге кедергі жасайтын тіректердің саны аралық құрылыс және бойлық бағыттағы кейбір көпір тіреулері арасындағы сырғанайтын немесе

иілгіш бекіту элементтерін қолдану есебінен жалпы тірек санынан аз болуы мүмкін, олар температуралық әсерлер, шөгу және басқа сейсмикалық емес құбылыстар нәтижесінде аралық құрылыс деформациясын тудыратын кернеуді азайтады.

2.4.5 [2.4(5)] Белгілі теңгерім көлденең бағыттағы тіректердің беріктігі мен иілгіштігі арасында сақталуы тиіс. Үлкен иілгіштік есептік сейсмикалық әсерлер нәтижесінде туындайтын көлденең күштердің шамасын азайтады, бірақ түйіспелердегі және жылжымалы тіректердегі орын ауыстырудың ұлғаюына септігін тигізеді, бұл екінші тәртіпті жоғары әсерлердің пайда болуына алып келуі мүмкін.

2.4.6 [2.4(6)] Көлденең бағыттағы тіреулердің және іргелес тіректердің қаттылығы басқа тіректердің көлденең қаттылығынан біршама асатын қима емес көпірлерде (бұл қатты еңіс жерлері бар алқаптарда орын алады), 2.3-суретте көрсетілгендей көпір тіректері мен тіреулері арасында көлденең сейсмикалық әсерлерді жарамсыз таратудың алдын алу мақсатында биік емес тіректер мен тіреулерде көлденең сырғанайтын немесе эластомерлі тірек бөліктерін қолданған дұрыс.



Шартты белгілері:

А — жанынан қарағандағы түрі;

В — жоспар

2.3-сурет — Көлденең сейсмикалық күштерді орынсыз орналастыру

2.4.7 [2.4(7)] Энергияны ыдырату орындары қарау және жөндеу үшін оларға дұрыс қатынай алатындай етіп таңдалуы тиіс. Мұндай орындар сәйкесінше жобалау құжаттамасында анық белгіленуі тиіс.

2.4.8 [2.4(8)] Сейсмикалық әсерлер кезінде 2.4.7-т. басқа ықтимал немесе болжамды зақымдану орындары дәл теңестірілуі тиіс, ал оларды жөндеу қиындықтары барынша азайтылуы тиіс.

2.4.9 [2.4(9)] Өте ұзын көпірлер үшін немесе біркелкі емес топырақ формацияларын кесіп өтетін көпірлер үшін аралық жылжымалы түйіспелердің саны мен орналасқан орнын таңдау керек.

2.4.10 [2.4(10)] Әлеуетті белсенді тектоникалық бұзылуларды кесіп өтетін көпірлер үшін топырақтың ықтимал қозғалуын анықтап және бұл құбылыстарды конструкцияның

адекватты иілгіштігін қамтамасыз ету немесе қолайлы қозғалмалы қосылыстарды жасау арқылы ескеру керек.

2.4.11 [2.4(11)] Қажеттілігіне қарай ҚР ҚН EN 1998-5:2004/2012 ережелеріне сәйкес негіз топырақтарын ықтимал сиретуді бағалау үшін зерттеулер жүргізу керек.

3 СЕЙСМООҚШАУЛАУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ ЖӘНЕ СЕЙСМООҚШАУЛАҒЫШ ҚҰРЫЛҒЫЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

3.1 Жалпы ережелер

3.1.1 Көпірлер және әсіресе көп аралықты көпірлер жер сілкінісі кезінде осал болып табылады және елеулі зақымданулар алады, ал кейде қатты жер сілкінісі кезінде бұзылады. Сейсмооқшаулағыш құрылғылар жер сілкінісінің көпірге әсерін біршама бәсеңдетуге мүмкіндік береді.

3.1.2 [7.1(2)] Көпірлердің сейсмикалық әсерге реакциясы бірнеше тәсілдермен азайтылуы мүмкін (А қосымшасын қараңыз):

— конструкцияның жеке тербелістер кезеңін ұлғайту арқылы (реакция спектрі кезеңіндегі ығысу), нәтижесінде күштің кемуі, ығысулардың ұлғаюы орын алады;

— демпфирлеуді ұлғайту арқылы, бұл ығысуларды азайтуға алып келеді және күштік әсердің төмендеуіне алып келуі мүмкін;

— осы екі тәсілді бірге қолдану арқылы (ең қолайлы нұсқа).

3.1.3 Сейсмикалық белсенділігі жоғары аудандарда көпірлерді жобалайтын және салатын инженерлер осындай жағдайларда қолдануы қажет сейсмооқшауландырғыштардың әртүрлі түрлерін қолдана білуі тиіс.

3.1.4 Құралда көпірлерге арналған жаңа сейсмооқшауландырғыш құрылғылардың конструкциялары және оларға қойылған талаптар берілген.

3.1.5 [7.1(1)P] Құралда көлденең сейсмикалық әсерге реакциясын азайтуға арналған сейсмооқшаулағышы бар көпірлердің конструкциялары қарастырылады. Оқшауландырғыштар әдеттегідей аралық көпір тіректерінің/тіреулерінің жоғары бөлігінде аралық құрылыстың астына орналасатын бөлімнің бетіне орнатылады.

3.2 Сейсмооқшаулаудың негізгі тұжырымдамасы

3.2.1 Аса қарапайым, бірақ іс жүзінде жүзеге асырылмаған сейсмооқшаулағыш идеясы тербелмелі негіздің және құрылыстың бөлінуімен жасалады. Құрылысты серпімді тіректерге орнатуға және энергияның құрылысқа берілуін азайтуға болады, бірақ құрылысты негізінен толықтай оқшаулау мүмкін болмайды, сондықтан негіздің тербелуі әрқашан құрылысқа беріледі.

3.2.2 Құрылыстың сейсмикалық әсерлерге реакциясы резонанстың пайда болуына байланысты. Құрылыс тербелістерінің ұлғаюы сейсмикалық әсерлер спектріндегі энергияның таралуына және құрылыстың жеке жиіліктері сейсмикалық әсерлердің басымды жиіліктерге қаншалықты жақын екендігіне байланысты. Сонымен қатар резонанс аумағында тербелістердің ұлғаюына энергияның таралуын сипаттайтын шама да елеулі ықпал етеді.

3.2.3 Құрылыстың сейсмикалық әсерге реакциясын жүйенің динамикалық қасиеттерін өзгерту арқылы азайтуға болады, атап айтқанда конструкцияның жеке жиіліктері энергиясы көп жиілік аумағына түспейтіндей етіп модернизациялау керек. Егер құрылысқа берілетін энергияның мөлшерін кеміту мүмкін болмаса, арнайы демпфирлеуші құрылғыларды қосып, резонансқа жақын аумақтардағы құрылыстың реакциясын азайтуға болады.

3.2.4 Егер сейсмооқшаулағыш жүйесі дұрыс есептеліп және монтаждalған болса, жер сілкіністері кезінде үлкен деформациялар конструкция элементтерін емес, сейсмооқшаулағыш құрылғылардың серпімді элементтерін сынайды.

3.2.5 Энергияның ыдырауы негізінен құрылыс элементтерінің серпімді емес деформациялары есебінен емес, сейсмооқшаулағыш құрылғылардың элементтерінің деформациясы салдарынан орын алады.

3.2.6 Қажеттілігіне қарай ыдырайтын энергияны ұлғайту үшін сейсмооқшаулағыш құрылғылардың элементтері болып табылатын арнайы қосымша демпферлер орнатылады.

3.2.7 Жер сілкінісі кезінде құрылысқа түсетін энергияны ыдырату үшін қосымша құрылғыларды қолдану идеясы ғимараттарда, сол сияқты көлік құрылыстарында кең таралды.

3.2.8 Жоғарыда аталғандарды түйіндей келіп, сейсмооқшаулауды есептеу және конструкциялау келесі әрекеттер кезінде жасалатындығын айтуға болады:

а) біріншіден, жеке жиіліктері сейсмикалық әсерлердің басым жиілік аумағына түспейтін осындай құрылыс конструкциясын әзірлеуде;

б) екіншіден, құрылыстарды құрылыстағы энергияның берілісін азайтатын серпімді тіректерге орнатуда;

в) үшіншіден, жер сілкіністері кезінде құрылыстарға түсетін энергияны ыдырататын қосымша демпфирлеуші құрылғыларды орнатуда.

3.3 Сәйкестік критерийі

3.3.1 Жобалау барысында 3.2-тармағында көрсетілген негізгі талаптар орындалуы тиіс.

3.3.2 Есептік жер сілкінісі кезінде жоғарғы және төменгі құрылыстың сейсмикалық әсеріне реакциясы құрылыстың шектеулі әрекеті жағдайларында қарастырылуы тиіс ($q \leq 1,5$).

3.3.3 Егер көпір 7.4 және 7.5-тармақтарына сәйкес жобаланса және 7.6 және 7.7-тармақтарына ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012 сәйкес болса, көпірдің конструкциясы негізгі талаптарға жауап береді деп саналады.

3.3.4 Сейсмооқшаулағыш жүйенің беріктігі және бүтіндігі үшін сенімділікті арттыру талап етіледі, себебі орын ауыстыру кезінде оның орнықтылығында көпірдің қауіпсіздігі үшін критикалық мәні бар. Егер сейсмооқшауланған жүйе 7.6.2 ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012 талаптарына сәйкес жобаланған болса, оның жоғары сенімділік деңгейі бар болып саналады.

3.3.5 ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012 7.5.2.3.3(5) және 7.5.2.3.3(6)-тармақшаларына сәйкес қарапайым әлсіз-демпфирлеуші эластомерлі тірек бөліктерін және ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012 7.5.2.3.5(5)-тармақшасына сәйкес тегіс

сырғанайтын тіректерді қоспағанда, оқшауландырғыштардың барлық түрлері үшін элементтердің сипаттамалары тәжірибелі үлгілерді сынау нәтижелерімен расталуы тиіс.

ЕСКЕРТПЕ Егер prEN 15129:200X (антисейсмикалық құрылғылар) осы түрдегі үлгілерге сынау жүргізу бойынша талаптардың толық сипаттамасы жоқ болса, К ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012 ақпараттық қосымшада тәжірибелі үлгілерге сынау жүргізу бойынша нұсқаулықтар бар.

3.4 Арналуы және сейсмооқшаулағыш құрылғыларға қойылатын талаптар

3.4.1 Сейсмооқшаулағыш құрылғылар сейсмикалық әсерлер кезінде құрылыстардың бұзылуын алдын алуға немесе барынша азайтуға, сонымен қатар әртүрлі типтегі техногенді көздер арқылы: қозғалатын көлікпен, дірілдейтін механизмдермен және басқаларымен жасалатын діріл деңгейлерін төмендетуге арналған.

3.4.2 Сейсмооқшаулағыш құрылғыларға қойылатын негізгі талаптар:

- барлық элементтер және барлық құрылғы жалпы шекті рұқсат етілетіндерді қосқанда, барлық орын ауыстырулар кезінде орнықты болуы тиіс;
- серпімді элементтер орын ауыстыру үдеген кезде үдемелі кедергіге ие болуы тиіс;
- құрылғылардың элементтері айнымалы жүктемелердің әсерлері кезінде өз қасиеттерін өзгертпеуі тиіс;
- құрылғылардың элементтері құрылыстың қызмет ету мерзімінде өз қасиеттерін өзгертпеуі тиіс, тозған (ескірген) элементтерді ауыстыру тәсілдері қарастырылуы тиіс;
- құрылғылардың барлық элементтерінің параметрлері өлшенетін инженерлік сипаттамалармен жазылуы тиіс, оларды эксперименттік әдіс арқылы тексеруге болады.

3.4.3 Сейсмооқшаулағыш жүйенің параметрлері:

- жеке тербелістер кезеңінің ұлғаю шамасын бағалау үшін қажетті серпімділік коэффициенті;
- резонансты аумақтарда сейсмооқшауланған конструкциялардың орын ауыстыруын бағалау үшін қажетті демпфирлеуші құрылғылардың энергиясын диссипациялау коэффициенті;
- шағын жүктемелер: жел, орташа және әлсіз жер сілкіністерінің әсерлері кезінде сейсмооқшаулағыш жүйенің қаттылық коэффициенті.

4 СЕЙСМИКАЛЫҚ ӘСЕРІ

4.1 Құрылыстың сейсмикалық төзімділігін есептеу үшін қажетті сейсмикалық әсерлер кезіндегі топырақ беті қозғалысының сипаттамалары

4.1.1 Құрылыстың сейсмикалық әсерлерін есептеу барысында топырақ қозғалысының келесі параметрлері ерекше қызығушылық тудырады:

- орын ауыстырудың шектік мәні;
- жылдамдықтың шектік мәні;
- үдеудің шектік мәні.

ҚР НТҚ 08-02.1-2013

4.1.2 Есептік орын ауыстыруларды және ҚР НТҚ 08-01.1-2012 ұсынылған топырақ жылдамдығын анықтауға арналған формулалар төменде берілген.

4.1.2.1 Топырақты үдетудің есептік мәніне және сейсмикалық әсерлердің көлденең компоненттері үшін серпімді реакциялар спектрінің қабылданған түріне сәйкес келетін топырақты көлденең орын ауыстырудың есептік мәні d_g ҚР НТҚ 08-01.1-2012 4.2.4.1-тармақшасында берілген келесі формула арқылы бағалануы мүмкін:

$$d_g = 0,075 \cdot a_g \cdot S \cdot T_C \cdot T_E, \quad (4.1)$$

мұндағы

a_g – ІА топырақ жағдайларының түрлері үшін есептік үдету;

S – топырақтың сейсмикалық қасиеттерін сипаттайтын коэффициент;

T_C – топырақ жағдайларының қарастырылып отырған түріне сәйкес келетін спектральды үдетулердің стандартты графигінің тұрақты учаскесіндегі кезеңнің максималды мәні;

T_E – мәні шартты түрде 2 с тең тербеліс кезеңі;

4.1.2.2 Топырақты үдетудің есептік мәніне және сейсмикалық әсерлердің көлденең компоненттері үшін серпімді реакциялардың спектрінің қабылданған түріне сәйкес келетін топырақтың көлденең жылдамдығының v_g есептік мәні 4.2.4.2-т. ҚР НТҚ 08-01.1-2012 берілген келесі формула арқылы бағалануы мүмкін:

$$v_g = 0,25 \cdot a_g \cdot S \cdot T_C \quad (4.2)$$

4.1.3 Жер сілкінісінің ұзақтығы конструкцияның тербеліс қарқындылығына әсер етеді: орташа үдеулері бар ұзақ жер сілкінісі үлкен үдеулері бар қысқа мерзімді жер сілкіністерінің бұзылуларымен салыстырғанда масштабы бойынша үлкен бұзылулардың себебі болуы мүмкін.

4.1.4 Құрылыс тербелісінің амплитудасы сейсмикалық әсерлердің басым жиіліктері конструкцияның жеке жиіліктеріне жақын немесе дәл келген кезде біршама күшейеді, сондықтан сейсмикалық әсерлердің жиілік құрамы маңызды сипаттама болып табылады. Көптеген жағдайларда сейсмикалық әсерлерге ұшыраған конструкция нүктелерінің орын ауыстыруы, жылдамдығы және үдеуі топырақ бетінің тербеліс параметрлерін біршама арттырады.

4.1.5 Жоғарыда аталған барлық факторлардың құрылыс реакциясына ықпал етуі максималды реакциялардың спектрлерімен (жауаптар спектрлері) аса қолайлы ескеріледі, олар әртүрлі жеке жиіліктері және топырақтың тербелісіне әртүрлі демпфирлеу деңгейі бар бір еркін дәрежесімен жүйелердің реакциясын ұсынады.

4.1.6 Топырақ тербелісінің және жауап спектрлерінің максималды кинематикалық сипаттамалар параметрлерінен басқа топырақ қозғалысының басқа маңызды сипаттамасы топырақ тербелісін үдетудің Фурье амплитудалық спектрі болып табылады. Үдету функциясының Фурье спектрлері бойынша анықталатын ақпаратты акселерограмма түрі бойынша бағалау мүмкін емес. Фурье спектрлері теориясының қысқаша мазмұны және нақты жер сілкінісінің акселерограмма спектрлерінің мысалдары Б қосымшасында берілген.

4.1.7 Фурье амплитудалық спектрлерін қолдану жобалаушыларға құрылысты жобалаудың бастапқы кезеңінде қандай жиілік диапазондарында көлденең және тік

тербелістер кезінде сейсмикалық әсерлердің энергиясы шоғырланғандығын бағалау мүмкіндігін береді.

4.2 Реакциялардың (жауаптардың) спектрлері


4.2.1 Реакция спектрі берілген топырақ қозғалысында бір еркін дәрежесі бар барлық мүмкін жүйелердің реакцияларының максималды мәндерінің (максималды орын ауыстыру, максималды қозғалыстар, максималды үдеулер) графигін ұсынады. Жауап спектрлері құрылыстың сейсмикалық әсерге әрекетін тек анықтап қана қоймай, сонымен қатар демпфирлеуші қасиеттерін, топырақ жағдайларын және конструкциялау және конструкцияны есептеу үшін қажетті көптеген басқа факторларды ескереді. Кейбір нормативтік құжаттарда реакция спектрлерін жауап спектрлері деп атайды.

4.2.2 Сейсмикалық әсерлерде максималды реакция спектрлерін тұрғызу үшін салмақтан, серіппеден және демпферлерден тұратын қарапайым механикалық жүйелердің модельдері қолданылады (4.1-сурет) Бастапқы сейсмикалық әсерлер ретінде негіздің тербелісін $-u_g(t)$ орын ауыстыруын немесе көбінесе уақыт бойынша оның екінші туындысы - акселерограмманы $\ddot{u}_g(t)$ анықтайтын функция беріледі.


4.2.3 Реакция спектрлерін жасау үшін бағдарламалар әзірленді, олар үшін бастапқы мәліметтер ықтимал жер сілкінісі кезінде құрылыс алаңының топырақ беті тербелісінің акселерограммасы болып табылады.

4.2.4 4.2-суретте топырақ беті тербелісінің акселерограммасы және оған сәйкес максималды үдеулердің спектрі берілген [1,2,3].

4.2.5 Реакция спектрлері жер сілкінісі энергиясының көп бөлігі шоғырланған жиіліктердің аумағын көрсетеді. Жауап спектрлерін талдау жеке тербеліс жиілігін және жүйені демпфирлеуді өзгерте отырып, құрылыстың сейсмикалық әсерлерге реакциясын біршама азайтуға болатындығын көрсетеді.



4.1-сурет – Реакция спектрлерін жасауға арналған есептік схема



4.2-сурет – Топырақ беті тербелісінің акселерограммасы және оған сәйкес жауаптар спектрі - максималды үдеулер спектрі

4.2.6 3.2.2.1(1)Р ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 сәйкес сейсмикалық әсер етудің базалық көрінісі бір еркін дәрежесі бар жүйелерді сызықтық-серпімді деформациялау болжамында жасалған үдеулердегі реакция спектрлерінің көмегімен топырақтың сейсмикалық қозғалыс параметрлерінің сипаттамасы негізделеді.

4.2.7 Қолданылған реакция спектрі оқшауланбаған конструкциялар үшін ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 3.2.2.2-тармағында көрсетілген серпімді реакция спектрінен кем болмауы тиіс және ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 3.2.2.5(8)Р-тармақшасына сәйкес энергияны диссипациялау жүйелерімен құрылыстарды жобалау үшін жеткілікті болмайды.

4.2.8 Құрылыс алаңдарының топырақ жағдайларын сейсмикалық қасиеттері бойынша ҚР НТҚ 08-01.1-2012 3.1-кестеде берілген жіктеуге сәйкес анықтау ұсынылады.

4.2.9 [3.2.2.3(1)Р] Құрылыс алаңдарын 6.5 шамадан асатын магнитудмен жер сілкінуді генерациялауға қабілетті белгілі белсенді опырылудан көлденеңінен 10 км шектерге орналастырған кезде осы алаңға сәйкес келетін арнайы реакция спектрлері қолданылуы тиіс.

ЕСКЕРТПЕ Егер жылжу жылдамдығының орташа шамасы кемінде 1 мм/жыл болса және голцен кезеңінде (соңғы 11000 жыл) сейсмикалық белсенділіктің топографиялық растамасы бар болса, опырылуды белсенді деп санау ұсынылады.

4.2.10 ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 спектрлерінің орнына ҚР НТҚ 08-01.1-2012 берілген спектрлерді қолдану ұсынылады. Қолдануға қолайлы болу үшін Құралда осы спектрлерді жасау әдістемесі берілген (В қосымшасын қараңыз).

4.2.11 ҚР НТҚ 08-01.1-2012 4.2.2.1-тармақшасына сәйкес сейсмикалық әсерлердің көлденең компоненттері үшін серпімді реакциялар спектрі $S_e(T)$ келесі формуламен анықталады:

$$0 \leq T \leq T_B: S_e(T) = a_g \cdot S \cdot \left[1 + \frac{T}{T_B} \cdot (\eta \cdot 2,5 - 1) \right], \quad (4.3)$$

$$T_B \leq T \leq T_C: S_e(T) = a_g \cdot S \cdot \eta \cdot 2,5, \quad (4.4)$$

$$T_C \leq T: S_e(T) = a_g \cdot S \cdot \eta \cdot 2,5 \cdot \left[\frac{T_C}{T} \right], \quad (4.5)$$

мұндағы

$S_e(T)$ – серпімді реакциялар спектрі;

T – бір еркін дәрежесі бар сызықтық жүйенің тербеліс кезеңі, с;

a_g – ІА типті топырақ жағдайлары кезіндегі негіздердің есептік үдеуі ($a_g = \gamma_I \cdot a_{gR(475)}$ немесе $a_g = \gamma_I \cdot 0,667 \cdot a_{gR(2475)}$ мәндерінің үлкені);


T_B – спектральды үдеу графигінің тұрақты учаскесіндегі кезеңнің минималды мәні, с;

T_C – спектральды үдеу графигінің тұрақты учаскесіндегі кезеңнің максималды мәні, с;

η – тұтқыр демпфирлеу $\zeta = 5\%$ коэффициенті үшін $\eta = 1$ референтті мәнімен демпфирлеу бойынша түзету коэффициенті;

S – топырақтың сейсмикалық қасиеттерін сипаттайтын коэффициент (құрылыс алаңының топырақ жағдайларының түрі).

Сейсмикалық әсерлердің көлденең компоненттері үшін серпімді реакциялар спектрінің жалпы түрі 4.3-суретте көрсетілген.



4.3-сурет – Сейсмикалық әсерлердің көлденең компоненттері үшін серпімді реакция спектрінің түрі

ҚР НТҚ 08-02.1-2013

4.2.12 T_B және T_C кезеңдерінің мәндері және серпімді реакциялардың спектр түрін сипаттайтын топырақ жағдайларының S коэффициенті ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012, 3.2.2.2(2)Р-тармақшасына сәйкес топырақ жағдайларының түріне байланысты.

T_B , T_C және S қабылданған мәндер 4.1 және 4.2-кестелерде берілген, сәйкесінше (ҚР НТҚ 08-01.1-2012 4.2 және 4.3-кестелерді қараңыз).

4.1-кесте – T_B және T_C мәндері

Сейсмикалық қасиеттері бойынша топырақ жағдайларының түрі	T_B , с	T_C , с
IA	0,15	0,44
IB	0,15	0,44
II	0,25	0,64
III	0,375	0,96

4.2-кесте – S коэффициентінің мәндері

Сейсмикалық қасиеттері бойынша топырақ жағдайларының түрі	a_g шамасына тәуелді S мәні
IA	1,0
IB	$1,0 \leq (1,4 - a_g/g) \leq 1,2$
II	$1,1 \leq (1,8 - 2 \cdot a_g/g) \leq 1,6$
III	$1,2 \leq (2,8 - 5 \cdot a_g/g) \leq 2,4$

4.2.14 ҚР НТҚ 08-01.1-2012 4.2.2.3-т. сәйкес η коэффициентінің мәнін (4.6) және (4.7) формулалардың көмегімен анықтау ұсынылады:

$$T \leq 1,0 \text{ с кезінде} \quad \eta = \rho; \quad (4.6)$$

$$T \geq 1,0 \text{ с кезінде:} \quad \eta = \rho(1/T)^\lambda. \quad (4.7)$$

(4.6) – (4.7) формулаларында ρ және λ мәндері келесі түрде анықталады:

$$\rho = 1 + \frac{0,05 - 0,01\xi}{0,05 + 0,02\xi - 3(0,01\xi)^2}, \quad (4.8)$$

$$\lambda = \frac{0,05 - 0,01\xi}{0,33 + 0,09\xi}. \quad (4.9)$$

мұндағы ξ – пайызбен берілген тұтқыр демпфирлеу коэффициенті.

ЕСКЕРТПЕ (4.6) – (4.9) формулалар η коэффициентінің мәнін барынша шынайы бағалауға мүмкіндік береді.

4.2.15 ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012, 3.2.2.2(5)Р сәйкес $S_{De}(T)$ орын ауыстырулардағы серпімді реакция спектрі келесі формуланың көмегімен $S_e(T)$ үдеулердегі серпімді реакция спектрін тікелей түрлендіру арқылы алынуы мүмкін:

$$S_{De}(T) = S_e(T) \left[\frac{T}{2\pi} \right]^2. \quad (4.10)$$

ЕСКЕРТПЕ Спектральды үдету абсолюттік үдеу болып табылатындығын және негізге плюс негіз үдеуіне салыстырмалы салмақтың үдеуін ұсынатындығын ескеру керек. Салмаққа әсер ететін инерциялық күшке пропорционалды абсолюттік үдеу. Спектральды орын ауыстыру – бұл негізгі салыстырмалы салмақтың орын ауыстыруы. Спектральды орын ауыстыру қалпына келетін күшке пропорционал.

4.3 Серпімді талдауға арналған есептік спектрлер

4.3.1 Көпір конструкцияларының қабілеттігі сызықтық емес демпфирлеу аумағында сейсмикалық әсерлерге қарсы тұрады, сызықтық-серпімді реакция болжамдарында анықталғандарға қарағанда кіші сейсмикалық жүктемелерде оларды жобалау мүмкіндігіне жол беріледі.

4.3.2 ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012, 3.2.2.5(2)-тармақшасына сәйкес құрылыстар олардың элементтерінің және арнайы құрылғыларының сызықтық емес әрекеттері есебінен сейсмикалық тербелістердің энергиясын ыдырату қабілеттігіне ие. Бұл қабілеттілік ординат мәндері серпімді реакция спектрлерінің ординат мәндеріне салыстырмалы азайтылған реакция спектріне негізделген серпімді есептеуді орындап, жобалау барысында сызықтық емес талдауды орындаудың алдын алуға мүмкіндік береді.

4.3.3 Азайтылған ординат мәндері бар реакция спектрі бұдан былай «есептік спектр» деп аталады. Серпімді реакциялардың спектрін азайтуға q әрекет коэффициентін қолдану арқылы қол жеткізіледі.

4.3.4 ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012, 3.2.2.5(3)Р-тармақшасына сәйкес q әрекет коэффициенті сейсмикалық жүктемелердің қатынасының жуық мәнін ұсынады, сейсмикалық жүктемелер оның толықтай серпімді реакциясы және сейсмикалық жүктемелерге тұтқыр демпфирлеу 5 % кезінде құрылысқа әрекет етеді, олар құрылыстың қанағаттанарлық реакциясын қамтамасыз ететін серпімді есептеудің қарапайым моделі негізінде құрылысты жобалау барысында қолданылуы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ 5 % ерекшеленетін тұтқыр демпфирлеу ықпалын ескеретін q әрекет коэффициентінің мәндері ҚР ҚН EN 1998 берілген Құралдарда олардың кластарына сәйкес келетін икемділігіне сәйкес әртүрлі материалдар және конструктивтік жүйелер үшін берілген. q әрекет коэффициентінің мәні құрылыстың әртүрлі көлденең бағыттары үшін әртүрлі болуы мүмкін, бірақ икемділік класы барлық бағыттарда бірдей болуы тиіс.

4.3.4 Сейсмооқшауланған көпірлердің конструкцияларын есептеу шектеулі икемділік $q \leq 1,5$ жағдайларында қарастырылуы тиіс (ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012 қараңыз), сондықтан Құралды қолдану ыңғайлығы үшін төменде ҚР НТҚ 08-01.1-2012 алынған есептік спектрлер беріледі.

4.3.5 Сейсмикалық әсерлердің көлденең компоненттері үшін есептік спектр $S_d(T)$
4.2.5.4 ҚР НТҚ 08-01.1-2012 сәйкес келесі формулалармен анықталады:

$$0 \leq T \leq T_B: \quad S_d(T) = a_g \cdot S \cdot \left[\frac{2}{3} + \frac{T}{T_B} \cdot \left(\frac{2,5}{q} - \frac{2}{3} \right) \right], \text{ бірақ кем емес } a_g \cdot S \cdot \frac{2,5}{q}; \quad (4.11)$$

$$T_B \leq T \leq T_C: S_d(T) = a_g \cdot S \cdot \frac{2,5}{q}; \quad (4.12)$$

$$T \geq T_C: S_d(T) = a_g \cdot S \cdot \frac{2,5}{q} \cdot \left[\frac{T_C}{T} \right], \text{ бірақ кем емес } \beta \cdot a_g, \quad (4.13)$$

мұндағы

a_g, S, T_B және T_C — 4.2.2.1-тармақта ҚР НТҚ 08-01.1-2012 анықталған;

$S_d(T)$ — сейсмикалық әсерлердің көлденең компоненттері үшін есептік спектр;

q — әрекет ету коэффициенті;

β — $0,2 \cdot S$ тең болып қабылданатын көлденең компоненттер үшін есептік спектрдің төменгі шекара көрсеткіші.

ЕСКЕРТПЕ 1 ҚР НТҚ 08-01.1-2012 4.2.5.4-тармақшасында берілген формулалармен анықталатын сейсмикалық әсерлердің көлденең компоненттеріне арналған реакциялардың есептік спектрлерінің түрі ҚР ҚН ЕН 1998-1:2004/2012 3.2.2.5(4)Р-тармақшасында берілген формулалармен анықталатын түрінің орнына қабылданған.

ЕСКЕРТПЕ 2 Сейсмикалық әсерлердің тік компоненттеріне арналған реакциялардың есептік спектрлерінің түрі берілмейді, себебі бұл спектрлер көпірлердің сейсмоқшаулағыш құрылғыларын есептеу кезінде қолданылмайды.

4.4 Уақытша аумақта сейсмикалық әсерлерді ұсыну

4.4.1 [7.4.2(1)P] Сейсмикалық әсерлерді беру кезінде ҚР ҚН ЕН 1998-2:2005+A1:2009/2012) 3.2.3-тармағының шарты орындалуы тиіс.

4.4.2 [3.2.3(1)P] Уақытша аймақта сызықтық емес есептеулерді орындау барысында топырақ қозғалысы теңдеуінің компонентінің ең кемінде үш жұбы қолданылуы тиіс. Осы жұптар есептік сейсмикалық әсерлер анықтайтын көзге және параметрлерге дейінгі арақашықтық магнитудасын көрсете отырып тіркелген оқиғалар қатарынан таңдалуы тиіс.

4.4.3 [3.2.3(2)P] Топырақ қозғалысының жазылған теңдеулері жұптарының жеткілікті мөлшері болмаған жағдайда сәйкесінше модификацияланған жазуларды немесе синтезделген үдеу сейсмограммаларын қолдануға болады.

4.4.4 [3.2.3(3)P] Есептік сейсмикалық әсерлерді 5 % демпфирлеу арқылы реакцияның сәйкесінше серпімді спектрмен қиысуының орын ауыстыру амплитудасын масштабтау арқылы орнатуға болады.

а) Көлденең орын ауыстырулардың жұбымен сипатталған әрбір жер сілкінісі үшін SRSS спектрін анықтау керек, бұл үшін әрбір компоненттің 5 % демпфирленген спектрінің шаршы қосындысынан шаршы түбірін табу керек.

б) Жеке жер сілкінулер үшін SRSS спектрінің орташа мәнін қолдану арқылы жер сілкіну үйлесімінің спектрін анықтау (жоғарыны қараңыз).

в) Осы үйлесімдегі спектрді масштабтауды ол $0,2T_1$ бастап $1,5T_1$ дейін кезең диапазонында серпімді реакциялардың 5 % демпфирленген спектрден 1.3 есе кем болмайтындай етіп жүргізу керек, мұндағы $1,5T_1$ — бұл икемді көпір үшін

конструкцияның жеке тербелістерінің кезеңі немесе сейсмикалық оқшауланған көпір үшін сейсмооқшаулағыш жүйенің (T_{eff}) тиімді кезеңі (осы Құралдың 7.2-тармағын қараңыз).

г) Алдыңғы кезеңде шығарылған масштабты коэффициент сейсмикалық қозғалыстың барлық жеке компоненттеріне қолданылуы тиіс.

4.4.5 [3.2.3(4)] Егер сейсмограммамен жазылған компоненттердің SRSS спектрі есептік сейсмикалық әсерлердің серпімді реакция спектрлерінің сәйкесінше мәндеріне қатынасы 4.4.4-тармақта көрсетілген кезеңдер диапазонында үлкен ауытқуды білдіретін үдеулерді көрсететін болса, онда модификацияланған компоненттердің SRSS спектрі көп шамада есептік сейсмикалық әсерлердің серпімді реакция спектріне сәйкес болатындай жүргізу керек.

4.4.6 [3.2.3 (5) P] Жер сілкіну жазбаларының әрбір жұбының компоненттері бір уақытта қолданылуы тиіс.

4.4.7 [3.2.3(6)] Егер жер сілкінісі кезінде жазылған топырақтың үш компонентті ығысуы уақытша аумақта сызықтық емес талдау үшін қолданылатын болса, компоненттердің көлденең жұптарын масштабтау 4.4.4-тармаққа сәйкес тік құраушыларды масштабтауға тәуелді жүзеге асуы мүмкін. Бұл масштабтау көптеген спектрлердің орташа мәні $0,2T_v$ бастап $1,5T_v$ дейін кезеңдер диапазонында тік есептік сейсмикалық әсерлер кезінде серпімді реакцияның бес пайыздық референтті демпфирлеу спектрінен 10 % төмен болмайтындай етіп орындалуы тиіс, мұндағы T_v — бұл тік құраушы реакциясы көлденең құраушы реакциясынан басым болғандағы ең төменгі режим кезеңі (бұл салмақтың қатысу коэффициентімен белгіленеді).

4.4.8 [3.2.3(7)] Сонымен қатар 4.4.2-тармақтағы талаптармен үйлесімді әртүрлі сейсмикалық орын ауыстыру тік жазбаларымен комбинацияда топырақтың ығысуының көлденең жазбаларының жұптарын қолдануға жол беріледі. Көлденең және тік жазбалардың жұптарын тәуелсіз масштабтау 4.4.7-тармағына сәйкес орындалуы тиіс.

4.4.9 [3.2.3(8)] 4.4.7 және 4.4.8-тармақтағы жазылған тік құраушылардың модификациясы 4.4.5-тармақта көрсетілген әдісті қолдану кезінде рұқсат етіледі.

5 СЕЙСМООҚШАУЛАҒЫШ ҚҰРЫЛҒЫЛАР

5.1 Заманауи сейсмооқшаулағыш құрылғылардың негізгі түрлері

5.1.1 Соңғы онжылдықта көптеген объектілерді (көпірлерді, бөгеттерді, атом станцияларын, ғимараттарды және т.б.) салу кезінде әртүрлі сейсмооқшаулағыш құрылғылардың көп мөлшері әзірленді, сыналды және қолданылды.

Тәжірибеде өте ауқымды қолдануды алған сейсмооқшаулағыш тірек бөліктерінің негізгі түрлері [4, 5, 6]:

- демпфирлеу коэффициенті аз табиғи немесе синтетикалық резеңкеден жасалған резеңке-металл тірек бөліктері;

- демпфирлеу коэффициенті көп табиғи резеңкеден жасалған резеңке-металл тірек бөліктері;

- қорғасын өзегі бар табиғи резеңкеден жасалған резеңке-металл тірек бөліктері.

5.1.2 Сырғанауға (жылжуға) жол беретін тірек бөліктері:

- тегіс тірек бөліктері;
- сфералық тірек бөліктері.

ЕСКЕРТПЕ Есептеу үшін қажетті тірек бөліктерінің сипаттамалары әдетте дайындаушы фирмалардың анықтамалықтарында беріледі.

5.2 Резеңке-металл эластомерлі тірек бөліктері

5.2.1 Резеңке-металл тірек бөліктері тіреулерге немесе аралық құрылыс астындағы аралық тіректерге орнатылады. Бұл құрылғылар тік жүктемеге қарапайым тірек бөліктері сияқты, ал көлденең сейсмикалық жүктемеге сейсмооқшауландырғыштар сияқты жұмыс істейді (Г қосымшасын қараңыз).


5.2.2 Резеңке-металл тірек бөліктері цилиндрлер түрінде немесе табиғи немесе синтетикалық резеңкеден және металл табақтардан жасалған тікбұрыштар түрінде жасалады. Тірек бөліктері резеңке қабаттарынан және металл табақтардан тұрады. Металл табақтар тік қаттылықты қамтамасыз еткен кезде, резеңке қабаттары көлденең икемділікті қамтамасыз етеді. Резеңке болат табақтарды коррозиядан қорғау үшін тірек бөліктерінің барлық сыртқы беттерін жабады.

5.2.3 Көлденең бағытта икемділікті қамтамасыз ету үшін сейсмооқшаулағыш тірек бөліктері қарапайым тірек бөліктерімен салыстырғанда өте жоғары жасалады.

5.2.4 Резеңке-металл тірек бөліктерінің сипаттамалары динамикалық сынаулар кезінде анықталады, бұл кезде тірек бөліктері тұрақты тік жүктемеге және гармоникалық көлденең күшке ұшырайды.

5.3 Демпфирлеу коэффициенті аз табиғи немесе синтетикалық резеңкеден жасалған тірек бөліктері

5.3.1 Осы түрдегі тірек бөліктері табиғи немесе синтетикалық резеңкеден және металл табақтардан тұрады (5.1-сурет).



5.1-сурет – Табиғи немесе синтетикалық резеңкеден жасалған тірек бөлігі

5.3.2 Негізгі қасиеттері:

- орын ауыстырудың жылжу кезіндегі күшке сызықтық тәуелділігі 100% дейін және одан жоғары;
- демпфирлеу коэффициенті небәрі 2% бастап 3% дейін.

5.3.3 Оң сапалары:

- өндіру қарапайымдылығы;
- модельдеу кезіндегі қарапайым есептік схема;

- тірек бөлігінің реакциясы жүктеме шамасына, жүктеменің уақыт бойынша өзгеру сипаттамасына, қоршаған ортаның температурасына және уақытына (материал тозуға ұшырамаған) тәуелді емес.

5.3.4 Кемшіліктері:

- қосымша демпфирлеу құрылғыларын орнату қажет.

5.3.5 Жылжыту кезіндегі тірек бөлігінің қаттылығы келесі формула бойынша анықталады:

$$k = \frac{GA}{h}, \quad (5.1)$$

мұндағы G - резеңкенің жылжу модулі (көпір тірек бөліктері үшін әдетте жылжу модулі бар резеңке қолданылады $G=1\text{МПа}$),

A - тірек бөлігінің көлденең қимасының ауданы,

h - резеңке қабаттардың жалпы қалыңдығы.

5.3.6 Тірек бөлігінде тұрған салмақтың ауытқу кезеңін бағалау үшін келесі формуланы қолдануға болады:

$$T_b = 2\pi \sqrt{\frac{Mh}{GA}} = 2\pi \sqrt{\frac{Sh\gamma A'}{Ag}}, \quad (5.2)$$

мұндағы γ - жылжыту деформациясы, өзгеру диапазоны 0,9 бастап 1,4 дейін.

A' - максималды жылжу кезіндегі жоғарғы беттің тірек бөлігінің төменгі бетін жабу ауданы,

S - көпірлерде қолданылатын тірек бөліктері үшін пішін коэффициенті 3 бастап 40 дейінгі мәндерді қабылдайды (ең алдымен тірек бөлігінің өлшемдеріне және резеңке қабатының қалыңдығына байланысты).

Ең алдымен тікбұрышты тірек үшін пішін коэффициенті (қабаттардың a және b өлшемдері) келесі формула бойынша анықталады:

$$S = \frac{ab}{2h(a+b)} \quad (5.3)$$

5.4 Демпфирлеу коэффициенті жоғары табиғи резеңкеден жасалған тірек бөліктері

5.4.1 Осы түрдегі тірек бөліктері толтырғышы және болат табақтары бар табиғи резеңкеден тұрады (5.2-сурет).


5.4.2 Негізгі қасиеттері:

- рұқсат етілетін жылжу деформациялары 200 - 350%;
- 100% ретінде жылжу деформациясы кезінде 10% бастап 20% дейінгі демпфирлеу коэффициенті, демпфирлеуді ұлғайту резеңкеге ұсақ-дисперсті күйені, канифольді және басқа патенттерленген қоспаларды қосу арқылы қол жеткізіледі;
- 0,40 бастап 1,4 МПа дейінгі жылжу модулі.

5.4.3 Ерекше қасиеттері:

- демпфирлеуді анықтайтын тиімді қаттылық және шама эластомер және толтырғыштардың түріне, сығу жылдамдығы және жүктеу жылдамдығына байланысты;


- қатты демпфирленген материалдардың динамикалық сипаттамалары – қаттылық және демпфирлеуші қасиеттері алдыңғы жүктемелерге байланысты. Мысалы, бұрын жүктемелерге ұшыраған тірек бөліктерінің сипаттамалары (қаттылық және демпфирлеу) бірінші болып жүктелетін тірек бөліктерінің сипаттамаларымен салыстырғанда кемуі мүмкін.




5.2-сурет - Демпфирлеуші қасиеттерді арттыру үшін толтырғыштары бар табиғи резеңкеден жасалған тірек бөлігі

5.5 Қорғасын өзегі бар резеңке-металл тірек бөліктері (демпфирлеу коэффициенті төмен табиғи немесе синтетикалық резеңкеден жасалған)

5.5.1 Қорғасын өзегі бар эластомерлі тірек бөліктері кең қолданылады (5.3, 5.4-суреттер). Бұл тірек бөліктері 1975 жылы Жаңа Зеландияда ойлап табылған және осы уақытқа дейін Жапония, АҚШ, Канада және Еуропа елдері сияқты көптеген елдерде кең қолданылады. Олар резеңке қабаттарынан, болат табақтардан және қорғасын өзектерден тұрады [5,6].



5.3-сурет – Қорғасын өзегі бар табиғи резеңкеден жасалған резеңке-металл тірек бөлігі



5.4-сурет - Қорғасын өзегі бар резеңке-металл тірек бөлігі

5.5.2 Демпфирлеу коэффициенті төмен материалдан жасалған резеңке қабаттар

көлденең икемділікті қамтамасыз етеді. 100% жылжу деформациясы кезіндегі 0,6 – 0,7 Мпа жылжу модулі. Максималды жылжу деформациясы 125-200%. Әдетте тірек бөліктерінде жылжу деформациясы 200 % аспайтын болғандықтан, деформацияның және олардың вариациясының сипаттамаларының тәуелділігі жоғары демпфирлеу коэффициенті бар тірек бөліктеріндегі сияқты айтарлықтай елеулі емес.

5.5.3 Болат пластиналар тік қаттылықты қамтамасыз етеді және резеңкенің көлденең ісінуін шектейді.

5.5.4 Тірек бөлігіне тығыздалған қорғасын өзек қорғасынның аққыштық салдарынан энергияның ыдырауын қамтамасыз етеді. Қорғасын өзегінің аққыштық кернеуі бастапқы моментте 10,5 Мпа тең. Циклді жүктеу барысында қаттылық температураның артуы салдарынан кемиді. Гистерезисті қисық сызық орын ауыстыруға қатаң тәуелді. Қажу құбылыстары байқалмайды, себебі қорғасын қалыпты температура кезінде қайта кристалданады.

5.5.5 Қорғасын өзегі бар тірек бөліктері (Lead rubber bearing) әлемде (LRB) немесе (DIS) маркасымен белгілі. Осы тірек бөліктерінің типтік өлшемдері және олардың көтергіш қабілеттігінің мәндері 5.1-кестеде берілген.

Бұл тіректер қолданыстағы ескі көпірлердің сейсмикалық төзімділігін күшейту үшін, сол сияқты жаңа көпірлерді тұрғызу үшін қолданылады [5].

5.5.6 Қорғасын өзегі бар тірек бөліктерінің тиімділігі энергияны жоғары диссипациялаумен ескертілген. Мұндай тірек бөлігі өзін серпімді-икемділік элемент сияқты көрсетеді (Г қосымшасын қараңыз).

5.5.7 [7.5.2.3.3(9)] Қорғасын-резеңке тірек бөліктері (LRB) цилиндрлі қорғасын өзекшесі бар әлсіз-демпфирлеуші тірек бөліктерінен тұрады. Қорғасын өзекшесінің аққыштығы нәтижесінде осы құрылғылар гистерезисті қасиеттерге ие, оларды 5.5-суретте көрсетілгендей келесі параметрлермен бисызықты аппроксимация түрінде көрсетуге болады:

— серпімді қаттылық:

$$K_e = K_L + K_R, \quad (5.4)$$

мұндағы K_R және K_L жылжуға құрылғылардың эластомерлі және қорғасын бөліктерінің қаттылығын сипаттайтын параметрлерді ұсынады;

— серпімділік шектерінен тыс қаттылық: $K_p = K_R$;

— аққыштық күші: $F_y = F_{Ly}(1 + K_R/K_L)$,

мұндағы F_{Ly} — қорғасын өзекшенің аққыштық күші.

ЕСКЕРТПЕ 1 Егер $K_R \ll K_L$, онда $K_e \cong K_L$ и $F_y \cong F_{Ly}$

ЕСКЕРТПЕ 2 Қорғасын-резеңкелі тірек бөліктері (LRBs) ҚР СТ 15129-2012: «Сейсмикаға қарсы құрылғылар» талаптарына сәйкес келуі тиіс.

5.5.8 [7.5.2.3.2(1)] Гистерезисті режим. Оқшауландырғыштың «күш-орын ауыстыру» тәуелдігін 5.5-суретте көрсетілгендей бисызықты тәуелділігін қолдана отырып, көлденең бағытта аппроксимациялауға болады.

**5.1-кесте - DIS (кН) типті тірек бөліктеріне түсетін максималды жүктемелердің
шамаcы**

Жоспардағы өлшемдері А(мм) В(мм)		Ауданы (мм ²)	Резеңке қабатының қалыңдығы, (мм)			
			6,5	9,5	12,5	19
229	229	52258	236	160	125	85
254	254	64516	338	227	173	120
279	279	78064	463	311	236	165
305	305	92903	614	414	311	214
330	330	109032	796	534	405	276
356	356	126451	1,010	676	512	351
381	381	145161	1,263	845	641	436
406	406	165161	1,552	1,041	783	529
432	432	186451	1,882	1,259	952	641
457	457	209032	2,255	1,508	1,139	770
483	483	232903	2,678	1,793	1,348	912
508	508	258064	3,149	2,104	1,583	1,068
533	533	284516	3,674	2,455	1,846	1,241
559	559	312257	4,252	2,842	2,135	1,437
584	584	341290	4,888	3,265	2,455	1,650
610	610	371612	5,582	3,727	2,802	1,882
635	635	403225	6,343	4,234	3,185	2,135
660	660	436128	7,170	4,786	3,598	2,411
686	686	470322	8,064	5,382	4,043	2,713
711	711	505805	9,029	6,027	4,528	3,034
737	737	542580	10,070	6,721	5,048	3,380
762	762	580644	11,187	7,464	5,609	3,754
787	787	619999	12,383	8,264	6,205	4,154
813	813	660644	13,660	9,118	6,845	4,581
838	838	702579	15,025	10,026	7,530	5,040
864	864	745805	16,480	10,995	8,255	5,524
889	889	790321	18,023	12,023	9,029	6,040
914	914	836127	19,660	13,117	9,848	6,587

5.5.9 [7.5.2.3.2(2)] Төменде бисызықты аппроксимациялау параметрлері берілген:

d_y – аққыштыққа сәйкес орын ауыстыру;

$d_{bd} - d_{cd}$ сейсмооқшауландырғыш жүйенің есептік орын ауыстыруына сәйкес оқшауландырғышты есептік орын ауыстыру;

$E_D - 4(F_y d_{bd} - F_{\max} d_y)$ тең гистерезис ілмегімен жасалған ауданға тең есептік орын ауыстыру кезіндегі d_{bd} цикл ішіндегі ыдыраған энергия;


F_y – монотонды жүктеме жағдайларындағы аққыштық күші;

$F_0 - F_y - K_p d_y$ тең циклді жүктеменің әсеріндегі нөлдік орын ауыстыру кезіндегі күш;

F_{\max} – есептік орын ауыстыруға d_{bd} сәйкес максималды күш;

K_e – монотонды жүктеме кезінде F_y/d_y тең, сонымен қатар циклді жүктеме кезіндегі түсіру қаттылығына тең серпімді қаттылық;


$K_p = (F_{\max} - F_y)/(d_{bd} - d_y)$ тең қаттылық шектерінен тыс (жанаспалы) қаттылық.



5.5-сурет — Гистерезисті әрекеттің «күш-орын ауыстыру» тәуелділігін бисызықты аппроксимациялау

5.6 Резеңке-металл тірек бөліктерінің есептік сипаттамалары

5.6.1 Резеңке-металл тірек бөліктерінің есептік сипаттамалары динамикалық сынаулар нәтижесінде анықталады, олар кезінде тірек бөліктері тұрақты тік жүктемеге және гармоникалық көлденең күшке ұшырайды. 5.6-суретте резеңке-металл тірек бөліктерінің демпфирлеуші қасиеттерін анықтау үшін жүктемелерді түсіру схемасы көрсетілген.



5.6-сурет - Тірек бөліктерінің демпфирлеуші қасиеттерін анықтау үшін жүктемелерді түсіру схемасы

5.6.2 Сынау нәтижесінде тербеліс циклі ішінде тірек бөлігі ыдырататын энергияға ауданы пропорционалды гистерезис ілмектері анықталады. 5.7-суретте эксперименталды жолмен анықталған әртүрлі типтегі резеңке-металл тірек бөліктерінің гистерезис ілмектері көрсетілген.

5.6.3 Резеңке-металл тірек бөліктерінің есептік сипаттамаларын гармоникалық әсерлерін сынау нәтижесінде алады (5.8, 5.9 және 5.10-суреттер). Мұндай сынаулар


барысында тірек бөліктері тұрақты сығу жүктемелеріне ұшырайды, ал жоғарғы плитада берілген жиілік және амплитудамен мерзімді көлденең орын ауыстыру беріледі:
 $u(t) = u_0 \sin \omega t$.

5.6.4 Егер тірек бөліктері серпімді-тұтқыр элементтермен модельденетін болса, тірек бөліктерінде туындайтын серпімді күштер орын ауыстыруға пропорционалды, ал демпфирлеуші күштер жылдамдықтарға пропорционалды. Салдарлы күш (эксперименттерде өлшенетін) орын ауыстыруға және жылдамдыққа байланысты.

Бұл жағдайда осы орын ауыстыруларды тудыратын күштерді өлшеу жүргізіледі. Демпфирлеу болған кезде күштер фаза бойынша орын ауыстырулармен сәйкес келмейді, сондықтан күшке арналған формуланың келесі түрде болатындығын болжауға болады:

$$Q(t) = Q_0 \sin(\omega t + \varphi) = Q_0 \sin \omega t \cos \varphi + Q_0 \cos \omega t \sin \varphi, \quad (5.5)$$

Орын ауыстыруға арналған формуланы қолдана отырып, осы формуланы түрлендіреміз:



LDRB – демпфирлеу коэффициенті аз табиғи немесе синтетикалық резеңкеден жасалған резеңке-металл тірек бөліктері;

HDRB - демпфирлеу коэффициенті көп табиғи немесе синтетикалық резеңкеден жасалған резеңке-металл тірек бөліктері;

LRB - демпфирлеу коэффициенті аз және қорғасын өзегі бар резеңкеден жасалған резеңке-металл тірек бөліктері.

5.7-сурет - Әртүрлі типтегі тірек бөліктерінің гистерезисті қисық сызықтары

$$Q(t) = \frac{Q_0 \cos \varphi}{u_0} u_0 \sin \omega t + \frac{Q_0 \sin \varphi}{u_0 \omega} u_0 \omega \cos \omega t, \quad (5.6)$$


немесе

$$Q(t) = \frac{Q_0 \cos \varphi}{u_0} u(t) + \frac{Q_0 \sin \varphi}{u_0 \omega} \dot{u}(t), \quad (5.7)$$

Демпфирлеуші күш серпімді күштің $\frac{\pi}{2}$ шамасына қатысты фаза бойынша ығысқан.


Осылайша, салдарлы күшті келесі түрде көрсетуге болады:

$$Q(t) = K_{eff}u(t) + C_{eff}\dot{u}(t), \quad (5.8)$$



5.8-сурет – Резеңке-металл тірек бөліктерін сынау кезіндегі демпфирлеу схемасы

K_{eff} және C_{eff} параметрлерін анықтау үшін резеңке-металл тірек бөлігін сынау кезінде алынған көлденең күштің орын ауыстыруға тәуелділік графигін қолданады (5.9-сурет).



5.9-сурет - Резеңке-металл тірек бөліктерін сынау кезіндегі типтік диаграммасы

$u(t)=0$ кезінде (5.6) формуладан: $Q_z = Q_0 \sin \varphi$, осылайша, орын ауыстыруға қатысты күштің ығысуының фазалық бұрышы келесі формуламен анықталады:

$$\sin \varphi = \frac{Q_z}{Q_0}.$$

(5.6) және (5.7) формулаларын ескере отырып, келесіні аламыз:

$$K_{eff} = \frac{Q_0}{u_0} \cos \varphi, \quad C_{eff} = \frac{Q_0}{u_0} \sin \varphi. \quad (5.9)$$

Демпфирлеудің салыстырмалы коэффициентін фазалық бұрыш үшін келесі формуланы қолдана отырып табуға болады: $\xi = \frac{1}{2} \tan \varphi$.

5.6.5 Серпімді және тұтқыр қасиеттерге ие элементтердің тәртібін сипаттау үшін жиналған энергияның шамасы тәуелді: «жиналған қаттылық» (storage stiffness) қабылданған ұғымы, және ыдырайтын энергияның шамасы тәуелді «жоғалған қаттылық» (loss stiffness) қабылданған ұғымы қолданылуы мүмкін. Бұл параметрлер келесі формулалармен анықталады:

$$K_S = K_{eff} = \frac{Q_0}{u_0} \cos \varphi \quad \text{және} \quad K_L = C_{eff} = \frac{Q_0}{u_0} \sin \varphi \quad \text{немесе} \quad K_L = \frac{Q_z}{u_0}. \quad (5.10)$$

Демпфирлеу коэффициенті келесі формула бойынша анықталады

$$C_{eff} = \frac{K_L}{\omega} \quad (5.11)$$

5.6.6 «Жоғалған қаттылық» энергияның ыдырауы тұрғысынан тірек бөлігін сипаттаған кезде «жиналған қаттылық» энергияның жиналу тұрғысынан тірек бөлігін, басқа сөзбен айтқанда серпімді қасиеттерді сипаттайды. Фазалық бұрыш жиналған және ыдыраған энергия арасындағы қатынасты сипаттайды.

Егер фазалық бұрыш $\frac{\pi}{2}$ тең болса, бұл тірек бөлігі энергияны жинамайтындығын, яғни келесі параметрлермен сипаттайтын демпферді ұсынатындығын мәлімдейді:

$$K_S = K_{eff} = 0, \quad K_L = \frac{Q_z}{u_0} \quad \text{және} \quad C_{eff} = \frac{Q_z}{u_0 \omega} \quad (5.12)$$

Және керісінше, егер фазалық бұрыш нөлге тең болса, тірек бөлігі энергияны ыдыратпайды, яғни трек бөлігі серпімді элементті (сызықтық серіппені) ұсынады:


$$K_{eff} = \frac{Q_z}{u_0}, \quad C_{eff} = 0 \quad (5.13)$$

5.6.7 Жалпы жағдайда, тірек бөлігінің қаттылығына эквивалентті серіппенің қаттылығы гистерезис ілмегінің көлбеу бұрышының тангенсімен анықталады. Гистерезис ілмегінің көлбеу бұрышы максималды орын ауыстыруға сәйкес келетін ілмек нүктесі арқылы өткізілген тік бұрыштың көлбеу бұрышымен анықталады.

Гистерезис ілмегінің ені ($u=0$ кезінде) «жоғалған қаттылыққа» пропорционалды. Сонымен қатар «жоғалған қаттылыққа» пропорционалды гистерезис ілмегінің ауданы бір тербеліс циклі ішінде ыдырайтын энергияға тең.

5.6.8 Гистерезистің эксперименталды ілмегін қолдана отырып, жылжу кезінде

серпімділік модульдері және тұтқыр серпімді тірек бөлігінің жылжу деформациялары арасындағы тәуелділікті алуға болады (5.10-сурет).



5.10-сурет – Гармониялық жүктеме кезінде жанасу кернеулерінің жылжу деформациясына тәуелділігі

Сонымен қатар бұл жағдайда гармониялық жүктеме кезінде тірек бөлігін жылжыту кезінде қаттылықты сипаттайтын екі параметрді қолдану қолайлы: жиналған энергияның шамасы тәуелді жылжу модулі G_s , және ыдырайтын энергияның шамасы тәуелді модуль G_L .

K_s және K_L параметрлерін келесі түрде көрсетуге болатындығын ескере отырып:

$$K_s = \frac{G_s A}{h_p}, \quad K_L = \frac{G_L A}{h_p}, \quad (5.14)$$

мұндағы A - тірек бөлігінің көлденең қимасының ауданы,

h_p - резеңке қабаттардың жалпы қалыңдығы,

$\gamma(t)$ - жылжу деформациясы.

(5.8) формуласын келесі түрде көрсетуге болады:

$$\tau(t) = G_s \gamma(t) + \frac{G_L}{\omega} \dot{\gamma}(t). \quad (5.15)$$

Гистерезис ілмегінің ені ($\gamma = 0$ кезінде) G_L жылжу модуліне пропорционалды, ол өз кезегінде «жоғалған қаттылыққа» пропорционалды. G_L жылжу модулі ыдырайтын энергияның шамасын анықтайды. Гистерезис ілмегінің ауданы G_L модуліне пропорционалды және бір тербеліс циклі ішінде ыдырайтын энергияға тең.

5.6.9 G_s жылжу модулі жиналған энергияның максималды шамасын сипаттайды. G_s және G_L модульдері тірек бөліктерінің конструктивтік ерекшеліктеріне тәуелді болатын K_s және K_L параметрлерінен ерекшеленетін материалдың қасиеттерін

сипаттайды (резеңке қабаттардың A ауданы, резеңке қабаттардың h_p жалпы қалыңдығы).


5.6.10 Жылжу деформациясына пропорционалды күш және жылжу деформациясының жылдамдығына пропорционалды күш арасындағы фазалық бұрыш келесі қатынастан анықталады: $\sin \varphi = \frac{\tau_z}{\tau_0}$.

Жоғалту коэффициенті (жиілікке байланысты): $\eta = \operatorname{tg} \varphi = \frac{G_L}{G_S}$.

Салыстырмалы демпфирлеу коэффициенті: $\xi = \frac{\eta}{2} = \frac{\operatorname{tg} \varphi}{2}$.

5.7 Фрикциялық тірек бөліктері

5.7.1 Соңғы уақытта ең көп таралған көпір конструкцияларын сейсмооқшаулау әдістерінің бірі фрикциялық тірек бөліктерін қолдану болып табылады. Осы тірек бөліктерінде энергияны сіңіру үйкеліс күшінің жұмысы және қоршаған кеңістіктегі жылу түріндегі энергияның ыдырауы есебінен орын алады (5.11-сурет). Осы құрылғылардың ерекшеліктері кең жиілік диапазоны болып табылады, мұнда олар сейсмикалық әсерлердің энергиясын тиімді ыдыратады және конструкция элементтерінің ауытқу амплитудасын азайтады.



5.11-сурет — «Үйкеліс күші-орын ауыстыру» тәуелділігі

5.7.2 [7.5.2.3.5(1)] Сырғанайтын тегіс беті бар сырғанайтын құрылғылар жоғары құрылысқа берілетін деңгейге дейін күшті шектейді:

$$F_{\max} = \mu_d N_{sd} \operatorname{sign}(\dot{d}_b), \quad (5.16)$$

мұндағы μ_d — динамикалық үйкеліс коэффициенті;

N_{sd} — сейсмооқшаулағыш құрылғысы арқылы берілетін қалыпты күш;

$\operatorname{sign}(\dot{d}_b)$, — жылдамдық векторының белгісі \dot{d}_b ;

d_b — екі сырғанау бетінің салыстырмалы ығысуы.

Дегенмен, мұндай құрылғылар елеулі тұрақты орын ауыстыруды тудыруы мүмкін. Сондықтан олар құрылғылардың бастапқы қалыптарын қалпына келтіруді қамтамасыз ететін басқа құрылғылармен бірге қолданылуы тиіс (ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012 7.7.1-тармағын қараңыз).

5.7.3 [7.5.2.3.5(2)] R_b радиусымен сфералық сырғанау беті бар сырғанайтын құрылғылар $N_{sd}d_b/R_b$ тең d_b орын ауыстырған кезде қалпына келтіретін күшті қамтамасыз етеді. Төмендегі формулада осындай құрылғы үшін күштің орын ауыстыруға қатынасы берілген:

$$F_{\max} = \frac{N_{sd}}{R_b} d_{bd} + \mu_d N_{sd} \text{sign}(\dot{d}_{bd}) \quad (5.17)$$

ЕСКЕРТПЕ (5.17) формуласы $d_b / R_b \leq 0,25$ болған кезде айтарлықтай жақсы аппроксимациялауды ұсынады

5.7.4 [7.5.2.3.5(3)] Жоғарыда қарастырылған екі жағдайда d_{bd} есептік ығысу кезінде E_D (5.11-суретті қараңыз) циклі үшін ыдыраған энергия келесі формуламен анықталады:

$$E_D = 4\mu_d N_{sd} d_{bd} \quad (5.18)$$

5.7.5 [7.5.2.3.5(4)] Динамикалық үйкеліс коэффициенті μ_d негізінде келесі параметрлерге тәуелді:

- сырғанау бетінің құрамына;
- майлауды қолдану немесе қолданбау;
- есептік сейсмикалық жағдайда сырғанау бетіндегі қалыпты қысым;
- сырғанау жылдамдығы,

және сәйкесінше сынауларды жүргізу барысында анықталуы тиіс.


ЕСКЕРТПЕ Динамикалық үйкеліс коэффициентін анықтау үшін сынауларды жүргізу туралы ақпарат ақпараттық К қосымшасында ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012 беріледі. Тот баспайтын болаттан жасалған жылтыратылған бетпен сырғанайтын ПТФЭ таза материалы үшін динамикалық үйкеліс коэффициенті сейсмикалық орын ауыстыруға сәйкес келетін жылдамдықтар диапазонында, сонымен қатар есептік сейсмикалық әсерлер кезінде сырғанау бетіне әсер ететін тірек қысымдарының қарапайым диапазонында ($\leq 0,01$) өте төмен болуы мүмкін екендігін атап айту керек.

5.7.6 [7.5.2.3.5(5)] Егер сейсмооқшаулағыш жүйені эквивалентті демпфирлеуді бағалау осы элементтердің ықпал етуін ескермей жүргізілген болса, (ПТФЭ дайындалған тегіс сырғанау беті бар, ҚР СТ EN 1337-2-2011 сәйкес екі көлденең бағытқа сырғанауды қамтамасыз ететін майы бар сырғанау тіректері және бір көлденең бағытқа сырғанауды қамтамасыз ететін және әлсіз-демпфирлеуші эластомерлі тіректер сияқты екінші бағытта жұмыс істейтін майы бар ПТФЭ элементтері бар эластомерлі тіректер), онда оқшаулағыш жүйелер ҚР СТ EN 1337-2-2011 және ҚР СТ EN 1337-3-2011 сәйкес сейсмикалық төзімділікті арнайы сынауларға жатпайды.

Фрикциялық тірек бөліктері жер сілкінісінің әсері кезінде аралық құрылысқа берілетін күштерді аралық құрылыс тірек бөліктеріне аз үйкелісі коэффициентімен қозғалу есебімен кемиді. Үйкеліс орын алатын беттер арасындағы максималды үйкеліс күші құрылыстың сейсмооқшауланған бөлігіне берілетін шекті күш болып табылады.

5.7.7 Бүгінгі күні фрикциялық түрдегі тірек бөліктері конструкциясының көп мөлшері ұсынылған. 5.12-суретте олардың ең жақсысы және кең таралғаны ұсынылған.

Бұл құрылғы ең алғаш 1987 жылы Mostaghel және Khodaverdian ұсынылды және R-FBI: резеңке-фрикциялық оқшауландырғыштар маркасымен белгілі [7].




5.12-сурет - R-FBI маркалы фрикциялық тірек бөлігі

5.7.8 Тірек бөліктері тефлонды жабыны бар концентриалық болат пластиналардың жиынтығынан тұрады. Ортасында (тірек бөлігінің ішінде) резеңке өзекше және ортасынан біршама арақашықтықта орналасқан бірнеше резеңке өзектер бар. Резеңке өзектер тік жүктеме көтермейді, сондықтан тірек бөлігінің ішінде вулканизацияланады және пластиналардың биіктігі бойынша салыстырмалы орын ауыстырудың таралуын қамтамасыз етеді. Қозғалмалы пластиналардың және резеңкелердің мұндай комбинациясы фрикциялық және серпімді қасиеттерге ие. Мұндай тірек бөліктерінің серпімді және демпфирлеуші сипаттамалары зертхана сынаулары нәтижесінде анықталады.

5.7.9 Жоғарыда айтылғандай, сейсмооқшаулау кезінде тек фрикциялық тірек бөліктерін қолдану барысында айқындалған негізгі кемшіліктер сейсмооқшауланған бөлігін бастапқы қалыпқа қайтаратын күш болмағанда, сонымен қатар реакция шамасының анықтығы және болжалдылығы болмауымен жасалады. Бұл аралық құрылысты бастапқы қалпына қайтару немесе тірек бөлігінің конструкциясын модификациялау үшін серпімді элементтерді қосуды талап етеді. Аралық құрылысты бастапқы қалпына қайтаруды қамтамасыз ететін және энергияны ыдырататын мұндай модификацияланған конструкция фрикциялық-маятникті тірек бөліктері болып табылады.

5.8 Фрикциялық-маятникті сейсмооқшаулағыш тірек бөліктер

5.8.1 Фрикциялық-маятникті тірек бөліктері көпірлер, ғимараттар және басқа құрылыстар үшін сейсмооқшаулағыш құрылғылар ретінде әртүрлі елдерде кең таралды. Фрикциялық-маятникті тірек бөлігі сфералық беттер бойынша жанасатын екі денеден тұрады (5.13 және 5.14-суреттер). Жүктемелерді біркелкі тарату үшін жанасатын беттерде ұқсас радиусы бар.



5.13-сурет - Сфералық фрикциялық-маятникті тірек бөлігінің схемасы



5.14-сурет - Benicia-Martinez Сан Франциско көпірі үшін сфералық фрикциялық-маятникті тірек бөлігінің төменгі плитасы


5.8.2 Сфералық беттер жоғары немесе төмен қарай ойыс орналасуы мүмкін. Көптеген жағдайларда беттерді ластаудың алдын алу үшін төмен қарай иілген беттері бар құрылғылар қолданылады. Беттеріне үйкеліс күшін азайтатын жабындар жағылады.

5.8.3 Көлденең ауытқулар кезінде екі дене бір-біріне қатысты сфералық беттермен сырғанады. Аралық құрылысты көлденең орын ауыстырулар кезінде кинетикалық энергияның бөлігі қайтаратын күшті жасайтын әлеуетті энергияға өтеді.

5.8.4 Демпфирлеуші қасиеттерді ұлғайту қажет болған жағдайларда фрикциялық беттер арасында үйкеліс күшін ұлғайтатын қабат орын алады.

5.8.5 Сырғанайтын беттер арасындағы үйкеліс коэффициенті ыдырайтын энергия шамасын анықтайды және талапқа байланысты 5% бастап 35% дейін өзгеруі мүмкін. Ыдырайтын энергияның сандық шамасы тірек құрылғыларын зертханалық сынау барысында гистерезис ілмегінің ауданымен анықталады.

Фрикциялық өзін-өзі орталықтандыратын маятникті тірек және фрикциялық тірек үшін гистерезисті қисық сызықтардың мысалдары 5.15-суретте көрсетілген.



5.15-сурет - SIP және SI-D фрикциялық өзін-өзі орталықтандыратын маятникті тіректердің SI типті гистерезисті қисық фрикциялық тіректері

5.8.6 Өзін-өзі орталықтандыратын маятникті тірекке орнатылған аралық құрылыстардың жеке көлденең тербелу кезеңі аралық құрылыс салмағына тәуелді емес және тіректердің сфералық беттерінің радиус функциясы болып табылады.

$$T = 2\pi \sqrt{\frac{R}{g}} . \quad (5.19)$$

Көлденең ығысулар кезіндегі қаттылықтың тиімді коэффициенті келесі формуламен анықталады:

$$K_{eff} = \frac{P}{R} + \frac{\mu P}{d} , \quad (5.20)$$

мұндағы μ - үйкеліс коэффициенті, d – орын ауыстыру.

5.8.7 Салыстырмалы демпфирлеу коэффициенті орын ауыстыру және үйкеліс коэффициенті арқылы анықталуы мүмкін:

$$\beta = \frac{2}{\pi} \frac{\mu}{\mu + d / R} . \quad (5.21)$$

5.8.8 Сфералық бет бойынша көлденең орын ауыстыру кезінде конструкцияны көтеру шамасын (тігінен орын ауыстыру) келесі формула бойынша анықтауға болады:

$$\delta_v \cong \frac{1}{2} \frac{d^2}{R} \quad (5.22)$$

5.8.9 Маятникті сейсмикалық оқшауландырғыштардағы конструкцияның тербеліс кезеңі көтеріп тұратын конструкцияның салмағына тәуелді болмағандықтан эластомерлі тірек бөліктерімен салыстырғанда көп артықшылықты береді, дегенмен эластомерлі сейсмооқшауландырғыштарды таңдаған жағдайда бірқатар деректерді ескеру керек.

5.8.10 Резеңке-металл оқшауландырғыштарды қолданған кезде тербеліс кезеңін ұлғайту үшін оларды орнықтылық жағдайымен шектелетін биіктігін ұлғайту керек. Фрикциялық маятникті тірек бөліктерін қолданған жағдайда тірек бөліктерінің радиустерін қарапайым өзгерту арқылы кезеңді өзгертуге қол жеткізуге болады.


5.8.11 Фрикциялық-маятникті тірек бөліктерінің басқа артықшылығы 130 000 кН дейін жоғары көтергіштік қабілеттігі болып табылады, бұл оларды үлкен аралық көпір конструкцияларында қолдануға мүмкіндік береді [4].

6 СЕЙСМООҚШАУЛАҒЫШ ҚҰРЫЛҒЫЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ МОДЕЛЬДЕРІ

6.1 Табиғи немесе синтетикалық резеңкеден жасалған резеңке-металл тірек бөліктерінің сызықтық математикалық моделі

6.1.1 Резеңке-металл тірек бөліктерінің сызықтық әрекеті тұрақты тиімді қаттылықты K_{eff} сызықтық серіппемен және C_{eff} тұрақты демпфирлеу коэффициенті бар сызықтық демпфермен модельденеді.

6.1.2 6.1-суретте көлденең күштің динамикалық сынаулар кезінде алынған орын ауыстыруға тәуелділігі көрсетілген. Жоғарғы плитаны көлденең орын ауыстырулар жеке жиілікке тең жиілікпен, есептік амплитудаға тең амплитудамен гармониялық заң бойынша берілді.




Гистерезис ілмектері: 1 – демпфирлеу коэффициенті аз тірек бөлігіне сәйкес келеді; 2 – демпфирлеу коэффициенті көп тірек бөлігіне сәйкес келеді.

6.1-сурет - Демпфирлеу коэффициенті аз және жоғары резеңке-металл тірек бөліктерінің математикалық моделі

6.1.3 Сонымен қатар қорғасын өзегі бар тірек бөлігінің сызықтық математикалық моделі K_{eff} тұрақты тиімді қаттылығы бар және C_{eff} тұрақты демпфирлеу коэффициенті бар демпферлі серіппені ұсынады.

6.1.4 6.2-суретте салыстыру үшін резеңке-металл тірек бөліктерінің әртүрлі үш түрдегі гистерезис ілмегі көрсетілген.

Тірек бөліктердің гармониялық әсерлеріне сынау барысында алынған графиктерден көріп отырғанымыздай орын ауыстырудан көлденең күштің тәуелділігі сызықтық емес. Сонымен қатар, сызықтық модельдерді қолдануға мүмкіндік беретін әдістемелер бар, бұл үшін тірек бөліктерінің эквивалентті сызықтық параметрлерін анықтау керек: атап айтқанда, тиімді қаттылық және тиімді демпфирлеу коэффициенті.




Гистерезис ілмектері: 1 – демпфирлеу коэффициенті аз тірек бөлігіне сәйкес келеді; 2 - демпфирлеу коэффициенті көп тірек бөлігіне сәйкес келеді; 3 – қорғасын өзекшесі бар тірек бөлігіне сәйкес келеді.

6.2-сурет - Демпфирлеу коэффициенті аз және жоғары және қорғасын өзекшесі бар резеңке-металл (эластомерлі) тірек бөліктерінің математикалық моделі

6.2 Гистерезистің бисызықты ілмегін қолдану арқылы резеңке-металл тірек бөліктерінің сызықтық сипаттамаларын анықтау әдістемесі

6.2.1 Тірек бөліктерінің эквивалентті сызықтық параметрлерін анықтау үшін: тиімді қаттылықты K_{eff} және тиімді демпфирлеу коэффициентін C_{eff} , тірек бөліктерін сынау кезінде алынған гистерезис ілмегін дәріптелген бисызықты ілмекпен алмастырады. Осы мақсат үшін гистерезистің нақты ілмегіне бисызықты салады (6.3-сурет), бұл кезде келесі талаптарды сақтау керек: максималды (шекті) орын ауыстыру d және гистерезис ілмегінің ауданы A_d сәйкес келуі тиіс.



6.3-сурет - Тиімді қаттылықты және демпфирлеу коэффициентін анықтау үшін бисызықты және нақты гистерезис ілмегін салу

6.2.2 Мұндай талаптар кезінде резеңке-металл тірек бөліктерінің эквивалентті сызықтық сипаттамалары төменде көрсетілген формулалармен анықталады.

Қаттылық коэффициенті: $K_{eff} = \frac{Q_0}{d} = \alpha K + \frac{Q_z}{d},$

Демпфирлеу коэффициенті: $\xi_{eff} = \frac{2Q_z(d - d_y)}{\pi d(Q_z + \alpha K d)},$

жиналған энергияға бір циклге ыдыраған энергия қатынасынан алынады:

$\xi_{eff} = \frac{A_d}{4\pi A_s},$ мұндағы $A_s = \frac{1}{2} K_{eff} d^2.$

6.2.3 Цикл ішінде ыдыраған энергияның шамасы келесі формуламен анықталады:

$$A_s = 4Q_z(d - d_y)$$

6.2.4 Бисызықтық жүйе үшін Q_z күштің мәні орнатылған процесс барысында нөлдік орын ауыстыру кезінде аққыштық шегіне тең. Q_y күштің мәні аққыштық басталатын d_y орын ауыстыруға сәйкес келеді - қаттылық коэффициенті бар αK , $\alpha < 1$ материалдың деформациясы, ол бастапқы коэффициент мәнінен K аз.

6.2.5 Бисызықтық жүйелер әрекетінің сызықтық емес салдарынан олардың сипаттамалары орын ауыстыруларға байланысты.

6.2.6 Сейсмооқшаулағыш құрылғының «күш-орын ауыстыру» қатынасын көлденең бағытта 6.4-суретте көрсетілгендей бисызықтық тәуелділік арқылы аппроксимациялауға болады.

6.2.7 [7.5.2.3.2(2)] Төменде ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012 сәйкес есептеулер кезінде қолданылатын бисызықтық аппроксимациялау параметрлері берілген:

d_y = аққыштыққа сәйкес орын ауыстыру;

d_{bd} = сейсмооқшаулағыш жүйенің d_{cd} есептік ығысуына сәйкес келетін сейсмооқшаулағыш құрылғының есептік ығысуы;

E_D = гистерезис ілмегімен жасалатын $= 4(F_y d_{bd} - F_{max} d_y)$ ауданға тең есептік ығысу d_{bd} кезіндегі цикл ішіндегі ыдыраған энергия;


F_y - монотонды жүктеме талаптарындағы аққыштық күші;

$F_0 = F_y - K_p d_y$ - циклді жүктеме әсеріндегі нөлдік ығысу кезіндегі күш;

F_{max} - есептік ығысуға d_{bd} сәйкес келетін максималды күш;

$K_e = F_y/d_y$ - сонымен қатар, циклді жүктеу кезінде түсіру қаттылығына тең монотонды жүктеме кезіндегі серпімді қаттылық;

$K_p = (F_{max} - F_y)/(d_{bd} - d_y)$ - (қатысты) серпімділік шектерінен тыс қаттылық.



6.4-сурет — «Күш-орын ауыстыру» гистерезисті режимнің бисызықты аппроксимациялауы

6.2.8 ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 сәйкес энергияны сейсмооқшаулағыш жүйесімен диссипациялауды ескеретін эквивалентті сызықтық модельді қолдануы мүмкін. Бұл жағдайда эквивалентті тұтқыр демпфирлеу қолданылады («тиімді демпфирлеу» ξ_{eff} және «тиімді қаттылық коэффициенті» K_{eff}).

6.2.9 Тіректердегі энергияны диссипациялау жеке тербелістер жиіліктерін және түрлерін қарастыратын диапазондағы тербеліс жиілігімен циклді режимде диссипацияланған энергияны өлшеу нәтижелері бойынша анықталуы тиіс. Осы диапазоннан тыс жоғары түрлері үшін диссипациялаудың модальды коэффициенті негізде қысылған суперқұрылымның диссипациялау коэффициентіне тең болуы тиіс.


6.2.10 Жеке сейсмооқшаулағыш элементтердің тиімді қаттылығы немесе тиімді демпфирлеуі есептік орын ауыстыруға d_{bd} тәуелді болған жағдайларда қабылданған және есептік мәндер арасындағы айырма қабылданған мәннен 5% жеткенге дейін итерациялық процедураны қолдану керек.

6.2.11 Энергияны және қорғасын өзекшесі бар эластомерлі тіректерді жоғары диссипациялау қабілеттігі бар эластомерлі тірек бөліктері үшін тиімді тұтқыр демпфирлеу коэффициентінің мәнін келесі формуламен анықтау керек:

$$\xi_{eff} = \frac{2F_0(d_{bd} - d_y)}{\pi K_{eff} d_{bd}^2} \quad (6.1)$$

6.3 Фрикциялық-маятникті тірек бөліктерінің математикалық моделі

6.3.1 Фрикциялық-маятникті тірек бөлігін қарастырамыз, оның бүгілген бетінің радиусы R тең, беттері сырғанаған кездегі үйкеліс коэффициенті μ тең (6.5-сурет).



6.5-сурет – Фрикциялық-маятникті тірек бөлігі

6.3.2 Тірек бөлігі элементтерінің көлденең ығысуына кедергі күші екінші орындағы кіші шамаларын ескермеу кезінде тепе-теңдік теңдеуімен анықталады (барлық күштердің тік және көлденең оське проекциялау қосындысы). Осыған сүйене отырып, біз келесіні аламыз:

$$Q = P \operatorname{tg} \varphi + \frac{F_{mp}}{\cos \varphi}, \quad (6.2)$$

6.3.3 Тірек бөлігінің жоғары плитасын жылжыту әдетте қисық сызық радиусымен салыстырғанда аз. Сонымен қатар, φ бұрышы да кіші, сондықтан u - көлденең және v - тігінен орын ауыстыру үшін жеңілдетілген формуланы алуға болады. Мұндай талаптар кезінде көлденең орын ауыстыру келесі формуламен анықталады:

$$u = R \sin \varphi \approx R \varphi, \quad (6.3)$$

6.3.4 Радиуспен салыстыру бойынша көлденең орын ауыстырудың төмен болған жағдайларда (6.2) формуласының түрі келесідей болады:

$$Q = P \left[\frac{u}{R} + \mu \operatorname{sign}(\dot{u}) \right], \quad (6.4)$$

Жылдамдық белгісіне байланысты $\operatorname{sign}(\dot{u})$ функция үйкеліс күшінің бағытын анықтайды.

6.3.5 Көлденең ығысу кезінде міндетті түрде туындайтын тігінен жылжыту көлденең ығысумен салыстырғанда кіші, сондықтан оны анықтау үшін косинусты дәрежелік қатарға орналастыруда екінші мүшені ескеру керек:

$$v = R(1 - \cos \varphi) = R(1 - 1 + \frac{\varphi^2}{2!} - \dots) \approx R \frac{\varphi^2}{2} \approx \frac{v^2}{2R} \quad (6.5)$$

Аралық құрылысты көлденеңінен орын ауыстыру кезінде тік тербелістердің жиілігі көлденең тербелістердің жиілігін екі есеге арттырады.


6.4 Фрикциялық-маятникті тірек бөліктерінің механикалық моделі

6.4.1 Фрикциялық-маятникті тірек бөліктерінің механикалық моделін екі элемент түрінде көрсетуге болады: сызықтық серіппе және фрикциялық демпфер (6.6-сурет). Серіппенің қаттылығы тірекке түсетін тік жүктеменің шамасымен және радиус шамасымен анықталады:

$$K = \frac{P}{R} \quad (6.6)$$


$$Q = F_{yn} + F_{mp} = P \frac{u}{R} + \mu P \text{sign}(\dot{u})$$

Күштің жылжытуға тәуелділігі



6.6-сурет - Фрикциялық-маятникті тірек бөліктерінің математикалық және механикалық моделі

6.4.2 Фрикциялық-маятникті тірек бөлігінің көлденең реакциясы екі компоненттен тұрады: салдарлы салмақты иілген бет бойынша сырғанау кезінде көтеру салдарынан туындаған қалпына келтіру күші және энергияны ыдырататын үйкеліс күші. Осы екі күш гистерезисті ілмекті қалыптастырады (6.7-сурет).



6.7-сурет - Фрикциялық-маятникті тірек бөлігінің гистерезис ілмегінің қалыптасуы

6.4.3 Фрикциялық-маятникті тірек бөлігінің осындай маңызды қасиетін атап айту керек: қайтпалы (серпімді) күш үйкеліс күшінен асуы тиіс, яғни келесі шарт орындалуы тиіс:

$$F_{yn} > F_{mp}, \text{ осыдан } u > \mu R \text{ келіп шығады.}$$


Олай болмаған жағдайда тірек бөлігінің маятникті әсері байқалмайды. Мұндай жағдай үлкен тербеліс кезеңі бар жүйелер үшін, яғни үлкен мәндер R кезінде орын алуы мүмкін.

$\text{sign}(\dot{u})$ функциясы жылдамдық бағытына байланысты үйкеліс күшінің бағытын есепке алу үшін қолданылады.

6.5 Фрикциялық-маятникті тірек бөліктерінің сызықтық моделі

6.5.1 Дәріптелген гистерезис ілмегі

6.5.1.1 Фрикциялық-маятникті тірек бөліктерін сынау кездерінде үзік-үзік бір қалыпты емес қозғалыс пайда болатын гистерезис ілмектерін алады (6.8-сурет). Мұндай үзік-үзік қозғалыс беттер арасындағы үйкеліс коэффициенті тұрақты шама болып табылмайтындығына байланысты.



6.8-сурет – Фрикциялық-маятникті тірек бөліктерінің үзік-үзік қозғалыс дәріптелген гистерезис ілмегі бар нақты

6.5.1.2 Есептеулерде мұндай гистерезис ілмегі дәріптелген ілмектің ауданы сынаулар нәтижесінде алынған ілмек ауданына тең деген дәріптелген болжамдарда ауыстырылады. Сонымен қатар, тәжірибелі қисық сызықтың қисық сызықты учаскелері түзу сызықтармен ауыстырылады. Мұндай талаптарда гистерезисті қисық сызық 6.8-суретте көрсетілген түрді қабылдайды.

6.5.1.3 Резеңке-металл тірек бөліктері жағдайындағы сияқты сызықтық есептеулер үшін тірек бөлігінің эквивалентті сызықтық параметрлерін анықтау керек.

6.5.2 Фрикциялық-маятникті тірек бөліктерінің эквивалентті сызықтық сипаттамалары

6.5.2.1 Көлденең күштің орын ауыстыруға тәуелділігі келесі формуламен сипатталады:

$$Q = \frac{P}{R} u(t) P \mu \text{sign}(\dot{u}) \quad (6.7)$$

Сынау нәтижесінде алынған гистерезис ілмегінің ауданын d тең A_d есептік орын ауыстыру кезінде белгілейміз.

6.5.2.2 d орын ауыстыру кезінде тиімді қаттылық коэффициенті келесі формуламен анықталады:

$$K_{eff} = \frac{Q}{d} = \frac{P}{R} + \frac{\mu P}{d} \quad (6.8)$$

6.5.2.3 d орын ауыстыру кезінде тиімді салыстырмалы демпфирлеу коэффициенті келесі формуламен анықталады:

$$\xi_{eff} = \frac{E_d}{4\pi E_s} = \frac{4\mu P d}{4\pi(0.5K_{eff}d^2)} = \frac{2\mu P}{\pi(\mu R + d)} \quad (6.9)$$

6.5.2.4 Фрикциялық-маятникті тірек бөліктерінің барлық алынған сипаттамалары орын ауыстыруға тәуелді болады.

6.6 Фрикциялық тірек бөлігінің механикалық-математикалық моделі


6.6.1 Тегіс фрикциялық тірек бөлігінің әрекетін бағалау үшін бастапқы формула ретінде сфералық фрикциялық-маятникті тірек бөлігі үшін бұрын алынған тәуелділікті қолдануға болады (6.9-сурет):

$$Q = \frac{P}{R}u(t) + \mu P \text{sign}(\dot{u}) \quad (6.10)$$

6.6.2 Тегіс тірек бөліктері үшін тірек беттерінің радиусын шексіздікке бағыттау керек: ($R \rightarrow \infty$). Бұл жағдайда (6.10) формуласы келесі түрге түрленеді:

$$Q = \mu P \text{sign}(\dot{u}) \quad (6.11)$$

Осылайша, көлденең күш үйкеліс күшіне тең.



6.9-сурет - Күштің фрикциялық тірек бөлігінің орын ауыстыруына тәуелділігі

7 ДЕМПФИРЛЕУШІ ҚҰРЫЛҒЫЛАР

7.1 Жалпы мәліметтер

7.1.1 Көпірлерге арналған демпфирлеуші құрылғыларды есептеу бойынша нормативтік құжаттың болмауына байланысты көпірлерге арналған сейсмооқшаулағыш құрылғыларды есептеу барысында ғимараттар және соларға ұқсас құрылыстар үшін әзірленген құжаттар қолданылады.

Демпфирлеуші құрылғылар негізінде соңғы уақытта пайда болды, сондықтан олардың жұмыс сипаттамалары сынау нәтижесінде анықталады. Сонымен қатар, бірқатар

елдерде демпфирлеуші құрылғыларды сынау барысында орындау қажет нұсқаулықтар және талаптар әзірленгендігін атап айту керек [8].

7.2 Конструкцияның демпфирлеуші қасиеттері

7.2.1 Кез келген материалдан жасалған кез келген конструкция тербелістер кезінде энергияны ыдырату қасиетіне ие. Энергияны ыдырату шамасын салыстырмалы демпфирлеу коэффициентімен ξ сипаттау қабылданған.


7.2.2 Есептеулерде 7.1-кестеде берілген құрылыс конструкцияларын демпфирлеудің келесі коэффициенттері қолданылуы мүмкін.

7.1-кесте - Әртүрлі материалдардан алынған конструкциялар үшін демпфирлеу коэффициенттерінің ξ мәні

Конструкция түрі	ξ
Дәнекерленетін болат фермалар (жақтаулар)	0,010
Бұрандамалы қосылыстары бар болат фермалар (жақтаулар)	0,020
Сызаттар пайда болғанға дейін алдын ала кернеуленген темірбетон конструкциялар	0,015
Сызаттар пайда болғанға дейінгі темірбетон конструкциялар	0,020
Сызаттар пайда болған кездегі темірбетон конструкциялар	0,035
Зақымдануларды ескерумен болат конструкциялар	0,050

7.2.3 Конструкциялық демпфирлеу конструкцияның маңызды сипаттамаларының бірі. Демпфирлеу резонанс кезінде аса тиімді байқалады. Резонансқа жуық жүктеу кезінде демпфирленген жүйені жылжыту статикалық орын ауыстырудан $\left(\frac{1}{2\xi}\right)$ тең шамамен шектелген. Осылайша, демпфирлеуді ұлғайту құрылыстың динамикалық әсерге реакциясын азайтады.

7.2.4 Құрылысқа тән конструкциялық (ішкі) демпфирлеу жеткіліксіз болған жағдайларда қосымша демпфирлеуші құрылғылар қолданылады (7.1-сурет).



Салыстырмалы критикалық демпфирлеу коэффициенті $\xi_{кр} = 1$

7.1-сурет - Қосымша демпфирленбейтін және қосымша демпфирленетін құрылыстардың схемалары

7.2.5 4.1.3 ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012 сәйкес, егер конструкцияны есептеу кезінде реакция спектрлерінің концепциясы қолданылатын болса, негіз ретінде сейсмикалық әсерлер кезінде энергияның көп бөлігі ыдырайтын элементтердің материал таңдай отырып, тұтқыр демпфирлеудің эквивалентті салыстырмалы коэффициенттерінің ξ мәндерін қолдануға жол беруге болады. Әдеттегідей, бұл көпір тіректерінде орын алады. Әртүрлі материалдарға арналған тұтқыр демпфирлеудің эквивалентті салыстырмалы коэффициенттерінің ұсынылған мәндері төменде берілген.

Дәнекерленетін болат конструкциялар	0,02
Бұрандамалы болат конструкциялар	0,04
Темірбетон	0,05
Алдын ала кернеуленген бетон	0,02

ЕСКЕРТПЕ Егер конструкция салыстырмалы тұтқыр демпфирлеудің ξ_i әртүрлі коэффициенттері бар бірнеше i элементтерден тұратын болса, конструкцияның ξ_{eff} тиімді тұтқыр демпфирленуін келесі формула бойынша бағалауға болады:

$$\xi_{eff} = \frac{\sum \xi_i E_{di}}{\sum E_{di}},$$

мұндағы E_{di} — бұл сейсмикалық әсер нәтижесінде туындаған i -ші элементтегі деформация энергиясы. Тиімді демпфирлеу коэффициенттері сәйкесінше мәнді E_{di} қолдану арқылы әрбір жеке жиілік үшін есептелуі мүмкін.

7.3 Демпфирлеуші құрылғылардың түрлері


7.3.1 Гидравликалық демпферлер

7.3.1.1 Гидравликалық демпферлер поршеньдерді ауыстыратын тұтқыр сұйықтықпен толтырылған цилиндрді ұсынады (7.2-сурет). Поршеньдер кішкентай тесіктер немесе

саңылаулар арқылы сұйықтықты ауыстырады, нәтижесінде жылдамдыққа тәуелді кедергі күші туындайды:

$$F = cV^k, \quad (7.1)$$

мұндағы c – константа, V - поршеньнің жылдамдығы, k – келесі шектерде өзгеруі мүмкін параметр: $k = 0,1 \div 1,2$. Бірлікке тең параметр k кезінде күш және жылдамдық арасындағы тәуелділік сызықты болады.



7.2-сурет - Гидравликалық демпфердің схемасы

7.3.1.2 Соңғы онжылдықта гидравликалық демпферлер көпірлерді жобалауда қолданылды. Мысал ретінде Сан-Францискодағы Golden Gate Bridge атауға болады. осы көпірді реконструкциялау кезінде орын ауыстыруды азайту үшін тіректер мен фермалар арасына гидравликалық демпферлер орнатылды. Осы демпферлердің поршеньдерін есептік максималды жылжыту 1250 мм, жылдамдықтың шекті мәні 1880 мм/сек. Бұл жағдайда максималды күш 2890 кН жасалады.

7.3.1.3 Гидравликалық демпферлердің құндылықтары:

- сенімділік;
- күштің көп мәні және орын ауыстыру кезінде қолдану мүмкіндігі;
- конструкцияның қаттылығын ұлғайтпайды;
- демпфирлеуші күштер конструкцияларда туындайтын серпімді күштердің фазасы бойынша ерекшеленеді;
- температураға біршама тәуелділігі;
- сызықтық модельдерді қолдану мүмкіндігі.

7.3.1.4 Гидравликалық демпферлердің кемшіліктері:


- жоғары бағасы;
- күшті жер сілкінісін есептеу барысында сызықтық әрекет шектерін бағалау жиі қиындық тудырады, сондықтан сызықтық емес модельдерді қолдану керек;
- көптеген практикалық есептеулерде күштің жылдамдыққа тәуелдігін анықтайтын деңгей көрсеткіші бірліктен аз болады, бұл сонымен қатар сызықтық емес есептеулерді қолдану қажеттілігіне алып келеді.

7.3.1.5 [7.5.2.3.4(1)] Гидравликалық демпферлердің реакциясы орын ауыстыру жылдамдығына пропорционалды $v^{\alpha b}$, ұсынылады, мұндағы

$$v = \dot{d}_b = \frac{d}{dt}(d_b) \text{ — жылжыту жылдамдығы.}$$

Осы реакция максималды ығыстыру кезінде $d_{\max} = d_{bd}$ нөлге тең болатындықтан, ол сейсмооқшаулағыш жүйенің тиімді қаттылығына қандай да бір үлес қоспайды.

Сұйықтықты тұтқыр демпфер күшінен ығысу тәуелділігі экспонент α_b мәніне сәйкес 7.3-суретте көрсетілген (синусоидті қозғалыс үшін).



7.3-сурет — «Күш-орын ауыстыру» тәуелділігі

$$d_b = d_{bd} \sin(\omega t), \text{ при } \omega = 2\pi / T_{eff};$$

$$F = C v^{\alpha_b} = F_{\max} (\cos(\omega t))^{\alpha_b};$$

$$F_{\max} = C (d_{bd} \omega)^{\alpha_b};$$

$$E_D = \lambda(\alpha_b) F_{\max} d_{bd};$$


$$\lambda(\alpha_b) = 2^{2+\alpha_b} \frac{\Gamma^2(1+0,05\alpha_b)}{\Gamma(2+\alpha_b)};$$

$\Gamma()$ = гамма-функция.

ЕСКЕРТПЕ Параметр мәндері α_b төмен кейбір гидравликалық демпферлерді сипаттау үшін E_D арналған сынау нәтижелерімен «күш-орын ауыстыру» қатынасының қанағаттанарлық сәйкестігін қамтамасыз ету үшін сызықтық серіппесімен (сұйықтықтың сығылуын ескеретін) тұтқыр элементтің жүйелі комбинациясынан тұратын модельді қолдану талап етіледі. Бұл жағдайда құрылғымен (E_D) энергияға елеулі ықпал ететіндігін айта кету керек.

7.3.2 Тұтқыр-серпімді демпферлер

7.3.2.1 Тұтқыр-серпімді демпферлер болат табақтардан және резеңке тәрізді полимерден жасалған тұтқыр-серпімді төсемелерден тұрады (7.4-сурет). Орташа болат пластиналар конструкцияға бекітіледі. Болат пластиналарды ығыстырған кезде полимерлі төсемелер ығысу деформациясын сынайды. Бұл кезде материалды қыздыру орын алады және қыздыру кезінде пайда болған жылу қоршаған ортаға ыдырайды.



7.4-сурет - Тұтқыр-серпімді демпфер схемасы

7.3.2.2 Өзінің жаратылысы бойынша тұтқыр-серпімді демпферлер тұтқыр да және серпімді қасиеттерді көрсетеді, яғни демпфер жұмыс істеп тұрған кезде туындайтын күш жылжытуға және жылдамдыққа байланысты.

7.3.2.3 Тұтқыр-серпімді демпферлердің сипаттамалары гармониялық әсерлерді сынау нәтижесінде анықталады. Мұндай сынаулар кезінде берілген жиілік және амплитудамен синусоидальды орын ауыстыру беріледі және осы орын ауыстыруларды тудыратын күштер өлшенеді.



7.3.3 Металдың аққыштығын қолданатын демпферлер

7.3.3.1 Апатты жер сілкінулер кезінде жартылай қирауларға алып келетін аққыштық пайда болатын элементтерде металл диссипативтік құрылғыларды қолдану әлемде шамамен 30 жыл бұрын таралған. Бұл демпферлер қатты жер сілкінулерде құрбан етіледі.


7.3.3.2 Әдетте мұндай құрылғылар созу-сығу, бұғу немесе бұрау арқылы жұмыс істейтін бір немесе бірнеше болат элементтерден тұрады. Қатты жер сілкіністері кезінде болат элементтер серпімділік шектерінен тыс жұмыс істейді.

7.3.3.3 7.5-суретте демпфирлеуді және қаттылықты ұлғайту үшін ғимараттарда кең қолданылатын пластина тәрізді демпфер көрсетілген. Осындай демпферлер көпірлерге арналған тірек бөліктері ретінде де қолданылады.

7.3.3.4 Гистерезис ілмегі ретінде қисық сызық қолданылатын осындай демпфердің математикалық моделі 7.6-суретте көрсетілген.



7.5-сурет - ADAS типті болат пластина тәрізді демпфер



7.6-сурет - ADAS типті демпфердің дәріптелген гистерезис ілмегі

7.3.3.5 Көлденең күштің орын ауыстыруға тәуелділігін анықтау үшін қажетті параметрлер келесі формуламен анықталады:

$$K = \frac{n(2 + a/b)EI}{L^3} - \text{бастапқы қаттылық,}$$

$$F_y = \frac{nf_y b t^3}{4L} - \text{аққыштық пайда болатын күш,}$$

n - пластиналар саны,

f_y - әрбір пластинаның аққыштығы басталатын күш,

I - пластинаның жоғарғы шегі арқылы өтетін оське қатысты әрбір пластинаның иілу кезіндегі инерция моменті.

7.3.3.6 Аққыштық қолданылатын демпферлердің құндылықтары:

- реакцияның шектеулі мәні;
- монтаждау қарапайымдылығы;
- жоғары емес бағасы;


- қосылған демпфер қаттылықты және демпфирлеуді бір уақытта ұлғайтады.

7.3.3.7 Аққыштық қолданылатын демпферлердің кемшіліктері:

- демпферлерді қатты жер сілкінулерден кейін ауыстыру керек;
- қатты жер сілкінулерге шамалау кезінде сызықтық әрекеттің шектерін бағалау қиын, сондықтан сызықтық емес модельдерді қолдану керек;
- жүйенің қаттылығы қажет болмаған жағдайларда да ол ұлғаяды;
- қалған деформациялардың пайда болуы мүмкін.

7.3.4 Металдың бетонмен ұстаспайтын болатбетонды қиғаш тіреулері


7.3.4.1 Болатбетонды қиғаш тіреулер көлденең қимада айқыш тәрізді пішіні бар аққыштық шегі төмен болат өзектерден тұрады. Өзектің бүгілуінің алдын алатын болат құбырға өзек орналастырылады. Өзек пен құбыр арасындағы кеңістік бетонмен толтырылады. Өзекке металдың бетонмен ұстасуының алдын алатын жабын алдын ала салынады (7.7-сурет).



7.7-сурет - Болатбетонды демпфер схемасы

7.3.4.2 Демпферді созу және сығу кезінде тек болат өзек жұмыс істейді. Болат қабықша және бетонды толтыру бүгілудің (сығу кезіндегі орнықтылықтың жоғалуы) алдын алады. Бұл құрылғылар 1980 жылы Жапонияда ойлап шығарылды және патенттелді.

7.3.4.3 Сынаулар көрсеткендей, циклді жүктемелер кезінде мұндай демпферлер бір цикл ішінде үлкен энергияны ыдыратады. 7.8-суретте осы сынаулар кезінде алынған гистерезистің типтік ілмектері көрсетілген.



7.8 -сурет - Болатбетонды қиғаш тіреулер гистерезисінің типтік ілмектері
(көлденең ось бойынша- см есептегендегі жылжыту, тік ось бойынша - кН есептегендегі күш)

7.3.4.4 Болатбетонды қиғаш тіреулер әртүрлі типтегі құрылыстың сейсмикалық төзімділігін жақсарту үшін қолданылады. Шамалы жер сілкінулер кезінде және жел әсерлеріне бұл құрылғылар қарапайым байланыстар сияқты серпімді кезеңде жұмыс істейді, ал қатты жер сілкінулер кезінде демпферлер ретінде жұмыс істейді.

7.3.4.5 Болатбетонды демпферлердің құндылығы:

- реакцияның шектеулі мәні;
- жоғары емес құны;
- өндіру және монтаждау қарапайымдылығы;
- қаттылықты және демпфирлеуді бір уақытта ұлғайту мүмкіндігі.

7.3.4.6 Болатбетонды демпферлердің кемшіліктері:

- осындай демпферлерді қатты жер сілкінулерден кейін ауыстыру қажеттілігі;
- қатты жер сілкінулерге шамалау кезінде сызықтық әрекеттің шектерін анық анықтау мүмкін емес, сондықтан сызықтық емес модельдерді қолдану керек;
- жүйенің қаттылығын ұлғайту;
- қалған деформациялардың пайда болуы мүмкін.

8 МОДЕЛЬДЕУ ЖӘНЕ СЕЙСМООҚШАУЛАНҒАН КӨПІРЛЕРДІ ЕСЕПТЕУ ӘДІСТЕРІ

8.1 Жалпы ережелер

8.1.1 Сейсмооқшаулағыш жүйелер әрқашан сызықтық емес қасиеттерге, ал жиі елеулі түрде сызықтық емес қасиеттерге ие. Сонымен қатар, көптеген елдердің нұсқаулықтарында сейсмооқшаулағыш құрылғыларды есептеу үшін сызықтық модельдер

қолданылады, мұнда энергияны диссипациялау тұтқыр демпфирлеумен, ал тірек бөліктерінің қаттылығының сызықтық емес тәуелділігі сызықтық модельмен ауыстырылады. Демпфирлеудің 30% астам салыстырмалы коэффициенті бар сейсмооқшаулағыш құрылғылар және өзін-өзі орталықтандырмайтын фрикциялық сейсмооқшауландырғыштар ерекшелік жасайды.

8.1.2 Сызықтық модельдерді алдын ала есептеу кезеңінде қолдануға болады. соңғы есептеуді сейсмооқшауландырғыштардың сызықтық емес әрекетін ескере отырып орындау ұсынылады.

8.1.3 [7.5.1(1)] Сейсмооқшаулағышы бар көпірлерді есептеу үшін осы Құралдың 8.2-т. көрсетілген қолдану шарттарымен келесі есептеу әдістері қолданылады.

- а) Бір модальды спектральды талдау.
- б) Жеке тербеліс түрлері бойынша жіктеу арқылы мультимодальды спектральды талдау.
- в) Уақытша аумақтағы сызықтық емес талдау.

8.1.4 [7.5.1(2)P] Осы Құралдың 8.2-т. көрсетілген шарттарға қосымша 8.1.3-тармақта берілген (а) және (б) әдістерін қолдану кезінде келесі талаптарды орындау керек:

- сейсмооқшауланған жүйенің «күш-орын ауыстыру» сызықтық емес тәуелділігін тиімді қаттылықты (K_{eff}), яғни есептік ығыстыру кезінде қию қаттылығының мәнін қолдана отырып, жеткілікті жоғары дәлдікпен аппроксимациялау керек (осы Құралдың 6.4-суретін қараңыз). Мұндай көрініс есептік ығысуды (d_{cd}) жүйелі жақындату арқылы анықталуы тиіс.

- энергияны сейсмооқшаулағыш жүйемен ыдырату эквивалентті тұтқыр демпфирлеу - «тиімді демпфирлеу» (ξ_{eff}) бірліктерінде көрсетілуі тиіс.

8.1.5 [7.5.1(3)] Егер сейсмооқшаулағыш жүйе тек қарапайым әлсіз-демпфирлеуші эластомерлі тірек бөліктерінен тұратын болса, (шамамен 0,05 құрайтын тұтқыр демпфирлеудің эквивалентті коэффициенті), онда осы құралдың 10.2-тарауында берілген сызықтық динамикалық талдау әдістері қолданылуы мүмкін. Эластомерлі тірек бөліктері жылжу кезінде (және сығу кезінде) деформацияланатын сызықтық серпімді элементтер ретінде қарастырылуы мүмкін. Бұл жағдайда оларды демпфирлеу конструкцияның жалпы тұтқыр демпфирлеуіне тең болуына жол беруге болады ҚР ҚН ЕН 1998-2:2005+A1:2009/2012) (7.5.2.3.3(2)-тармақшасын қараңыз. Барлық конструкция серпімді күйінде қалуы тиіс.

8.2 Есептеу әдістерін қолдану шарттары

8.2.1 [7.5.3(1)P] Негізгі ауытқу түрін қолданатын спектральды әдіс келесі барлық шарттарды орындаған жағдайда қолданылуы мүмкін:

а) Көпірден бастап белгілі жақын белсенді жер сілкіну көзіне дейінгі арақашықтық 10 км асады.

б) Көпір құрылысы алаңының топырақ күйі 3.3.2 ҚР НТҚ 08-01.1-2012 сәйкес ІА, ІБ, ІІ немесе ІІІ топырақ түрінің біреуіне сәйкес келеді.

в) Тиімді салыстырмалы демпфирлеу коэффициенті 0,30 аспайды.

8.2.2 [7.5.3(2)P] Егер 8.2.1-тармақта берілген б) және в) екі шарты да орындалса, мультимодальды спектральды талдау қолданылуы мүмкін.

8.2.3 [7.5.3(3)] Уақытша аумақтағы сызықтық емес талдау кез келген оқшауланған көпірді есептеу үшін қолданылуы мүмкін.

8.3 Есептеу әдістері

8.3.1 Негізгі ауытқу түрін қолданатын спектральды әдіс

8.3.1.1 Бір еркін дәрежесі бар модельді қолданған кезде қатты аралық құрылыс моделін қолдану ұсынылады.

8.3.1.2 [4.2.2.3(1)] Егер сейсмикалық әсерлер кезінде көлденең жазықтықта аралық құрылыс деформациясында көпір тіректерінің жоғары бөліктерін көлденең ығыстырумен салыстырғанда елеулі шамасы бар болған жағдайда ғана, көпірдің қатты моделі қолданылады. Бұл шарт әрдайым жіктестірілмеген аралық құрылымдары бар түзу сызықты көпірлерге жуық бойлық бағытта орындалады. Көлденең бағытта аралық құрылыс қатты деп саналады, егер $L/B < 4,0$ немесе егер келесі шарт орындалатын болса:

$$\frac{\Delta_d}{d_a} \leq 0,20, \quad (8.1)$$

мұндағы L — жіктестірілмеген аралық құрылыстың жалпы ұзындығы;

B — аралық құрылыстың ені;

Δ_d и d_a — сәйкесінше максималды айырманы және көлденең бағытта сейсмикалық әсерлер кезінде немесе осындай бөлумен көлденең жүктеме кезінде көпір тіректерінің барлық жоғары бөліктерін көлденең бағытта ығыстырудың орташа мәнін ұсынады.

8.3.1.3 [4.2.2.3(2)P] Жер сілкіну әсерін эквивалентті көлденең статикалық күшті F келесі формуламен анықталатын аралық құрылысқа түсіре отырып анықтауға болады:

$$F = MS_d(T), \quad (8.2)$$

мұндағы M — тіректің жоғарғы жартысының салмағымен бірге түсірілген аралық құрылыс салмағына тең конструкцияның жалпы тиімді салмағы;

$S_d(T)$ — көпірдің жеке тербеліс кезеңіне T сәйкес келетін есептік спектрді спектральды үдету (4.2.5 ҚР НТҚ 08-01.1-2012), ол келесі түрде анықталады:

$$T = 2\pi \sqrt{\frac{M}{K}}, \quad (8.3)$$

мұндағы $K = \sum K_i$ - жұмысқа қосылған элементтердің қаттылық қосындысына тең жүйенің қаттылығы.

8.3.1.4 [4.2.2.3(3)] Көлденең бағытта F күші аралық құрылысты бойлай тиімді салмақтардың таралуына пропорционалды таралуы мүмкін.

8.3.1.5 Әрбір негізгі бағытта оқшаулау жүйесі бөлімінің беті арқылы берілетін жылжу күші конструкция келесі берілген параметрлерді қолдану арқылы бір еркін дәрежесі бар жүйе болып табылатын жағдайда анықталуы тиіс:

- сейсмооқшаулағыш жүйенің тиімді қаттылығы, K_{eff}
- сейсмооқшаулағыш жүйені тиімді демпфирлеу, ξ_{eff}
- жоғары құрылыс салмағы, M_d

— спектральды үдету $S_e(T_{eff}, \eta_{eff})$ (4.2.5-т. қараңыз ҚР НТҚ 08-01.1-2012), тиімді кезеңге сәйкес келеді, $T_{eff}, \eta_{eff} = \eta(\xi_{eff}$ кезінде).

Осы параметрлердің мәндері келесі түрде анықталуы тиіс:

— тиімді қаттылық

$$K_{eff} = \sum K_{eff,i}, \quad (8.4)$$

мұндағы $K_{eff,i}$ — оқшауландырғыштың қаттылығымен анықталатын және төменгі құрылысқа (тірекке) i сәйкес келетін эквивалентті қаттылық,

— тиімді демпфирлеу

$$\xi_{eff} = \frac{1}{2\pi} \left[\frac{\sum E_{D,i}}{K_{eff} d_{cd}^2} \right], \quad (8.5)$$

мұндағы $\sum E_{D,i}$ — d_{cd} есептік ығысу кезінде толық деформация циклі ішінде барлық оқшауландырғыштар ыдырататын i энергияның саны,

— тиімді кезең

$$T_{eff} = 2\pi \sqrt{\frac{M_d}{K_{eff}}}. \quad (8.6)$$

$$a_g = \gamma_I a_{g,R}, \quad (8.7)$$

$$\text{және} \quad d_c = \frac{0,625}{\pi^2} a_g S \eta_{eff} T_c^2. \quad (8.8)$$

η_{eff} мәні келесі формуладан алынуы мүмкін:

$$\eta_{eff} = \sqrt{\frac{0,10}{0,05 + \xi_{eff}}} \geq 0,40. \quad (8.9)$$

Максималды көлденең күш

$$V_d = M_d S_e = K_{eff} d_{cd}, \quad (8.10)$$

Топырақтың түріне байланысты есептік спектрдің параметрлері ҚР НТҚ 08-01.1-2012 сәйкес анықталады;

a_g — ІА типті топырақ және көпір жауапкершілігінің санаты үшін топырақ бетін есептік үдету;

γ_I — жауапкершілік коэффициенті моста;

$a_{g,R}$ — топырақтың референтті есептік үдеуі, (референтті қайталау кезеңіне сәйкес келетін);


ЕСКЕРТПЕ Орын ауыстыру кезіндегі қаттылықпен K_{si} (кН/м), көлденең қаттылығымен K_{ti} (кН/м), бұру кезіндегі қаттылығымен K_{fi} (кНм/рад) негізге тірелген биіктігі H_i тіректер және K_{bi} (кН/м) қаттылықпен i оқшауландырғышы үшін тиімді қаттылық $K_{eff,i}$ (8.1-суретті қараңыз) келесі формуламен анықталады:

$$\frac{1}{K_{eff,i}} = \frac{1}{K_{bi}} + \frac{1}{K_{ti}} + \frac{1}{K_{si}} + \frac{H_i^2}{K_{fi}}. \quad (8.11)$$

Оқшауландырғыштың икемділігі және оған сәйкес келетін салыстырмалы жылжыту

$d_{bi} = \frac{F_i}{K_{bi}}$ әдетте жоғары құрылыстың басқа орын ауыстыру компоненттерінің ұқсас

параметрлерінен аздап артады. Осы себеппен жүйені тиімді демпфирлеу оқшауландырғыштар ыдырататын энергияға ғана ΣE_{Di} тәуелді, ал оқшауландырғышты салыстырмалы жылжыту осы нүктедегі жоғары құрылысты жылжытуға іс жүзінде теңестіріледі ($d_{bi}/d_{id} = K_{eff,i}/K_{bi} \cong 1$).



Шартты белгілер

A — жоғары құрылыс; B — оқшауландырғыш; C — тірек

8.1-сурет — Көпір тірегінің және оқшауландырғыштың i тиімді қаттылығы

8.3.1.7 [7.5.4(4)] Елеулі түрде сызықтық емес жүйелерде K_{eff} және ξ_{eff} есептік ығысуға d_{cd} байланысты (6.4-суреттегі d_{bd} қараңыз). Болжанатын және есептелген мәндер арасындағы ауытқу $\pm 5\%$ шектерінде болатындай d_{cd} параметрін бағалау үшін жүйелі аппроксимациялау процедурасын орындау қажет.

8.3.1.8 [7.5.4(5)] Сейсмооқшаулау жүйесіне және негізгі көлденең бағыттағы төменгі құрылысқа сейсмикалық әсерін (мысалы, y бағытын), бойлық бағыттағы (тиімді қаттылық ортасы және аралық құрылыс салмағының ортасы арасындағы) e_x эксцентриситеттің көпір тірегіне i қатысты жоғары құрылыстың d_{id} ығысуына ықпалын анықтау үшін келесі түрде бағаланады:

$$d_{id} = \delta_i d_{cd}; \quad (8.12)$$

$$\delta_i = 1 + \frac{e_x}{rr_x} x_i; \quad (8.13)$$

мұндағы

$$r_x^2 = \frac{\sum (x_i^2 K_{yi} + y_i^2 K_{xi})}{\sum K_{yi}}, \quad (8.14)$$

мұндағы e_x — бойлық бағыттағы эксцентриситет;

r — салмақ ортасы арқылы өтетін вертикальды осьтің айналасындағы аралық құрылыстың айналу радиусы;

x_i және y_i — тиімді қаттылық ортасына қатысты көпір тірегінің i координаты;

K_{yi} және K_{xi} — сәйкесінше y және x бағыттарындағы оқшауландырғыштың және көпір тірегінің i тиімді жалпы қаттылығы.

ЕСКЕРТПЕ В Тіп-тік көпірлерде, әдеттегідей, $y_i \ll x_i$. Мұндай жағдайларда (8.14) формуласындағы $y_i^2 K_{xi}$ туынды түсірілуі мүмкін.

8.3.1.9 [7.5.4(6)P] Көлденең құраушы сейсмикалық әсерлерді комбинациялау үшін ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012, 4.2.1.4(2) ережесі қолданылуы тиіс.

8.3.1.10 [4.2.1.4(1)] X және Y көлденең осьтердің және Z тік осьтің бойындағы максималды бір мерзімдік сейсмикалық әсерлердің мүмкіндігін ҚР ҚН EN 1998-1:2004 4.3.3.5.2(4)-тармақшасына сәйкес, яғни әрбір осьті бойлай тәуелсіз сейсмикалық әсерлердің салдарында E_x , E_y және E_z максималды әсерлердің «шаршы қосындысынан алынған шаршы түбірі» ережесіне сәйкес анықтауға болады:

$$E = \sqrt{E_x^2 + E_y^2 + E_z^2}. \quad (8.15)$$

8.3.1.11 ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 [4.2.1.4(2)] 4.3.3.5.2(4)-тармақшаларына сәйкес ықтимал максималды әсер ету тиімділігін E (4.18) - (4.22) ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 формулаларға сәйкес есептелген барлық әсерлердің қатарынан ең жағымсыз әсерін қабылдауға болады.

8.3.2 Мультимодаьды спектральды талдау

8.3.2.1 [7.5.5(1)P] Сейсмооқшаулағыш жүйені модельдеу жеткілікті дәлдік деңгейімен келесіні көрсетуі тиіс:

- оқшауландырғыштарды кеңістікке бөлу және салыстырмалы аударылу моменті;
- екі көлденең бағыттағы үдемелі жылжыту және жоғары құрылыстың тік осін айналдыра айналуы.

8.3.2.2 [7.5.5(2)P] Жоғары құрылысты модельдеу жоспарда оны деформациялаудың жеткілікті дәлдік дәрежесімен көрсетілуі тиіс. Кездейсоқ салмақтың эксцентриситеттері ескерілмеуі мүмкін.

8.3.2.3 [7.5.5(3)] Төменгі құрылысты модельдеу жеткілікті дәлдік дәрежесімен қаттылықты бөлуді және іргетастың айналмалы қаттылығын көрсетуі тиіс. Егер көпір тірегінде біршама салмақ және биіктік болса, немесе ол суға батырылған болса, оның салмағының бөлінуін дәл модельдеу керек.

8.3.2.4 [7.5.5(4)] (8.5) формулаға сәйкес анықталатын тиімді демпфирлеу тек көпір тербелісінің жеке түрлеріне ғана қолданылады, олардың кезеңдері $0,8T_{eff}$ асады. Егер салыстырмалы демпфирлеу коэффициентін дәлме-дәл есептеу әдісі жоқ болса, барлық қалған тербеліс түрлері үшін сейсмооқшаулағышы жоқ сәйкесінше конструкцияны демпфирлеу коэффициенті қолданылуы тиіс.

8.3.2.5 [7.5.5(5)P] Сейсмикалық әсерлердің көлденең құраушыларының комбинациясы үшін ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012, 4.2.1.4(2) ережесі қолданылуы тиіс.

8.3.2.6 [7.5.5(6)] Сейсмооқшауланған жүйенің (d_{cd}) қаттылық ортасын салдарлы ығыстыру және әрбір екі көлденең бағыттағы оқшаулау жүйесі бөлімінің (V_d) беті арқылы берілетін салдарды толық жылжу күші келесі түрде төменгі шекті мән бойынша бағалануы тиіс:

$$p_d = \frac{d_{cd}}{d_{cf}} \geq 0,80, \quad (8.16)$$

$$p_v = \frac{V_d}{V_f} \geq 0,80, \quad (8.17)$$

мұндағы d_{ef} , V_f — 7.5.4 ҚР ҚН ЕН 1998-2:2005+A1:2009/2012 сәйкес негізі тербеліс түрін қолдану арқылы спектральды талдауға сәйкес есептелген окшаулау жүйесі бөлімінің беті арқылы берілетін есептік орын ауыстыру және жылжу күші. 7.5.3(1)Р ҚР ҚН ЕН 1998-2:2005+A1:2009/2012 шектеулер (8.16) және (8.17) формулаларды бағалау кезінде қолданылмайды.

8.3.2.7 [7.5.5(7)] Егер осы Құралдың 8.3.2.6 шарты орындалмайтын болса, сейсмоокшаулағыш жүйеге әсер ету параметрлері, аралық құрылыс және төменгі құрылысты келесі формулаларға көбейту керек:

$$\frac{0,80}{p_d} \quad \text{сейсмикалық ығысулар үшін немесе} \quad (8.18)$$

$$\frac{0,80}{p_v} \quad \text{сейсмикалық күштер және моменттер үшін} \quad (8.19)$$

8.3.2.8 [7.5.5(8)] Егер көпірді бір еркін дәрежесі бар модельмен көрсетуге болмайтын болса, 8.3.2.6-тармағындағы шектеулер және 8.3.2.7-тармағында көрсетілген түзетулер қолданылмайды. Мұндай жағдайларға келесі көпірлерді жатқызуға болады:

— салмағы аралық құрылысты жылжытуға елеулі әсер көрсететін биік тіректері бар көпірлер;

— аралық құрылыс салмағының ортасы және тиімді қаттылық ортасы арасындағы ($e_x > 0, 10L$) бойлық бағытта елеулі эксцентриситеті e_x бар көпірлер.

Мұндай жағдайларда (8.3.2.6) және (8.3.2.7) шектеулер мен түзетулер орын ауыстыруға және көпірдің нақты моделінің сәйкесінше бағытта негізгі жеке тербеліс түрін қолдану арқылы есептеуден алынған күштерге әрбір бағытта қолданылуы ұсынылады.

8.4 Уақытша аумақта есептеу

8.4.1[7.5.6(1)Р] Уақытша аумақта есептеу үшін (8.16) және (8.17) формулаларда 4.2.4.3(1)Р ҚР ҚН ЕН 1998-2:2005+A1:2009/2012 сәйкес есептік әсерлерге сәйкес келетін d_{cd} және V_d мәндерін қолдану арқылы осы Құралдың 8.3.2.1, 8.3.2.2, 8.3.2.3, 8.3.2.6, 8.3.2.7 және 8.3.2.8-тармақтарындағы ережелер қолданылады.

8.5 Сейсмикалық әсер етудің тік құраушысы

8.5.1 [7.5.7(1)] Сейсмикалық әсер етудің тік құраушысының ықпалын көлденең сейсмикалық әсер реакциясын анықтау үшін қолданылатын әдіске тәуелсіз сызықтық спектральды талдаудың көмегімен анықтауға болады. Жалпы әсерлерді анықтау үшін 4.2.1.4 ҚР ҚН ЕН 1998-2:2005+A1:2009/2012 шарты қолданылады.

8.6 Сейсмооқшауланған конструкцияларды модельдеу мысалдары

8.6.1 Серпімді-тұтқыр сейсмооқшауландырғыштардағы аралық құрылысы бар көпір

8.6.1.1 Көлденең тербелістер кезіндегі көпірдің оңайлатылған моделі (бір еркін дәрежесі бар жүйе ретінде) 8.2-суретте көрсетілген.

Қабылданған белгілеулер:

m - аралық құрылыстың салмағы;

c_o - тіректерді тұтқыр (конструкциялық) демпфирлеу коэффициенті;

k_o - тіректердің жалпы қаттылығының коэффициенті;

\ddot{u}_g - жер сілкінісі кезінде топырақ беті тербелістерінің акселерограммасы.


Сейсмикалық әсер салдарынан негіздің тербелісі кезінде осындай жүйенің тербелісінің дифференциалды теңдеуі келесі түрде көрсетілуі мүмкін:

$$m\ddot{u} + c_o\dot{u} + k_o u = -m\ddot{u}_g \text{ немесе } \ddot{u} + 2\xi\omega_0\dot{u} + \omega_0^2 u = -\ddot{u}_g, \quad (8.20)$$

мұндағы $\xi = \frac{c_o}{2\sqrt{k_o m}}$ - өлшемсіз демпфирлеу коэффициенті (нақты демпфирлеудің

критикалық демпфирлеуге қатынасы),

$\omega_0 = \sqrt{\frac{k_o}{m}}$ - демпфирлеуді ескермей жеке тербелістердің циклдік жиілігі.



8.2-сурет - Көлденең тербелістерді талдау үшін оңайлатылған есептік модель

8.6.1.2 Демпфирленбеген жүйенің жеке тербелістер кезеңі келесі формуламен анықталады:

$$T = 2\pi\sqrt{\frac{m}{k_o}}, \quad (8.21)$$

Демпфирлеудің кіші коэффициенттері кезінде демпфирлеудің тербеліс кезеңіне ықпалын ескермеуге болады.

8.6.1.3 Дірілді-оқшауландырғыш тірек бөліктері бар көпірдің конструкциясын 8.3-суретте көрсетілген есептік схемамен модельдеуге болады.

8.6.1.4 Сейсмооқшаулағыш тірек бөліктері бар көпір тербелістерінің дифференциалды теңдеуінің түрі келесі:

$$m\ddot{u} + (c_o + c_i)\dot{u} + Ku = -m\ddot{u}_g, \text{ немесе } \ddot{u} + 2\xi_i\omega_{oi}\dot{u} + \omega_{oi}^2u = -\ddot{u}_g \quad (8.22)$$


Қабылданған белгілеулер:

$$K = \frac{k_o k_i}{k_o + k_i} - \text{тіректердің және тірек бөліктерінің эквивалентті қаттылығы,}$$

$$\xi_i = \frac{(c_o + c_i)\sqrt{k_o + k_i}}{2\sqrt{mk_o k_i}} - \text{тіректердің конструкциялық демпфирлеуін және}$$

демпфирлеуші құрылғылармен энергияның ыдырауын ескеретін эквивалентті өлшемсіз демпфирлеу коэффициенті,

$$\omega_{oi} = \sqrt{\frac{K}{m}} - \text{демпфирлеуді ескермей жеке тербелістердің жиілігі.}$$



8.3-сурет - Сейсмооқшауландырғыш құрылғыларды ескеру арқылы көлденең тербелістерді талдау үшін көпірдің оңайлатылған есептік моделі

8.6.1.5 Сейсмооқшаулағыш тіректерді қолдану кезінде демпфирлеу тербеліс параметрлеріне елеулі ықпал етуі мүмкін екендігін ескере отырып, демпфирлеуді ескерумен жүйенің жеке тербелу кезеңін анықтаймыз:

$$T = 2\pi\sqrt{\frac{m}{K(1-\xi_i^2)}} = 2\pi\sqrt{\frac{m(k_o + k_i)}{k_o k_i(1-\xi_i^2)}}, \quad (8.23)$$

8.6.1.6 Мысал ретінде дірілді-окшаулағыш құрылғыларды қолдану кезінде жеке тербелістер кезеңін үш еседен астам ұлғайту үшін k_i шаманың k_o бастап $0,1$ құрауын белгілейміз.

$k_i = 0.1k_o$ болғанда $K = \frac{k_o k_i}{k_o + k_i}$ формуласымен анықталатын тіректердің және тірек бөліктерінің эквивалентті қаттылығы бар көпірдің тербеліс кезеңі шын мәнінде өседі және келесі формуламен анықталады: $T = 2\pi \sqrt{\frac{11m}{k_o(1-\xi^2)}}$

8.6.1.7 Көпірлерді есептеу үшін өте күрделі схемаларды – көп еркін дәреже саны бар жүйелерді қолданған кезде – есептеу қағидалары бұрынғыдай қалады. Бұл жағдайларда сәйкесінше нүктелерде серпімді және тұтқыр элементтер қосылады, бұл кезде тербеліс түрін қатыстыру коэффициенті сияқты параметр ескеріледі.

8.6.2 Демпфирлеуші элементтердің конструкцияның сейсмикалық әсер ету реакцияларына ықпалын бағалау

8.6.2.1 Құрылыс динамикасы теориясында және әртүрлі елдердің нормаларында критикалық демпфирлеу коэффициенті ұғымы қолданылады. Бұл гармониялық бос тербелістер мүмкін емес демпфирлеу мәні. 8.6.1-тармағында айтылған критикалық демпфирлеу коэффициенті келесі формула бойынша анықталады:

$$c_{cr} = 2\sqrt{k_o m}, \quad (8.24)$$

8.6.2.2 Салыстырмалы (өлшемсіз) демпфирлеу коэффициенті келесі формула бойынша анықталады:

$$\xi = \frac{c_o}{c_{cr}} = \frac{c_o}{2\sqrt{k_o m}}, \quad (8.25)$$

Салыстырмалы демпфирлеу коэффициенті үлестермен немесе критикалық коэффициенттен пайызбен беріледі.

8.6.2.3 Энергияны тұтқыр ыдырату механизмінен басқа энергияны диссипациялау жүйенің сызықтық емес әрекетіне байланысты байқалуы мүмкін. Сызықтық емес әрекеті кезінде энергияның ыдырауы гистерезисті қисықтармен сипатталады. Бұл жағдайда қозғалыстың дифференциальды теңдеуін келесі түрде көрсетуге болады:

$$m\ddot{u} + c_o\dot{u} + f(\dot{u}, u) = -m\ddot{u}_g, \quad (8.26)$$

8.6.2.4 Осыған ұқсас тапсырмаларды шешуде әртүрлі тәсілдер бар. Өте айқын шешімдер демпфирлеуші құрылғылардың шынайы әрекетін ескеру кезінде алынады, бұл жағдайда сызықтық емес тапсырмаларды шешу керек. Тәжірибеде демпфирлеуші құрылғылардың тиімділігі эквивалентті тұтқыр үйкеліспен жеткілікті түрде дәл сипатталады.

8.6.2.5 Осындай құрылғыларды есептеу тәсілдерінің бірі «эквивалентті демпфирлеу коэффициентінің әдісі» болып табылады. Эквивалентті демпфирлеу коэффициенті бір цикл ішінде демпфирлеуші құрылғымен ыдыраған энергияның жүйемен жиналған деформацияның максималды энергиясына E_d қатынасы арқылы анықталады:

$$\xi_{eq} = \frac{E_d}{4\pi E_{\max}}, \quad (8.27)$$

8.6.2.6 Әрбір нақты құрылғы үшін ыдыраған энергияның шамасы гистерезис ілмегінің ауданын өлшеу арқылы анықталуы мүмкін. Қозғалыстың дифференциалды теңдеуі (8.26) осындай есептеу тәсілі кезінде келесі түрде беріледі:

$$\ddot{u} + 2\omega_0(\xi + \xi_{eq})\dot{u} + \omega_0^2 u = -\ddot{u}_g, \quad (8.28)$$

Бұл әдістеме сонымен қатар кез келген еркін дәреже саны бар жүйеге таратылады. Бұл жағдайда әрбір j -ші жеке тербеліс түрі үшін эквивалентті модальды демпфирлеу коэффициенті анықталады:

$$\xi_{eq}^j = \frac{E_d^j}{4\pi E_{\max}^j}, \quad (8.29)$$

Осылайша, қосымша модальды демпфирленетін құрылыстың схемалары есептеу үшін синтезделген акселерограммаларды қолдану арқылы уақытша аумақтағы сызықтық талдаудың жақсы әзірленген әдістерін немесе жауап спектрлерін қолдану арқылы спектральды әдісті қолдану мүмкіндігін береді.

8.7 Топырақты негізі бар тіректердің әрекеттесуін модельдеу

8.7.1 Топырақтың сейсмикалық әсерін аралық құрылысқа беретін тіректер мен тіреулердің сейсмикалық әсерін есептеу барысында негізінде топырақ негізіне бекітілгендер ретінде қарастырылуы тиіс (3.1.2(3) ҚР ҚН ЕН 1998-2:2005+A1:2009/2012).

8.7.2 Сейсмикалық (кинематикалық) әсері конструкция және топырақ арасындағы бөлім шекарасына түсіріледі.

8.7.3 Топырақтың конструкциямен өзара әрекеттесуі топырақтың қасиеттерін имитациялайтын серіппелерді қолдану арқылы ҚР ҚН ЕН 1998-5:2004/2012 сәйкес қарастырылуы мүмкін. Әсер ету топырақтың қаттылығын имитациялайтын серіппелердің ұштарына түсіріледі.

8.7.4 Егер топырақтың икемділігі тіректің жоғары бөлігінде осы бағытта көлденең жүктеменің әсері кезінде тіректің жоғары бөлігінде жалпы жылжытудың 20 % астамын құрайтын болса, топырақтың конструкциямен өзара әрекеттесуі әрқашан көпір тіректері үшін есептеуде қабылдануы тиіс.

8.7.5 Топырақтың конструкциямен өзара әрекеттесуі және оның қадаларға немесе бағандарға (кессондарға) ықпал етуі 6.4.2 ҚР ҚН ЕН 1998-2:2005+A1:2009/2012 талаптарын ескере отырып, 5.4.2 ҚР ҚН ЕН 1998-5:2004/2012 сәйкес есептелуі тиіс.

8.7.6 Топырақтың механикалық қасиеттерін сенімді бағалау қиындатылған жағдайларда ең үлкен және ең кіші ықтимал мәндерді қолдану арқылы есептеулерді орындауға болады.

8.7.7 Топырақ қаттылығын жоғары бағалау ішкі күштерді есептеу үшін, ал төмендетілген бағалау көпірдің жылжуын есептеу үшін қолданылуы тиіс.

9 КӨПІРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН СЕЙСМООҚШАУЛАҒЫШ ҚҰРЫЛҒЫЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

9.1 Жалпы ережелер

9.1.1 Көпірді сейсмооқшаулау қажеттілігі туралы шешімдерді қабылдау кезінде ескеру қажет факторлардың тіреуі құрылыстың жол берілетін зақымдануларының деңгейі болып табылады. Кез келген жер сілкінулер кезінде маңызды бағыттарда орналасқан көпірлер тіпті зақымданбауы тиіс, немесе жылдам жөндеуге болатын азғантай зақымданулар алуы мүмкін. Бұл көпірлердің көтергіш элементтері тіпті ең күшті сейсмикалық әсерлер кезінде серпімді кезеңде жұмыс істеуі тиіс екендігін білдіреді. Аралық құрылыстардың және тіректердің бағасы мұндай жағдайларда біршама өсуі мүмкін. Сейсмооқшаулағышты осындай жобаларда қолдану жалғыз экономикалық тиімді шешім болуы мүмкін.

9.1.2 Сонымен қатар назарға алу қажет сейсмооқшаулағыш жүйелерді таңдауға ықпал ететін басқа фактор құрылыс алаңының топографиясы болып табылады. Қатты қиылысқан орындардағы тіректердің биіктігі біршама ерекшеленуі мүмкін және топырақтың әртүрлі түрлері тірек сипаттамаларының сан алуандығының себебі болуы мүмкін. Бұл өз кезегінде тіректер арасындағы сейсмикалық жүктеменің біркелкі емес таралуына алып келуі мүмкін. Сейсмооқшаулағыш құрылғыларды қолдану тіректер арасындағы күштерді барынша біркелкі таратуға мүмкіндік береді.

9.1.3 [7.3(2)P] Есептік сейсмикалық әсерлер кезінде суперқұрылым және сабқұрылымның сейсмикалық реакциясы құрылыстың шектеулі икемділік жағдайларында қарастырылуы тиіс ($q \leq 1,5$).

9.1.4 [7.3(3)] Егер көпір конструкциясы 7.4 және 7.5-тармақтарына сәйкес жобаланса және ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012 7.6 және 7.7-тармақтарына сәйкес келсе, ол негізгі талаптарға жауап береді деп саналады.

9.1.5 [7.3(4)P] Сейсмооқшаулағыш жүйенің беріктігі және бүтіндігі үшін жоғары сенімділік талап етіледі, себебі жылжыту кезінде оның орнықтылығында көпірдің қауіпсіздігі үшін критикалық мәні бар. Сейсмооқшауланған жүйе ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012 7.6.2-тармағының талаптарына сәйкес жобаланған болса, оның жоғары сенімділік деңгейі бар деп саналады.

9.1.6 [7.3(5)P] Қарапайым әлсіз-демпфирлеуші эластомерлі тірек бөліктерінен басқа барлық оқшауландырғыш түрлері үшін 7.5.2.3.3(5) және 7.5.2.3.3(6)-тармақшаларына сәйкес және тегіс сырғанайтын тіректер үшін ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012 7.5.2.3.5(5)-тармақшасына сәйкес элементтердің сипаттамалары тәжірибе жасалатын үлгілерді сынау нәтижелерімен расталуы тиіс.

ЕСКЕРТПЕ Егер ҚР СТ 15129-2012 (антисейсмикалық құрылғылар) осы түрдегі үлгілерге сынау жүргізу бойынша талаптардың толық сипаттамасы жоқ болса, К ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012 ақпаратты қосымшада тәжірибе жасалатын үлгілерге сынау жүргізу бойынша нұсқаулар бар. Осы Құралдың А қосымшасында сейсмооқшаулағыш құрылғыларды қолдану кезінде құрылыстың сейсмикалық әсерлерге реакциясын бағалау бойынша ұсыныстар берілген.

9.1.7 Сейсмооқшаулағыш құрылғыларды жобалау барысында ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012 2.2-қосымша бөлімінде көрсетілген негізгі талаптар орындалуы тиіс.

9.2 Бұзылулардың болмауы бойынша талап (критикалық шекті күйі)

9.2.1 [2.2.2(1)P] Есептік сейсмикалық әсерлерден кейін көпірдің кейбір элементтері зақымдануы мүмкін болса да, көпір конструктивтік бүтіндігін және қалған көтергіш қабілеттігін сақтауы тиіс.

9.2.2 [2.2.2(2)] Тіректерде кейбір қималардың қалған деформацияларына жол беріледі (яғни, икемділік деформация аймақтарының пайда болуы). Сейсмикалық оқшаулар болмаған жағдайда осындай иілгіш деформациялар әдеттегідей есептік сейсмикалық әсер етуді қарапайым сейсмикалық төзімді емес көпірлер құрылысына жұмсалған шығындармен салыстырғанда көпір құрылысына жұмсалған қосымша шығындардың орынды ұлғаюына сәйкес деңгейге дейін төмендету үшін сейсмикалығы жоғары өңірлерде қарастырылады.

9.2.3 [2.2.2(3)] Көпірдің аралық құрылысы сонымен қатар екінші қатарлы элементтердің: температура жіктерінің, тегіс плиталардың (2.3.2.2(4) ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012) және парпеттердің жергілікті зақымдануының алдын алу есебімен жобалануы тиіс.

9.2.4 [2.2.2(4)] Егер есептік сейсмикалық әсер етуде көпірдің есептік қызмет ету мерзімі ішінде елеулі арту ықтималдығы бар болса, жобалау зақымдануларға орнықты конструкцияны жасауға бағытталуы тиіс. Есептік сейсмикалық әсерлер кезінде энергияны ыдыратуға қатысу есебінен зақымдануларға бейім көпір бөліктері көпір жер сілкінісінен кейін бірден жылдам жөнделіп және жедел құтқару қызметтері қолданатындай етіп жобалануы тиіс.

9.2.5 [2.2.2(5)] Егер есептік сейсмикалық әсер етуде есептік қызмет ету мерзімі ішінде артуының төменгі ықтималдығы бар болса, сейсмикалық белсенділік ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011, 1.5.3.5 және 4.1.1(2)-тармақтарына сәйкес кездейсоқ құбылыс ретінде қарастырылуы мүмкін. Мұндай жағдайда 9.2.3 және 9.2.4-тармақтарының талаптары жеңілдетілуі мүмкін.

9.3 Зақымдануларды (залалды) барынша азайту бойынша талаптар

9.3.1 [2.2.3(1)P] Жоғары қайталану ықтималдылығы бар сейсмикалық әсер екінші дәрежелі элементтердің, сонымен қатар энергияның ыдырауына септігін тигізетін көпір бөліктерінің елеулі зақымдануларына алып келуі мүмкін. Көпірдің басқа барлық бөліктері зақымданбаған күйі қалуы тиіс.

9.4 Оқшаулағыш жүйеге қойылатын арнайы талаптар

9.4.1 Көлденең бағыттағы қалпына келтіретін қабілеті

9.4.1.1 [7.7.1(1)P] Сейсмооқшаулағыш жүйе жиынтық жылжулардың жиналуының алдын алу мақсатында негізгі екі бағытта өз қалпына келу қабілеттігіне ие болуы тиіс.

Егер жүйеде шекті жылжытуға d_m қатысты қалған аз жылжыту бар болса, жүйе осындай қабілеттікке ие болады.

9.4.1.2 [7.7.1(2)] Егер қарастырылып отырған бағыттағы белгілі төмен жылжыту d_0 келесі шартқа жауап беретін болса, 9.4.1.1-тармағындағы талаптар орындалған болып саналады:

$$\frac{d_{cd}}{d_0} \geq \delta, \quad (9.1)$$

мұндағы d_{cd} - қарастырылып отырған бағыттағы оқшауланатын жүйені есептік орын ауыстыру (жер сілкінумен туындаған құрылыстың сейсмооқшауланған бөлігінің топырағына қатысты максималды орын ауыстыруы),

d_0 - осы тармақшада және төмендегі 9.4.1.5-тармақшасында белгіленген қасиеттерді ескерумен алынған қарастырылып отырған бағытта статикалық жүктеме кезінде оқшауланған жүйенің максималды қалған орын ауыстыруы. Осылайша, оқшауландырғыштардың деформациялануына ешқандай шектеулер қойылмайды (шектеусіз деформациялық). Бисызықты жүйелер үшін және бисызықты сияқты аппроксимациялауы мүмкін жүйелер үшін d_0 шамасы келесі формула бойынша анықталады:

$$d_0 = F_0 / K_p, \quad (9.2)$$

δ - берілетін параметр.


ЕСКЕРТПЕ 1 Ұсынылатын мән: $\delta = 0.5$ (сонымен қатар 9.3-суретті және 9.4.1.4-тармақшасындағы 2-ескертпені қараңыз).

ЕСКЕРТПЕ 2 Жүйелердің әрекеті бисызықты гистерезисті әрекетпен сипатталатын олардың қасиеттері келесі түрде анықталады (9.1-суретті қараңыз): нөлдік жылжытуға F_0 сәйкес келетін күш және есептік орын ауыстыру d_{cd} мәні есептеледі. Нақты қисық сызықтар және аппроксимациялау сызықтары арасында жасалатын аудандар тең болатындай етіп АВ тиеу және ВС түсіру түзу сызықтары жүргізіледі.

ЕСКЕРТПЕ 3 ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012) 7.5.2.3.5 (2)-тармақшасына сәйкес бисызықты әрекеті бар жүйелер және бисызықты тәуелділіктермен жуықталған жүйелер үшін оқшаулағыш жүйенің қасиеттерін анықтайтын $d_0 = F_0 / K_p$ орын ауыстыру шекті деформациялық шамасына тәуелсіз болып саналады. Сондықтан 9.1-суретте $ABCD$ және $AB'C'D$ қисық сызықтары бар жүйелерде ұқсас d_0 параметрі бар. Постсерпімді қаттылық K_p оң болғанда d_0 мәні оң және K_p шамасы теріс болғанда d_0 мәні теріс, K_p шамасы нөлге тең болғанда d_0 мәні ∞ тең болады. Теріс мәндері бар K_p жүйе қолданылмайды.

ЕСКЕРТПЕ 4 сырғанайтын сфералық тірек бөліктері бар құрылғылар үшін (ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012 7.5.2.3.5(2)-тармақшасын қараңыз) $d_0 = \mu_d R_b$.


ЕСКЕРТПЕ 5 Бисызықты болып жуықтамайтын гистерезисті әрекеті бар жүйелер үшін (9.2-суретті қараңыз) d_0 мәні қисық сызықтың постсерпімді тармағының орын ауыстыру осімен қиылысу нүктесімен анықталуы мүмкін. Аққыштық шегіне сәйкес келетін орын ауыстырулар нөлге тең болып қабылдануы мүмкін.



Шартты белгілері:

F – күш, d – орын ауыстыру, A - күш-орын ауыстыру нақты тәуелділігі, B - бисызықты аппроксимациялау (ABCD), C - эквивалентті ауданы.

9.1-сурет – Қалпына келтіру қабілеттігін бағалау үшін эквивалентті бисызықты модельді анықтау



Шартты белгілері:

F -күш, d -орын ауыстыру, A -постсерпімді тармақ, B -серпімді тармақ.

9.2-сурет– Бисызықты модельдермен аппроксимациялануға түспейтін гистерезисті жүйелердің әрекеті

9.4.1.3 [7.7.1(3)] Егер жүйелер жеткілікті деформацияға және құрылыс қызметінің ішінде қалған орын ауыстыруларды жеткілікті деңгейде жинау қабілеттігіне ие болса, (9.1) формуласының талаптарын қанағаттандырмайтын жүйелер 9.4.1.1-тармақшасының талаптарына сәйкес есептелуі мүмкін.

9.4.1.4 [7.7.1(4)] 9.4.1.3-тармақшасының шарттары әрбір оқшауландырғыш үшін келесі қатынастар орындалған жағдайларда қарастырылады:

$$d_{m,i} \geq d_{G,i} + \gamma_{du} d_{bi,d} p_d, \quad (9.3)$$

мұндағы

$$p_d = 1 + 1,35 \frac{1 - (d_y / d_{cd})^{0,6}}{1 + 80 (d_{cd} / d_0)^{1,5}}, \quad (9.4)$$

ρ_d графиктері 9.3-суретте көрсетілген.

және


$d_{m,i}$ - қарастырылып отырған бағыттағы *i-ші* оқшауландырғыштың деформациялық қабілеттігі, яғни, оқшауландырғыш төзуі мүмкін максималды орын ауыстырулар.

$d_{bi,d}$ - ҚР ҚН ЕН 1998-2:2005+A1:2009/2012 7.6.2(1)Р-тармақшасына сәйкес анықталатын талданатын бағыттағы *i-ші* оқшауландырғыштың есептік орын ауыстыруы;

$d_{G,i}$ - ҚР ҚН ЕН 1998-2:2005+A1:2009/2012 7.6.2(2)Р-тармақшасына сәйкес анықталатын сейсмикалық әсерсіз *i-ші* оқшауландырғыштың орын ауыстыруы;

d_y - 9.4.1.2-тармақшасына сәйкес анықталатын эквивалентті бисызықты жүйенің аққыштық шегіне сәйкес келетін орын ауыстыру. Сырғанайтын жүйелер үшін d_y шамасы нөлге тең болып қабылдануы мүмкін. Егер осы параметрді есептеу барысында белгісіздік бар болса, оның мәнін нөлге тең деп қабылдау керек;

γ_{du} - есептік орын ауыстыруларды анықтау барысында белгісіздікті ескеретін коэффициент.



9.3-сурет – (9.4) формуласымен анықталатын ρ_d тәуелділік графигі

ЕСКЕРТПЕ 1 Ұсынылған мән $\gamma_{du} = 1,20$

ҚР НТҚ 08-02.1-2013

ЕСКЕРТПЕ 2 ρ_d арналған формуладағы екінші мүше (9.4) формуласында есептік жер сілкінісі алдындағы жер сілкінісінің әсері кезінде жиналған қалған орын ауыстыруды анықтайды. $d_{cd} / d_0 \geq 0,5$ шартын қанағаттандыратын жүйелер үшін жиналған қалған орын ауыстыру шамалы ғана (9.3-суретті қараңыз). $d_{cd} / d_0 < \delta$ шартын қанағаттандыратын жүйелер үшін $d_{m,i}$ максималды мәні (9.3) немесе ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012 (7.19a) формуласынан анықталуы тиіс және олардың ең үлкені таңдалуы тиіс.

9.4.1.5[7.7.1(5)] Оқшауландырғыштардың осы сипаттамалары динамикалық жүктемелер кезінде d_{cd} және d_0 параметрлерін анықтау үшін қолданылуы тиіс. Бойлық бағытта оқшауландырғыштардың пішінін қалпына келтіру қабілеттігін анықтайтын шарттар (9.1), (9.3) және (9.4) формулаларында берілген, сейсмооқшауландырғыштардағы күштердің өзгеру жылдамдығына ықпал етпейді.

9.4.2 Сейсмооқшаулағыш құрылғыда көлденең орын ауыстыруларды шектеу

9.4.2.1 [7.7.2(1)P] Сейсмооқшаулағыш жүйе пайдалану талаптарын қамтамасыз ету үшін орын ауыстыруларды/деформацияны шектеуге қатысты басқа ҚР ҚН EN және стандарттардың талаптарын қанағаттандыру үшін көлденең орын ауыстыруларды жеткілікті түрде шектеуді қамтамасыз етуі тиіс.

ЕСКЕРТПЕ Әдетте бұл талап темір жол көпірлерінде тежеу күшін ескеру кезінде критикалық болып табылады.

9.4.2.2 [7.7.2(2)] Егер көпір конструкциясында белгілі тіректерде аралық құрылыстарды тіректерге қатысты орын ауыстыруға қойылатын пайдалану талаптарын қамтамасыз ету үшін қорғанышты қиғаш тіреулер қолданылса, онда олардың көтергіш қабілеттігі аққыштық күйінде осы тіректе және осы бағытта сейсмооқшаулағыш қабат арқылы берілетін есептік сейсмикалық күштің 40 % аспауы тиіс. Егер осы талап орындалмаса, онда жүктеме қиғаш тіреудегі күш аққыштық шегіне жететіндей ұлғайған жағдайда шектеуіш қиғаш тіреулерін қабылдауы тиіс жүктемедегі көпір конструкциясының элементтері үшін нормативтік құжаттарға сәйкес келетін (ҚР ҚН EN 1992-2:2005, ҚР ҚН EN 1993-2:2005 немесе ҚР ҚН EN 1994-2:2005) пайдалану шарттары бойынша талаптар (қажудан басқа) орындалуы тиіс.

ЕСКЕРТПЕ ҚР СТ 15129-2012 қатты қосылыстар құрылғылары үшін спецификациялар беріледі, олар сейсмооқшаулағыш қабаттың бетінде көлденең жылжытуларды қамтамасыз ету үшін қолданылуы мүмкін.

9.4.2.3 [7.7.2(3)] Егер күш шамасын шектейтін соққы жүктемесін беретін құрылғылар (6.6.3.3-тармақшасын қараңыз, ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012), пайдалану шарттары бойынша жылжытуларды шектеу үшін қолданылатын болса, бұл құрылғылар есептік модельге, бақылау жүйесіне және сейсмооқшаулағыш жүйенің сынау процедураларына қосылуы тиіс.

9.5 Соққы жүктемесін беретін құрылғыларға қойылатын талаптар

9.5.1[6.6.3.3(1)] Соққы жүктемесін беретін құрылғылар шектеу жылдамдығына тәуелді аралық құрылыс және тірек элементтері (аралық тіректер немесе тіреулер) арасында салыстырмалы орын ауыстыруды келесі түрде қамтамасыз етеді:

- Жылдамдық аз болғанда ($v < v_1$) мысалы, от температуралық деформация, жылжығыштық, немесе төсемнің шөгуінен қозғалыс іс жүзінде еркін болады (өте аз реакция кезінде);
- Қозғалыс жылдамдығы жоғары болған кезде ($v > v_2$) мысалы, сейсмикалық әсерлер және тежеу күшінен болатын әсерлер кезінде қозғалыс бұғатталады және құрылғы іс жүзінде қатты сияқты жұмыс істейді;
- Құрылғылар күшті F_{max} белгілі мәнге дейін түсіретін күш арқылы берілетін ($v > v_2$ кезінде) күштерді шектеу қасиетіне ие болуы мүмкін, ол қол жеткізген кезде қозғалыс басталады.

ЕСКЕРТПЕ Құрылғылардың соққы жүктемесін беретін қасиеттері және жобалау ҚР СТ 15129-2015 құжатында сипатталған. Жоғарыда аталған жылдамдықтардың шамаларының тәртібі: $v_1 \cong 0,1$ мм/с, $v_2 \cong 1,0$ мм/с.

9.5.2[6.6.3.3(2)P] Қолданылатын құрылғылардың әрекетін анықтайтын тәуелділіктердің толық сипаттамасы:, қоршаған орта факторларының (температура, ескіру, жиынтықты орын ауыстыру сияқты) ықпалын қосатын («күш-орын ауыстыру» және «күш-жылдамдық» тәуелділігі) жобалау кезеңінде ескерілуі тиіс және осы құрылғыларды өндірушілерден алынуы тиіс. Осы құрылғылардың әрекетін бағалау үшін қажетті параметрлердің барлық мәндерін ((9.5.1)-тармақшасында айтылған жағдайларда v_1 , v_2 , F_{max} параметрлерінің шамаларын қосқанда), сонымен қатар геометриялық мәліметтерді және осы құрылғылардың есептік кедергісін F_{Rd} және олардың қосылыстарын алу керек. Бұл ақпарат ресми тәжірибелі мәліметтерге негізделуі тиіс).

9.5.3 [6.6.3.3(3)P] Соққы жүктемесін шектеусіз функцияларсыз беретін соққы беретін құрылғылар қолданылған жағдайда оларда төменде көрсетілген есептік кедергі F_{Rd} болуы тиіс.

- Икемді әрекетке есептелген көпірлер үшін F_{Rd} шамасы көтергіш қабілеттікке сәйкес келетін реакциядан аспауы тиіс.
- Шектеулі иілгіштігі бар әрекетке есептелген көпірлер үшін F_{Rd} шамасы жұмыс шартының коэффициентіне көбейтілген (коэффициент q) есептік сейсмикалық әсер ету реакциясына қарағанда аз болмауы тиіс.

Бұл құрылғылар жылдамдықтары аз әсерлерден жеткілікті түрде еркін орын ауыстыруды қамтамасыз етуі және жылжытылған күйде көтергіш қабілеттігін сақтауы тиіс.

9.5.4 [6.6.3.3(4)P] Соққы жүктемесін беретін, ол арқылы берілетін күштерді шектеу қасиетіне ие құрылғыларды қолдану кезінде осы құрылғылар сейсмикалық оқшаулағышы бар көпірлер үшін (2.3.6.3(2)P, ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012) сәйкес немесе 7.6.2(2)P, ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012 сәйкес анықталатын есептік сейсмикалық әсерлер кезінде жеткілікті d_{Ed} орын ауыстыру мүмкіндігін қамтамасыз етуі қажет.

9.5.5 [6.6.3.3(5)P] Соққы беретін барлық құрылғылар тексеру, техникалық қызмет көрсету және ауыстыру үшін қол жетімді болуы тиіс.

10 СЕЙСМООҚШАУЛАНҒАН КОНСТРУКЦИЯНЫҢ СЕНІМДІЛІГІН ТЕКСЕРУ

10.1 Есептік сейсмикалық әсері

10.1.1 [7.6.1(1)P] Есептік сейсмикалық әсерлер кезінде E_d мәні ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012, 5.5(1)P-тармақшасына және ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011, 6.4.3.4-тармақшасына сәйкес анықталуы тиіс:

$$E_d = G_k + P_k + A_{Ed} + \psi_{21} Q_{1k} + Q_2, \quad (10.1)$$

мұндағы “+” — “с үйлесімін” белгілейді

G_k — олардың сипаттамалық (нормативтік) мәндерімен тұрақты әсерлері;

P_k — барлық шығындардан кейінгі бастапқы кернеудің сипаттамалық (нормативтік) мәні;

A_{Ed} — есептік сейсмикалық әсері;

Q_{1k} — көлік жүктемесінің сипаттамалық (нормативтік) мәні;

ψ_{21} — ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012 4.1.2(3)P-тармақшасына сәйкес көлік жүктемелері үшін үйлесімділік коэффициенті;

Q_2 — ұзақ әсердің квазитұрақты ұзақ мерзімді шамасы (мысалы, топырақтың қысымы, қалқымалығы, ағыстар және т.б.)

10.1.2 Сейсмооқшаулағыш жүйеге есептік сейсмикалық әсер ету 10.3-бөлімшесіне сәйкес, ал сабқұрылым және суперқұрылымға әсері 10.4-бөлімшесіне сәйкес ескерілуі тиіс.

10.2 Кеңістіктегі сейсмикалық әсерлердің өзгеруін есепке алу

10.2.1[3.3(1)P] Қималы емес аралық құрылыстары бар көпірлер үшін келесі екі жағдайдың біреуін немесе бір уақытта екеуін орындау барысында кеңістіктегі сейсмикалық әсерлердің өзгеруін ескеру керек:

- көпірдің бойындағы топырақтың сипаттамалары көпірдің тіректері ҚР НТҚ 08-01.1-2012 3.3.2-тармағына сәйкес әртүрлі типтегі топыраққа тірелетіндей етіп өзгереді.

- көпір бойындағы топырақтың сипаттамалары шамамен біркелкі, бірақ аралық құрылыстың ұзындығы шекті шамадан L_{lim} асады.

ЕСКЕРТПЕ Ұсынылатын мән: $L_{lim} = L_g / 1,5$, мұндағы L_g ұзындық төмендегі 10.2.6-тармақта анықталған.

10.2.2 [3.3(2)P] Сейсмикалық әсерлер кеңістігінде өзгеруді сипаттайтын модель ең болмағанда оңайлатылған түрде сейсмикалық толқындардың топырақтың және кескіндердің кездейсоқ біркелкі еместігіне және толқындардың сынуына байланысты әртүрлі нүктелерде қозғалыс параметрлерінің корреляциясының үдемелі жоғалу кеңістігінде таралу қасиетін ескеру керек. Сонымен қатар, осы модель ең болмағанда тек жеңілдетілген түрде көпір бойындағы топырақтың механикалық қасиеттерінің өзгеруіне

байланысты корреляцияның жоғалуын ескеруі тиіс, бұл бір тіректен екінші тірекке сейсмикалық әсерлерінің спектральды құрамының өзгеруіне алып келеді.

ЕСКЕРТПЕ Сейсмикалық қозғалыстар кеңістігіндегі өзгеруді сипаттайтын модельдер және талдаудың сәйкесінше әдістері ҚР ҚН ЕН 1998-2:2005+A1:2009/2012 құжатының D ақпараттық қосымшасында ұсынылған.

10.2.3 [3.3(3)] Егер кеңістіктегі сейсмикалық әсердің өзгеруін бағалаудың дәл әдісі анықталмаса, жеңілдетілген әдіс қолданылуы мүмкін, сипаттамасы 10.2.4 - 10.2.7-тармақтарында берілген.

10.2.4 [3.3(4)] Инерциялық күштер ҚР ҚН ЕН 1998-2:2005+A1:2009/2012 4 (4.2.1, 4.2.3 және 4.2.4)-бөлімінде аталған әдістердің біреуін қолданумен, көпір тіректерінің астындағы топырақтың аса қолайсыз түріне сәйкес келетін барлық конструкциялар үшін (мысалы, жауаптардың жалғыз спектрі немесе акселерограммалардың сәйкесінше жиынтығы) бастапқы бір сейсмикалық әсерді қолдану арқылы ескерілуі тиіс.

10.2.5 [3.3(5)] Кеңістіктегі сейсмикалық әсердің өзгерулерін бағалау үшін аралық құрылыс тіректерінің ығысуының сәйкесінше жиынтықтарын ұсынатын псевдостатикалық әсерлер қолданылуы мүмкін. Бұл ығысу жиынтықтары сейсмикалық қозғалыстардың «бос өріс» кеңістігіндегі ықтимал өзгерулерді ескеруі және сейсмикалық әсерлердің зерттелетін әсерінің максималды мәндері ескерілетіндей етіп таңдалуы тиіс.

10.2.6 [3.3(6)] Егер іргетастардың орын ауыстыруын немесе топырақтың қаттылығын модельдейтін және ескеретін серіппе ұштарының жылжуын ұсынатын кез келген көлденең бағытта көлденең ығысулардың келесі екі үйлесімінің әрқайсысы орындалса, 10.2.5-тармағының талаптары қанағаттандырылады. Екі жиынтықты қолдану нәтижелері тәуелсіз қарастырылады.

а) А үйлесімі

А үйлесімі салыстырмалы ығысулардан тұрады:

$d_{ri} = \varepsilon_r L_i \leq d_g \sqrt{2}$, мұндағы

$$\varepsilon_r = \frac{d_g \sqrt{2}}{L_g},$$


қарастырылып отырған бағыттағы көпірдің барлық тіректеріндегі («1» нөмірінен бастап «n» нөміріне дейін) бір уақытта бірдей белгілерімен (+ немесе -) қолданылған (10.1-суретті қараңыз).

d_g - топырақ түріне сәйкес келетін топырақтың есептік орын ауыстыруы және ҚР НТҚ 08-01.1-2012 4.2.4.1-тармағында берілген (4.15) формула бойынша анықталады.

L_i - соңғы тіректердің біреуіне қатысты i индексті тіректен бастап арақашықтығы (көлденең жоспарға проекциялау),

L_g - топырақ қозғалысын толықтай корреляцияланбаған деп санауға болатын арақашықтық.

ЕСКЕРТПЕ Топырақтардың түрлеріне байланысты арақашықтықтардың ұсынылған мәндері 10.1-кестеде берілген.



10.1-сурет — А ығысу үйлесімі

б) В үйлесімі

10.1-кесте - Арттыру кезінде топырақ қозғалысын корреляцияланбаған деп санауға болатын арақашықтық

Топырақтың түрі	IA	IB	II	III
L_g (м)	600	500	400	300

В үйлесімі іргелес жатқан екі көпір тіректерінің қарама-қарсы бағыттарында болатын топырақты жылжыту әсерін бағалау үшін қолданылады. Бұл жағдайда іргелес тіректердің $i-1$ және $i+1$ салыстырмалы орын ауыстырулары болмаған кезде аралық тірек Δd_i ($i > 1$) шамасына орын ауыстыратындығы болжанады (10.2-суретті қараңыз).

$$\Delta d_i = \pm \beta_r \epsilon_r L_{av,i},$$

мұндағы:

$L_{av,i}$ - аралық тіректен бастап іргелес $i-1$ және $i+1$ тіректерге дейінгі арақашықтықтың $L_{i-1,i}$ және $L_{i,i+1}$ орташа шамалары. Шеткі тіректер үшін (0 және n)

$$L_{av,0} = L_{0,1} \text{ және } L_{av,n} = L_{n-1,n},$$

β_r - топырақтың іргелес тіректердің қарама-қарсы бағыттарға ығысу шамасын ескеретін коэффициент.

ЕСКЕРТПЕ Ұсынылатын мәндер:

$\beta_r = 0,5$, егер барлық үш тірек ұқсас түрдегі топыраққа тірелсе,

$\beta_r = 1,0$, егер тіректердің біреуі тірелетін топырақтың түрі басқа тіректер тірелетін топырақтың түрінен ерекшеленетін болса,

ϵ_r - А үйлесімі кезіндегідей анықталады. Егер екі тірек арасындағы топырақтың түрі өзгертін болса, ϵ_r параметрінің максималды мәні қолданылады.


В үйлесімі i және $i+1$, $i=0$ бастап $i=n-1$ нөмірлері бар іргелес тіректер арасындағы учаскелерде қарама-қарсы белгілері бар тіректердің абсолюттік ығысуларының келесі конфигурацияларынан тұрады (10.2-суретті қараңыз).

$$d_i = \pm \Delta d_i / 2$$

$$d_{i+1} = \pm \Delta d_{i+1} / 2$$

10.2.7 [3.3(7)P] Кез келген көлденең бағыт үшін 10.2.5 және 10.2.6-тармақтарындағы псевдостатикалық есептеуден алынған келесі аса қауіпті нәтижелер SSRS ережесі бойынша 10.2.4 сәйкесінше инерциялық әсерлермен құрамдастырылуы тиіс (шаршылар қосындысынан алынған шаршы түбірі). Осы үйлесімнің нәтижесі осы бағыттағы әсерлерді анықтайды.

Сонымен қатар, сейсмикалық әсерлердің әртүрлі құраушыларының әсерлерінің комбинациясын есептеу үшін ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012 4.2.1.4-тармағында көрсетілген ережелер қолданылады.



10.2-сурет — В жылжытудың үйлесімділігі

10.2.8 [3.3(8)] Уақытша аумақта талдау жүргізу барысында әрбір тірек аумағындағы топырақтың сейсмикалық қозғалыстары жеткілікті дәлдік дәрежесімен кеңістіктегі сейсмикалық әсерлердің ықтимал өзгеруін ескеруі тиіс.

ЕСКЕРТПЕ Кеңістікте әсерлердің ықтимал өзгеруін ескеретін сейсмикалық әсерлер генерациясы бойынша нұсқаулар ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012 D ақпараттық қосымшасының D.2 берілген.

10.3 Сейсмооқшаулағыш жүйе

10.3.1 [7.6.2(1)P] Сейсмооқшаулағыш жүйенің қажетті жоғары сенімділігі (ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012 7.3(4)P-тармақшасын қараңыз) әрбір оқшауландырғыштың i жоғары есептік ығысуын $d_{bi,a}$ есептеу арқылы қамтамасыз етілуі тиіс:

$$d_{bi,a} = \gamma_{IS} d_{bi,d} , \quad (10.1)$$

мұндағы γ_{IS} — ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012 7.5-тармағында ұсынылған әдістемелер бойынша есептеу нәтижесінде алынған әрбір i –ші оқшауландырғышты есептік орын ауыстыру $d_{bi,d}$ ұлғаятын күшейту коэффициенті.

ҚР НТҚ 08-02.1-2013

10.3.2 Егер кеңістіктегі сейсмикалық әсерлерді өзгерту осы Құралдың жеңілдетілген әдістерінің көмегімен (10.2.4, 10.2.5, 10.2.6 және 10.2.7-тармақтарды қараңыз) ескерілетін болса, жоғары есептік ығысулар 10.2.7-тармағының ережесі бойынша анықталуы тиіс, мұндағы ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012 7.5-тармағының әдістемелерінің біреуіне сәйкес анықталған инерциялық реакциямен туындаған $d_{bi,d}$ ығысулар (10.1) формуласына сәйкес ескерілуі тиіс.

Бұл жағдайда 10.2.5 және 10.2.6-тармақтарына сәйкес анықталған кеңістіктегі сейсмикалық әсерлерді өзгертуге сәйкес келетін ығысулар ескерілмейді.

ЕСКЕРТПЕ Шаманың ұсынылған мәні - $\gamma_{Is} = 1,50$.

10.3.3 [7.6.2(2)P] Әрбір оқшауландырғышты кез келген бағытқа максималды жиынтықты жылжытуды анықтау үшін есептік сейсмикалық әсерлер кезінде сейсмикалық әсерлерден өтемдік ығысуға $d_{G,i}$ орын ауыстыруын ұлғайта отырып, (93а) талабының орындалуын тексеру керек, бұл келесі жағдайларда туындауы мүмкін:

- а) тұрақты әсерлермен;
- б) суперқұрылымды бетон элементтерінің ұзақ мерзімді деформациясы (арматураның кернеуленуі, шөгу, отыруы және жылжығыштығы салдарынан);
- в) 50 % термальды әсері.

$$d_{m,i} \geq d_{G,i} + d_{bi,a} . \quad (10.2)$$

ЕСКЕРТПЕ Оқшауландырғыштарды $d_{m,i}$ рұқсат етілген жылжыту үшін қосымша шарт ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012 7.7.1 (4)-тармағында берілген.

10.3.4 [7.6.2(3)P] Сейсмооқшаулағыш жүйенің барлық компоненттері максималды орын ауыстыруларға $d_{m,i}$ жеткенге дейін олардың қасиеттерін өзгертусіз жұмыс істеуі тиіс.

10.3.5 [7.6.2(4)P] Сейсмооқшаулағыш жүйенің бекіткішін қоса алғанда, оның әрбір көтергіш элементінің есептік кедергісі жалпы максималды орын ауыстырулар кезінде элементке әсер ететін күштен асуы тиіс. Сонымен қатар, ол сәйкесінше бағытта конструкцияға жел жүктемесінен туындаған есептік күштен асуы тиіс.

ЕСКЕРТПЕ $d_{bi,a}$ жоғары ығысуға сәйкес келетін гидравликалық тұтқыр демпферлердің максималды реакциясы (7.5.2.3.4-тармақшасын қараңыз) ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012 есептеу нәтижесінде алынған реакцияны (7.5.2.3.4-тармақшасын қараңыз) ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012 анықталған a_b коэффициенті бар $\gamma_{is}^{a_b/2}$ көбейткішке көбейту арқылы анықталуы мүмкін.

10.3.6 [7.6.2(5)] Қарапайым әлсіз-демпфирлеуші эластомерлі тірек бөліктерінен тұратын оқшауландырғыштар ҚР СТ EN 1337-3-2011 сәйкес 10.3.1 – 10.3.4-тармақтарына сәйкесінше есептелуі тиіс. Жылжу кезіндегі максималды деформациялар қосынды ретінде есептелуі тиіс, олар келесілерден тұрады:

- а) сығу кезінде туындайтын жанама деформациялар,
- б) жалпы көлденең орын ауыстыруларға сәйкес келетін жанама деформациялар,

в) осы қосындыны күшейту коэффициентіне көбейтпей тірек бөлігінің есептік бұру бұрышы кезінде туындайтын жанама деформациялар. Бұл жиынтық деформациялар ҚР СТ EN 1337-3-2011 (2) 5.3.3 формуласына сәйкес анықталатын шекті мәннен $\varepsilon_{u,d}$

аспауы тиіс:
$$\varepsilon_{u,d} = \frac{\varepsilon_{u,k}}{\gamma_m}$$

мұндағы $\varepsilon_{u,k}$ максималды рұқсат етілген мән, шекті күй үшін 7 тең.

ЕСКЕРТПЕ Демпфирленуі аз қарапайым тірек бөліктерін есептеу барысында $\varepsilon_{u,d}$ шамасын анықтау үшін γ_m шамасының мәні (есептік жер сілкіну кезінде). $\gamma_m = 1,0$ қабылдау ұсынылады.

10.3.7 Сығу және сырғанау кезіндегі орнықтылық 5.3.3.6 ҚР СТ EN 1337-3-2011 ережелеріне сәйкес тексерілуі тиіс.

10.3.8 Айналдыруды шектеу шарты. Егер толық тік иілім $\sum v_{z,d}$ келесі теңдеуге сәйкес келетін болса, көп қабатты тірек бөліктері үшін айналдырып орын ауыстыруды шектеу қажет

тік бұрышты тірек бөліктері үшін
$$\sum v_{z,d} - \frac{(a'a_{a,d} + b'a_{b,d})}{K_{r,d}} \geq 0$$

цилиндрлі тірек бөліктері үшін
$$\sum v_{z,d} - \frac{(D'a_d)}{K_{r,d}} \geq 0$$

мұндағы

$\alpha_{a,d}$ - тірек бөлігінің a бүйір жағының айналасындағы бұру бұрышы;

$\alpha_{b,d}$ - тірек бөлігінің b ұзын жағының айналасындағы бұру бұрышы (егер ол бар болса);

D' - тірек бөлігінің тиімді диаметрі;

a' - тірек бөлігінің тиімді ені (металл пластиналардың ені);

b' - тірек бөлігінің тиімді ұзындығы (металл пластиналардың ұзындығы);

$K_{r,d}$ - айналдыруды шектеу коэффициентін $K_{r,d} = 3$ қабылдау ұсынылады;

$\sum v_{z,d}$ - «а» α_a жағына және «б» α_b жағына қатысты айналдыру кезінде толықтай тігінен орын ауыстыру (иілім).

10.3.9 Бойлық орнықтылық. Көп қабатты тіректер үшін, қысым, $\frac{F_{z,d}}{A_r}$ келесі талапты қанағаттандыруы тиіс:

тікбұрышты тіректер үшін
$$\frac{F_{z,d}}{A_r} < \frac{(2a'GS_l)}{3T_e};$$

цилиндрлі тірек бөліктері үшін a' параметрі диаметрге тең болып қабылданады.

10.3.9 Сырғанау болмаған жағдайда анкерлері жоқ тіректер үшін келесі талаптар қанағаттандырылуы тиіс:

$$F_{xy,d} \leq \mu_e F_{z,d \min},$$

және тұрақты жүктемелер кезінде:

$$\sigma_{cd \min} = \frac{F_{z,d \min}}{A_r} \geq 3(H / \text{мм}^2)$$

мұндағы

$F_{xy,d}$ - барлық көлденең күштердің салдарлы векторы;

$F_{z,d \min}$ - минималды тік есептік жүктеме, $F_{xy,d}$ ортақ білікті;

μ_e - келесі формуламен берілген үйкеліс коэффициенті:

$$\mu_e = 0,1 + \frac{1,5K_f}{\sigma_m}$$

мұндағы

$K_f = 0,6$ бетон үшін;

$K_f = 0,2$ төселетін желімделген қабатты қоса алғанда басқа түрдегі барлық беттер үшін;

σ_m – МПа өрнектелген, $F_{z,d \min}$ жүктеме әрекетімен келісілген сығылатын кернеудің орташа мәні

ЕСКЕРТПЕ Сырғанауды ескеретін үйкеліс коэффициенттердің есептік мәндері ұзақ мерзімді әсерлерді ескеру үшін өте төмен болып табылады. Жоғары динамикалық талаптар қойылатын конструкциялар, мысалы, темір жол көпірлері немесе тегіс іргеқабат беттері бар конструкциялар үшін жоғарыда аталған мәндерге қарағанда үлкен мәндер μ_e берілуі мүмкін. Тірек бөлігі сырғанау кезінде орнықтылық талаптарын қанағаттандырмаған жағдайларда көлденең күштерді қабылдауды қамтамасыз ететін құралдарды қолдану керек.

10.3.11 [7.6.2(6)] Қарапайым әлсіз-демпфирлеуші эластомерлі тірек бөліктері үшін 10.3.6-тармағындағы есептеулерге қосымша келесі шартты тексеруді орындау керек:

$$\varepsilon_{q,d} \leq 2,0 \quad (10.3)$$

мұндағы $\varepsilon_{q,d}$ - ҚР СТ EN 1337-3-2011, 5.3.3.3-тармағында берілген (10) формуласына сәйкес есептелген жылжу деформациясы. Бұл жағдайда v_x , және $v_{y,d}$ жоғарыда 10.3.3-тармағында көрсетілгендей x және y көлденең бағыттарда жалпы салыстырмалы максималды ығысуларға тең болып қабылдануы тиіс.

10.3.12 [7.6.2(7)] Тік күшті қабылдайтын оқшауландырғыштарды сейсмикалық әсерлер кезінде есептік сейсмикалық жағдайларда көтеруге жол берілмейді, оның сипаттамасы ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012 7.4-бөлімінде берілген.

10.3.13 [7.6.2(8)] Есептік сейсмикалық ығысулар үшін ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012 7.5.2.3.5(5)-тармақшасында көрсетілген сырғанайтын элементтерді есептеу ҚР СТ EN 1337-2-2011 нормативтік құжатқа сәйкес осы Құралдың 10.3.1-тармағына сәйкес жүргізіледі.

10.4 Сабқұрылым және суперқұрылым

10.4.1 [7.6.3(1)P] Тек есептік сейсмикалық әсермен туындайтын төменгі және жоғарғы құрылыста сейсмикалық әсерлер E_{EA} кезінде пайда болатын ішкі күштер ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012 7.5-тармағына сәйкес анықталуы тиіс.

10.4.2 [7.6.3(2)] Тек есептік сейсмикалық әсермен туындаған E_E есептік сейсмикалық күштерді 10.4.1-тармағындағы күшті E_{EA} шектеулі икемді/елеулі серпімді режимге сәйкес келетін q коэффициентке бөліп алуға болады, яғни, $E_E = E_{EA} / q$ - $q \leq 1,5$ кезінде.

10.4.3 [7.6.3(3)] Конструкцияның барлық элементтері ҚР ҚН ЕН 1998-2:2005+A1:2009/2012 5.6.2 және 6.5-тармақтағы ережелерге сәйкес серпімді кезеңде жұмыс істейтіндігін тексеру керек.

10.4.4 [7.6.3(4)P] Іргетасқа есептік әсер етуі ҚР ҚН ЕН 1998-2:2005+A1:2009/2012 5.8.2(2)P шарттарына сәйкес келуі тиіс.

10.4.5 [7.6.3(5)] 5.7.6-тармағында сипатталған сырғанайтын тірек элементтерімен тірек элементтеріне (аралық тіректер немесе тіреулер) әсер ететін есептік көлденең күштерді анықтаған жағдайда ҚР СТ ЕН 1337-2-2011 талаптарына сәйкес үйкеліс күшінің максималды мәндері қолданылуы тиіс.

10.4.6 [7.6.3(6)] Егер 10.4.5-тармағының шарты кезінде тірек элементі сонымен қатар тұтқыр гидравликалық демпферлерден жүктемені қабылдайтын болса, онда:

а) демпфердің әрекет ету бағытына сейсмикалық әсері кезінде тірек элементіне әсер ететін есептік көлденең күшті демпферде туындайтын максималды күшке ұлғайту керек (10.4 формуланы қараңыз);

б) деформация салдарынан (температуралық өзгертулерге байланысты) туындайтын сейсмикалық емес әсерлер кезінде есептік көлденең күшті (а) қолданылатын сейсмикалық әсерлер кезінде демпфердің максималды реакциясының 10 % құрайтын демпфердің әсер ету күшіне ұлғайту керек.

10.4.7 [7.6.3(7)] Осы бір тірек элементтеріне орнатылған эластомерлі тірек бөліктерінен және гидравликалық тұтқыр демпферлерден тұратын сейсмооқшаулағыш жүйелерді бірмодты немесе мультимодты есептеу әдісін қолданған кезде серпімді және тұтқыр элементтердің максимумдары арасындағы фазалардың айырмасы жүйелі жақындау әдісінің көмегімен ескерілуі тиіс. Бұл жағдайда келесі өзіне тән күйлеріне сәйкес өте қолайсыз күштер таңдалуы тиіс:

а) (8.10) формуласына сәйкес белгіленген максималды орын ауыстыруға қол жеткізілетін күйлер. Бұл жағдайда демпфирлеуші күштер нөлге тең болады.

б) Жылдамдық максималды мәндерге, ал орын ауыстыру нөлге тең болған кездегі күйлері. Олай болса максималды демпфирлеуші күштер келесі формуламен анықталатын максималды жылдамдықты қолдану арқылы анықталады:

$$v_{msx} = 2\pi d_{bd} / T_{eff}, \quad (10.4)$$

мұндағы d_{bd} — сейсмооқшауланған жүйенің есептік орын ауыстыруға d_{cd} сәйкес келетін демпферді максималды жылжыту.

в) Жоғары құрылыстың максималды инерциялық күшін келесі түрде есептеуге болады:

$$F_{max} = (f_1 + 2\xi_b f_2) S_e M_d, \quad (10.5)$$

мұндағы S_e демпферлердің қаттылығының қандай да бір ықпалын ескермей (8.4) формуласы бойынша анықталатын K_{eff} параметрімен 4.2 және 4.3-кестелерін қолдану арқылы ҚР НТҚ 08-01.1-2012 4.2.2.2-ережелеріне сәйкес анықталады

$$f_1 = \cos[\arctan(2\xi_b)], \quad (10.6)$$

$$f_2 = \sin[\arctan(2\xi_b)], \quad (10.7)$$

мұндағы ξ_b — (8.5) формуласында көрсетілген тиімді демпфирлеу ξ_{eff} шамасына демпферлерді салу.

Бұл жағдайда орын ауыстыру $f_1 d_{\text{cd}}$ құрайды, ал демпферлердің жылдамдығы: $v = f_2 v_{\text{max}}$ құрайды.

10.4.8 [7.6.3(8)] Гидравликалық тұтқыр демпферлерден және эластомерлі тірек бөліктерінен тұратын, (10.4.7-тармақтағы жағдай), үйкеліс элементтері жоқ сейсмооқшаулағыш жүйелердегі көпір тіректеріне, көтергіш тірек бөліктеріне және деформацияның сейсмикалық емес әсерлерге арналған (температура өзгертулері және т.б.) демпферлерге әсер ететін есептік көлденең күш нөлге тең демпфер реакциясы кезінде анықталуы тиіс.

11 СЕЙСМООҚШАУЛАҒЫШ ТІРЕК БӨЛІКТЕРІНІҢ ЕСЕПТІК СИПАТТАМАЛАРЫНЫҢ ӨЗГЕРГІШТІГІН ЕСЕПКЕ АЛУ

11.1 Есептік сипаттамаларының өзгеруін тудыратын факторлар

11.1.1 [J1(1)] ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012, 7.5.2.4-тармағына сәйкес оқшаулағыш жүйені есептеу үшін есептік сипаттамалардың (UBDP және LBDP) жоғарғы және төменгі шекараларын бағалау керек, олар келесі факторлардың осы сипаттамалардың әрқайсысына ықпал етуін бағалау арқылы анықталады:

- f_1 : ескіруі (коррозияны қосқанда);
- f_2 : температура (сейсмооқшаулағыш құрылғының $T_{\text{min},b}$ минималды есептік температурасы);
- f_3 : ластану;
- f_4 : жиынтықты орын ауыстыру (тозу).

Жоғарыда көрсетілген факторлар әрекет еткен кездегі циклді реакцияның есептік сипаттамалары (6.4 және 5.11-суреттерді қараңыз) келесілер болып табылады:

- серпімділік шегінен тыс қаттылық K_p .
- нөлдік орын ауыстыру кезіндегі күш F_0 .

11.1.2 [J1(2)] Есептік сейсмикалық әсерлер $T_{\text{min},b}$ кезіндегі сейсмооқшаулағыш құрылғының минималды температурасы көпірдің орналасқан орнының климаттық жағдайларына сәйкес келуі тиіс.

ЕСКЕРТПЕ Есептік сейсмикалық жағдайда қолдануға арналған сейсмооқшаулағыш құрылғының

минималды температурасының мәнін Ұлттық қосымшадан табуға болады. төменде ұсынылған мәндер берілген:

$$T_{\min b} = \psi_2 T_{\min} + \Delta T_1 \quad (11.1)$$

мұндағы T_{\min} — көпір орналасқан жердегі көлеңкедегі ауаның ҚР ҚН EN 1991-1-5:2003/2011 сәйкес 0.02 (теріс) жылдық ұлғаю ықтималды минималды температурасы.

$\psi_2 = 0,50$ — ҚР ҚН EN EN 1990:2002+A1:2005/2011 — А. 2 қосымшасына сәйкес есептік сейсмикалық жағдайлар кезінде жылу әсерін есепке алу коэффициенті.

ΔT_1 - ҚР ҚН EN EN 1991-1-5: 2003/2011 6.1-суретке сәйкес көпір төсемінің материалына байланысты әртүрлі мәндерді қабылдайды. Көпір төсеміне ΔT_1 мәні 11.1-кестесінде келтірілген.

11.1 [J.1N]-кесте - Сейсмооқшаулағыш құрылғының минималды температурасын анықтауға арналған ΔT_1 мәні

Төсем	Бетон	Құраушы	Болат
ΔT_1 (°C)	7,5	5,0	-2,5

11.2 Есептік сипаттамаларының өзгерулерін бағалау

11.2.1 [J2(1)] 11.1-бөлімінде аталған әрбір фактордың f_i ($i=1...4$) әрбір есептік сипаттамаға ықпал етуін: f_i факторының ықпалымен алынған (а) – есептік сипаттамалардың максималды және минималды шамаларын ($\max DP_{fi}$ және $\min DP_{fi}$) прототипін зерттеулер кезінде алынған осы фактордың ықпалымен (б) - максималды және минималды шамаларымен ($\max DP_{nom}$ және $\min DP_{nom}$) салыстыру арқылы бағалау керек. Бұл жағдайда әрбір фактордың зерттелетін есептік қасиетіне ықпалын анықтайтын келесі қатынастарды алу керек.

$$\lambda_{\max, fi} = \frac{\max DP_{fi}}{\max DP_{nom}}, \quad (11.2)$$

$$\lambda_{\min, fi} = \frac{\min DP_{fi}}{\min DP_{nom}}, \quad (11.3)$$

ЕСКЕРТПЕ 1 ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012 К ақпараттық қосымшада ҚР СТ EN 15129-2012 осы сынауларға қойылатын осыған ұқсас талаптар болмаған жағдайлар үшін тәжірибелі үлгілерді сынау процедураларына сипаттама беріледі.

ЕСКЕРТПЕ 2 λ параметрлерінің ұсынылатын мәндері және өте жиі қолданылатын сейсмооқшаулағыш құрылғыларды: эластомерлі тірек бөліктерін, қорғасын-резеңке тірек бөліктерін, сырғанайтын сейсмооқшаулағыш құрылғыларды және гидравликалық тұтқыр демпферлерді пайдалану жөніндегі нұсқаулар ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012 JJ ақпараттық қосымшасында беріледі.

11.2.2 [J2(2)] Есептік сипаттамалардың жоғары шекті мәні (UBDP) келесі түрде анықталады:

$$UBDP = \max DP_{nom} \cdot \lambda_{U, f1} \cdot \lambda_{U, f2} \dots \lambda_{U, f5} \quad (11.4)$$

Модификациялау коэффициенттерімен

$$\lambda_{U, f1} = 1 + (\lambda_{fi} - 1) \psi_{fi}, \quad (11.5)$$

мұндағы ψ_{fi} үйлесімділік коэффициенттері барлық факторлардың максималды теріс әсерлерін бір уақытта айқындау ықтималдығын азайтуды ескереді және 11.2-кестеге сәйкес қабылданады:

11.2 [J2] -кесте — ψ_{fi} коэффициенттерінің үйлесімділігі

Жауапкершілік класы	ψ_{fi}
III	0,90
II	0,70
I	0,60

11.2.3 [J2(3)] Жалпы жағдайда есептік сипаттамалардың шынайы төменгі шегін - LBDP және сәйкес келетін коэффициенттерін $\lambda_{L,fi}$ анықтау үшін $\lambda_{min,fi}$ үйлесімде (11.4) және (11.5) формулалары қолданылуы тиіс. Бұл жағдайда типтік эластомерлі және фрикциялық тірек бөліктері үшін келесіге жол беруге болады:

$$\lambda_{min,fi} = 1 \quad (11.6)$$

$$LBDP = \min DP_{nom} \quad (11.7)$$

11.2.4 Гидравликалық демпферлер және арнайы сынаулар болмауы үшін келесіні қабылдауға болады:

$$UBDP = \max DP_{nom}$$

$$LBDP = \min DP_{nom}$$

12 СЕЙСМООҚШАУЛАҒЫШ ҚҰРЫЛҒЫЛАРДЫҢ ЕСЕПТІК СИПАТТАМАЛАРЫН ТӘЖІРИБЕЛІ ТҮРДЕ БАҒАЛАУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР

12.1 Жалпы ережелер

12.1.1 Сейсмооқшаулағыш тірек бөліктеріне қойылатын техникалық талаптар сейсмикалық, сол сияқты қарапайым температуралық және жел жүктемелерінің әсерлері кезінде максималды рұқсат етілетін көлденең орын ауыстыруларды шектеуді қосады.

12.1.2 Тірек бөліктері белгілі қаттылыққа, энергияны ыдырату қабілеттігіне, тік жүктемелердің әсер етуіне орнықтылыққа және т.б. ие болуы тиіс.

12.1.3 Төменде тәжірибелі түрде сейсмооқшаулағыш құрылғылардың есептік сипаттамаларын бағалау үшін ұсыныстар берілген. Ұсыныстардың хабарландыратын сипаты бар.

12.2 Қолдану саласы

12.2.1 [К.1(1)] К акпараттық қосымшада ҚР СТ EN 15129-2012 осындай сынауларға қойылатын толық талаптар болмаған жағдайларда орындалатын тәжірибелі немесе типтік үлгілерді сынаулар бойынша нұсқаулар бар.

12.2.2 [К.1(2)] Сейсмооқшауланған көпірлерді жобалау және есептеу барысында қолданылатын деформациялық сипаттамалардың мәндері және сейсмооқшауландырғыштарды демпфирлеу коэффициенттерінің мәндері К қосымшасында сипатталған сынаулар кезінде тексерілуі мүмкін. Бұл сынаулар бұйым сапасын бақылауға арналған.

12.2.3 [К.1(3)] 12.3-бөлімінде сипатталған тәжірибелі үлгілерді сынау жобада қарастырылған сейсмооқшауландырғыш құрылғылардың номиналды есептік сипаттамаларының диапазонын анықтау және бағалауға арналған. Бұл сынаулар жобаның ерекшелігіне байланысты болуы мүмкін. Бұл жағдайда ұқсас түрдегі және өлшемді үлгілерде алынған және есептік параметрлердің осыған ұқсас шамалары бар нәтижелер қабылданады.

12.2.4 [К.1(4)] 12.4-бөлімінде ұсынылған сынаулардың мақсаты жоба үшін ерекше болып табылмайтын сейсмооқшауландырғыш құрылғылардың қасиеттерін растау.

12.3 Тәжірибелі үлгілерді сынау

12.3.1 Жалпы ережелер

12.3.1.1 [К.2.1(1)] Сынаулар ең кемінде екі үлгіде орындалуы тиіс. Сынауларды жүргізгенге дейін үлгілер көлденең немесе тік жүктемелердің әсеріне ұшырамауы тиіс.

12.3.1.2 [К.2.1(2)] Жалпы толық өлшемді үлгілер қолданылуы тиіс. Құзырлы органдар, егер қолдағы бар сынау жабдығы толық өлшемді үлгілерге сынау жүргізуге мүмкіндік бермейтін болса, кішірейтілген масштабты үлгілерге сынау жүргізуге рұқсат беруі мүмкін.

12.3.1.3 [К.2.1(3)] Егер кішірейтілген масштабты үлгілер қолданылса, олар осы материалдың өзінен дайындалуы тиіс, толық өлшемді үлгілерге геометриялық тұрғыдан ұқсас болуы тиіс, осы технологиямен дайындалып және осындай сапаны бақылаудан өтуі тиіс.

12.3.2 Сынаулардың реттілігі

12.3.2.1 [К.2.2(1)] Бір типтегі және өлшемдегі барлық сейсмооқшаулағыш құрылғылар үшін орташа тұрақты жүктемеге тең тік жүктеме кезінде берілген циклдер саны үшін келесі сынаулардың реттілігін сақтау керек.

T_1 - сынау жылдамдығы кемінде 0,1 мм/мин болғанда максималды температуралық орын ауыстыруды есептеумен және есептеусіз толық үш цикл.

T_2 - сынаудың 0,5 Гц орташа жиілігі кезінде максималды сейсмикалық емес есептік реакцияны есептеумен және есептеусіз толық жиырма жүктеу циклі. Циклді сынаулардан кейін үлгідегі жүктеме 1 минут бойы ұстап тұрылуы тиіс.

T_3 - ұлғайтылған сейсмикалық орын ауыстырулар кезіндегі толық бес цикл.

T_4 - Белгіленген орын ауыстырулардан бастап ұлғайтылған есептік орын ауыстырулар кезіндегі толық он бес цикл (7.6.2(2)Р) ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012. Циклдерді үлгілерді салқындату үшін тоқтата отырып, әрқайсысына бес циклден үш топпен тіркеуге болады.

T_5 - T_2 сынауларды қайталау, бірақ циклдер санын үшке дейін кеміте отырып.

T_6 - Егер сейсмооқшаулағыш құрылғы тік жүктемені көтеретін элемент болып табылса, онда келесі тік жүктемелердің әрекеті кезінде толық есептік сейсмикалық орын ауыстырулар кезінде оны толықтай белгісі ауыспалы циклде сынау керек:

$$1,2Q_G + |\Delta F_{Ed}|, \quad (12.1)$$

$$0,8Q_G - |\Delta F_{Ed}|, \quad (12.2)$$

мұндағы

Q_G - тұрақты жүктеме,

ΔF_{Ed} - есептік сейсмикалық әсерлер кезінде максималды реакцияларда сейсмикалық аудару әсерін тудыратын қосымша тік жүктеме.

12.3.2.2 [К.2.2 (2)] T_3 , T_4 және T_6 сынауларын сейсмооқшаулағыш жүйенің тиімді кезеңінің кері шамасына тең жиілік кезінде орындау керек. Осы ережеден ерекшелігі қасиеттері жүктеу жылдамдығына тәуелді емес сейсмооқшаулағыш құрылғылар үшін жол беріледі (жүктеу жылдамдығы тұтқырлық және үйкелу есебінен үлгіні қыздырудың негізгі себебі болып табылады). Егер гистерезис ілмегін анықтайтын әрбір екі шаманың F_0 және K_p айырмасы есептік ығысу және сейсмооқшаулағыш жүйенің 0,2 бастап 2 еселік кері шамаға дейін жиілік мәні кезінде толық үш цикл ішінде сынаулардан кейін кемінде 15% болса, сейсмооқшаулағыш құрылғының «күш-орын ауыстыру» тәуелділігі жүктеу жылдамдығына тәуелсіз болып саналады (6.4-суретті қараңыз).

12.3.3 Сейсмооқшаулағыш құрылғылардың сипаттамаларын анықтау


12.3.3.1 «Күш-орын ауыстыру» тәуелділік параметрлері

12.3.3.1.1 [К.2.3.1(1)] Сейсмооқшаулағыш жүйенің тиімді қаттылығы (12.1-сурет) келесі формула бойынша әрбір жүктеу циклі үшін есептелуі мүмкін:

$$K_{eff} = \frac{F_p - F_n}{d_p - d_n}, \quad (12.3)$$

мұндағы d_p және d_n - сынаулардағы максималды оң және максималды теріс орын ауыстырулар,

F_p және F_n - гистерезисті және фрикционды әрекет режимі бар элементтер үшін максималды оң және максималды теріс күштер, немесе тұтқыр-серпімді элементтер үшін d_p және d_n сәйкес келетін оң және теріс күштер.



12.1-сурет — Тәжірибелі күш-орын ауыстыру тәуелділік графиктері (сол жағында: гистерезисті немесе фрикциялық әрекет; оң жағында: тұтқыр әрекет)

12.3.3.2 Демпфирлеу сипаттамалары

12.3.3.2.1 [К.2.3.2 (1)] Сейсмооқшаулағыш құрылғының i бір циклі ішінде E_{Di} ыдырайтын энергия T_3 типті сынауларды толық есептік орын ауыстырулар кезінде толықтай бес қайтымды цикл кезінде гистерезис ілмегіне сәйкес келетін аудан сияқты әрбір жүктеу циклі ішінде анықталады (12.3.2-тармақшаны қараңыз.).

12.3.3.3 Жүйенің адекваттығы

12.3.3.3.1 [К.2.3.3 (1)] Егер келесі талаптар орындалатын болса, тәжірибелі үлгілердің әрекетін адекватты ретінде қарастыру керек:

R_1 - 12.3.2-тармағында көрсетілген барлық сынаулардағы «күш-орын ауыстыру» графикасының гидравликалық тұтқыр демпферлерін қоспағанда оң өсімі болуы тиіс.

R_2 - T_1 процедурасына сәйкес сынаулар жүргізген кезде (12.3.2-тармағын қараңыз), максималды өлшенген күш есептік шамадан 5% артық аспауы тиіс.

R_3 - T_2 және T_5 процедураларына сәйкес сынаулар жүргізген кезде (12.3.2-тармағын қараңыз), максималды өлшенген орын ауыстыру өлшенген шамадан 90% кем болмауы тиіс.

R_4 - T_3 процедурасына сәйкес сынаулар жүргізген кезде (12.3.2-тармағын қараңыз), сейсмооқшаулағыш құрылғының i тиімді қаттылықтың K_{effi} максималды және минималды шамасы (және сәйкес келетін «күш-орын ауыстыру» графиктері), сонымен қатар бір цикл ішінде E_{Di} ыдырайтын энергия сынаулардың жүйелі циклдерінің әрбір төрт жұбының орташа шамасына сәйкесінше максимум және минимум ретінде анықталады. Бұл номиналды сипаттамалары жобада қабылданған номиналды шамалар диапазонында тұрады.

R_5 - T_4 процедурасына сәйкес сынаулар жүргізген кезде (12.3.2-тармағын қараңыз), 15 циклдің әрқайсысында өлшенген минималды және максималды тиімді қаттылық қатынасы 0,7 қарағанда кем болуы тиіс.

R_6 - T_4 процедурасына сәйкес сынаулар жүргізген кезде (12.3.2-тармағын қараңыз), 15 циклдің әрқайсысы $\min E_D / \max E_D$ қатынасы үшін кемінде 0,7 болуы тиіс.

R_7 - тік жүктемені көтеретін барлық элементтер T_6 процедурасына сәйкес сынаулар жүргізген кезде (қаттылық ұлғайған кезде) орнықтылықты сақтауы тиіс (12.3.2-тармағын қараңыз).

R_8 - сынаулар аяқталғаннан кейін барлық тәжірибелі үлгілер жарамсызға шығару үшін себеп болуы мүмкін елеулі зақымдануларды анықтау үшін тексеруге тиісті, мысалы:

- резеңке және болат арасындағы ұстасудың болмауы,
- қабаттардың қосылысының бұзылуы,
- резеңке бетіндегі сызаттар резеңке жабынының қалыңдығынан 70% жалпағырақ немесе тереңірек,
- материалдың ұстасу ауданынан 5% жоғары шамаға қабатталуы,
- PTFE металмен ұстасу ауданынан 5% артық ұстасуының болмауы,
- тот баспайтын болаттан жасалған пластиналардағы сызаттардың болуы, олардың тереңдігі және ені 20 мм ұзындықта 0,5 мм асады,
- тұрақты деформация,
- су өту.

12.4 Тозуға сынау және температуралық әсерлері

12.4.1 Тозуын және қажуын сынау

12.4.1.1 [К.3.1(1)] Бұл сынаулар ең кемінде 30 жылда қызмет ету мерзімі ішінде температура және көлік жүктемелері әрекетінен жиналған жалпы орын ауыстыру окшауландырғыштарының қасиеттеріне ықпалын анықтауы тиіс.

12.4.1.2 [К.3.1(2)] Егер басқа шама есептеумен расталмаса, қалыпты ұзындықтағы көпірлер үшін (200 м дейін) минималды жалпы орын ауыстыруды 2000 м тең деп қабылдауға болады.

12.4.2 Төменгі температура кезіндегі сынау

12.4.2.1 [К.3.2(1)] Егер сейсмооқшаулағыш құрылғылар температурасы төмен аудандарда қолдануға арналған болса, мұндағы сейсмикалық жобалау кезінде сейсмооқшаулағыш құрылғының температурасы $T_{\min, b} < 0^{\circ}\text{C}$ болса (11.1.2-бөлімді қараңыз), онда сынау осы температурада орындалуы тиіс және 12.3.2-бөлімдегі T_3 сынауларда көрсетілген барлық қалған шарттарды орындай отырып, есептік орын ауыстыру кезінде толық бес циклден тұруы керек. Үлгі қату нүктесінен төмен, ең кемінде

сынауға дейін екі күн бойы тұруы тиіс. Сынау нәтижелерін 12.3.3.3-тармақшасындағы R_4 сәйкес бағалау керек.

12.4.2.1 [К.3.2(2)] 12.4.1-бөліміне сәйкес тозуды сынау барысында 10% астам берілетін орын ауыстыруларды $T_{\min,b}$ температурада орындау керек.

13 СЕЙСМИКАЛЫҚ ӘСЕР ЕТУЛЕР КЕЗІНДЕ СЕЙСМООҚШАУЛАНҒАН КӨПІРЛЕРДІҢ ІРГЕЛЕС АРАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫСТАРЫНЫҢ МАКСИМАЛДЫ ҚОЗҒАЛУЫН БАҒАЛАУ

13.1 Кіріспе ескертулер

13.1.1 Сейсмооқшауланған көпірлердің аралық құрылыстары жер сілкіністері кезінде көп орын ауыстыруы мүмкін. Іргелес құрылыс аралықтарының орын ауыстырулары аралық құрылыстардың соқтығысуына және тіректерден жылжуына алып келуі мүмкін.

13.1.2 Аралық құрылыстардың жылжуының алдын алу үшін тәсілдердің біреуі көпір тіректеріне тіреу аумағының жеткілікті өлшемін анықтаумен және қамтамасыз етумен жасалады.

13.1.3 Осы аймақты анықтау үшін негізгі параметр екі іргелес аралық құрылыс арасындағы максималды салыстырмалы орын ауыстыру болып табылады. Егер тіреу аймағы қатты ауытқу кезінде туындайтын максималды салыстырмалы орын ауыстырулардан көп болса, аралық құрылыс тіректерден түсірілмейді.


13.1.4 Жер сілкіністері кезінде іргелес аралық құрылыстардың соққылы өзара әрекетін анықтау үшін негізгі параметр іргелес аралық құрылыстардың салыстырмалы жылдамдықтары болып табылады.

13.1.5 Осы параметрлерді: іргелес аралық құрылыстардың максималды салыстырмалы орын ауыстыруларды және максималды салыстырмалы жылдамдықтарын анықтау барысында қатты аралық құрылыстардың модельдері және бір еркін дәрежесі бар жүйелер қолданылады.

13.1.6 Көпірлердің тіректеріне ұқсас сейсмикалық әсерлер кезінде аралық құрылыстар әртүрлі параметрлермен тербелістерді жасап және қарама-қарсы фазаларда қозғалуы мүмкін, себебі олардың жеке жиіліктері ерекшеленуі мүмкін, сонымен ұқсас сейсмикалық әсерлерге берілетін реакциясы да ерекшеленеді.

13.2 Көпірлердің аралық құрылыстарының максималды орын ауыстыруының салыстырмалы спектрлері

13.2.1 Екі іргелес аралық құрылыстың салыстырмалы орын ауыстыруларын бағалау үшін 13.1-суретте көрсетілген модельдер қарастырылады. Көпірдің екі іргелес аралық құрылысы бір еркін дәрежесі бар екі жүйе ретінде қарастырылады. Әрбір жүйенің негізіне топырақ бетінің үдеуі \ddot{u}_g түрінде ұқсас кинематикалық әсер беріледі. Көпірдің бойлық осін бойлай топырақтың тербелісінің кеңістіктік құбылмалығы ескерілмейді.



13.1-сурет - Жер сілкінісі кезінде іргелес аралық құрылыстар арасындағы саңылау шамасын бағалауға арналған есептік схема

13.2.2 1 және 2 жүйелерінің жеке тербелістерінің кезеңі сәйкесінше T_1 және T_2 , аралық құрылыс салмағы m_1 және m_2 , салыстырмалы демпфирлеу коэффициенті ζ_1 және ζ_2 тең деп белгілейміз. Көптеген стандартты темірбетон көпірлерінің демпфирлеу коэффициенттері шамамен 0.05 тең. Қабылдаймыз: $\zeta_1 = \zeta_2 = 0.05$.

13.2.3 Белгілеулерді енгіземіз:

- аралық құрылыс салмақтарының қатынасы $r_m = \frac{m_2}{m_1}$;


- бастапқы саңылаудың жер сілкінісі кезіндегі саңылауға қатынасы (бұл параметр саңылаулардың қатынас коэффициенті деп аталады):

$$r_G = \frac{\Delta}{\max \{u_2(t) - u_1(t)\}},$$

13.2.4 Егер саңылаулардың қатынас коэффициенті 1.0 артық болса, аралық құрылыстардың соққысы болмайды. Егер саңылаулардың қатынас коэффициенті 1.0 кем немесе оған тең болса, онда іргелес аралық құрылыстардың соққысы орын алады.

13.2.5 Саңылау коэффициенті бірліктен асатын жағдайды қарастырамыз, яғни аралық құрылыстардың соққысыз жағдайы.

13.2.6 Топырақтың тербелістері кезінде аралық құрылыстардың максималды салыстырмалы орын ауыстыруын $\max \{u_2(t) - u_1(t)\}$ формуласымен белгілейміз. T_1 және T_2 параметрлеріне байланысты максималды салыстырмалы орын ауыстырулардың екі өлшемді графигі *максималды салыстырмалы орын ауыстырулар спектрі* $\Delta S_D(T_1, T_2)$ деп аталады (13.2-сурет).



**13.2-сурет $-\zeta_1 = \zeta_2 = 0,05$, $r_G = 1$ кезінде жер сілкінісінің әсерлерінен El Centro
максималды салыстырмалы орын ауыстыру спектрі**

13.2.7 Орын ауыстыру спектрлерін жасау үшін қолдағы бар стандартты кешендерді қолдануға немесе өзінің меншікті стандартты кешендерін қолдануға болады.

13.2.8 Аралық құрылыстардың салыстырмалы ығысуларын сипаттайтын маңызды параметр салыстырмалы орын ауыстыру коэффициенті болып табылады, ол келесі формула бойынша анықталады:

$$r_D = \frac{\Delta S_D(T_1, T_2)}{S_D(T_1)}$$

13.2.9 Екі аралық құрылыстың салыстырмалы орын ауыстырулары $T_1 = T_2$ кезеңдерінің тепе-теңдігі кезінде нөлге тең. Жеке тербелістер кезеңдері арасындағы $\Delta T = T_2 - T_1$ айырманы ұлғайтқан кезде салыстырмалы орын ауыстырулар ұлғаяды. Екі жүйенің салыстырмалы ығысуларының тең коэффициенттері кезінде салыстырмалы орын ауыстыруларды сипаттайтын функциялар $T_1 = T_2$ сызығына қатысты симметриялы (13.2-сурет).

13.2.10 Салыстырмалы орын ауыстырулар коэффициентінің r_D графигі Д қосымшасында берілген.

13.3 Қорытынды

13.3.1 Іргелес аралық құрылыстардың салыстырмалы максималды орын ауыстыру спектрлері көпірлердің сейсмооқшаулағышын есептеу кезінде қажет, себебі сейсмооқшауланған көпірлердің аралық құрылыстарын жылжыту көп шамаларға жетуі мүмкін және мұны сейсмооқшаулаушы құрылғыларды таңдау кезінде ескеру керек.

13.3.2 Іргелес аралық құрылыстардың соққы әсерін бағалау үшін қолайлы зерттеу аппараты максималды салыстырмалы жылдамдық спектрлері болып табылады.

А ҚОСЫМШАСЫ


(ақпараттық)

СЕЙСМООҚШАУЛАҒЫШ ҚҰРЫЛҒЫЛАРДЫ ҚОЛДАНҒАН КЕЗДЕ
ҚҰРЫЛЫСТЫҢ СЕЙСМИКАЛЫҚ ӘСЕРЛЕРГЕ РЕАКЦИЯСЫА.1 Көпір тербелісінің кезеңін ұлғайтқан кездегі сейсмооқшаулағыштың
тиімділігі

А.1.1 Сейсмооқшаулағыштың негізгі әсерлерінің бірі көпірдің жеке тербелістер кезеңінің ұлғаюымен жасалады, соның салдарынан жер сілкінісінің құрылысқа әсері азаяды. Энергетикалық көзқарас тұрғысынан сейсмооқшаулағыш сейсмикалық әсерлердің аса елеулі компонент аймақтарынан көпірдің жеке жиіліктерін ығыстырады, осы арқылы ол конструкцияға берілетін энергия мөлшерін азайтады.

А.1.2 Сейсмооқшаулағыш құрылғылар құрылысқа түсуі тиіс сейсмикалық энергияны жартылай «кескіндейді» және оны жартылай ыдыратады. Қарапайым және сейсмооқшауланған конструкцияның сейсмикалық әсерлер реакцияларындағы айырманы максималды үдеудің типтік спектрлерінде көрсеткен қолайлы [9].

А.1.3 А.1-суретте әртүрлі демпфирлеу коэффициенттері бар максималды үдеудің типтік спектрлері көрсетілген: $\xi_3 \geq \xi_2 \geq \xi_1$.



А.1-сурет – Жеке тербеліс кезеңіне тәуелді максималды үдеу спектрлері

А.1.4 Графиктерден көріп отырғанымыздай сейсмооқшаулағыш құрылғыларды қолданған кезде тербеліс кезеңін ұлғайту максималды үдеулердің кемуіне алып келеді.

T_0 - сейсмооқшаулағышы жоқ жүйенің жеке тербелістер кезеңі,

T_i - сейсмооқшаулағышы бар жүйенің жеке тербелістер кезеңі.

А.1.5 Сонымен қатар, максималды үдеулерді кеміту демпфирлеуді ұлғайту есебінен болады. Үлкен демпфирлеу коэффициенті бар $\xi_2 \geq \xi_1$ спектральды қисық сызық аз демпфирлеу коэффициенті бар спектральды қисық сызықтан төмен орналасқан.


А.1.6 Максималды үдеу спектрлерін талдау тербеліс кезеңін және көпір конструкциясының демпфирлеу шамасын өзгерте отырып сейсмикалық әсерге реакциясын біршама кемітуге болады.

А.1.7 Қарапайым тірек бөліктерін сейсмооқшаулағыш тірек бөліктерімен ауыстыру тербеліс кезеңін көпірлер үшін өзіне тән 1 сек. және одан кем секундқа тең мәндерден бастап 3 секунд және одан көп секундқа дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Бұл күштік сейсмикалық әсердің 3÷5 есеге кемуіне алып келеді.

А.2 Сейсмооқшаулағыш параметрлерінің құрылыстың сейсмикалық әсер реакциясына ықпалы

А.2.1 Сейсмооқшаулағыш параметрлерінің болат көпірдің жер сілкіну реакциясына ықпалын бағалау үшін құрылыс алаңы үшін максималды үдеу спектрінің максималды орын ауыстыруларға тәуелділігі берілгендігін болжаймыз. Сейсмооқшаулағыш параметрлерін бағалау үшін бастапқы кезеңде конструкцияны бір еркін дәрежесі бар жүйе түрінде көрсетуге болады.

А.2.2 Реакция спектрлерін максималды үдеулердің максималды орын ауыстыруларға тәуелділіктер түрінде көрсетеміз. Әртүрлі демпфирлеу коэффициенттері бар жүйелер үшін максималды үдеу спектрлерінің А.2-суретте көрсетілген түрі бар. Графикте қосылған демпфирлеу ықпалын бағалау үшін әртүрлі демпфирлеу коэффициенттері бар спектрлер көрсетілген.



А.2-сурет – Осы құрылыс алаңы үшін әртүрлі демпфирлеу коэффициенттер кезіндегі максималды үдеу спектрлері


1-МЫСАЛ Орын ауыстыруларға тәуелді үдеу спектрлері (А.2-суретте көрсетілген).

Құрылыс: 1 сек. жеке тербелістер кезеңімен болат көпір.

Салыстырмалы демпфирлеу коэффициенті 2%.

Графикке сәйкес максималды орын ауыстырулар 0.12м құрайды, ал максималды үдеулер 0.48g - графиктегі 1 нүкте.

Аралық құрылысты сейсмооқшауландырғышқа қою кезінде тербеліс кезеңі үш есеге ұлғайғандығын ұйғарамыз, бұл жағдайда конструкцияның демпфирлеуші қасиеттері өзгермейді. Бұл жағдайда максималды үдеу және максималды орын ауыстыру графикте 2 нүктесімен анықталады (А.3-сурет). Максималды орын ауыстырулар 0.37м дейін өседі, ал үдеу - 0.18 м/с^2 дейін кемиді.




А.3-сурет – Максималды орын ауыстыруларға тәуелді максималды үдеу спектрлері

Демпфирлеудің ұлғаюының құрылыс реакциясына ықпал етуін А.4-суреттегі спектрлер графигін талдай отырып бағалауға болады:

– Демпфирлеу құрылғыларын қосу үдеуді және орын ауыстыруларды азайтады. Қарастырылып отырған мысалда демпфирлеуді 10 есеге ұлғайту үдеуді екі еседен астамға кемітеді және орын ауыстыруды болмашы ғана кемітеді;

– Сейсмооқшаулағыш құрылғыларды таңдау және жобалау кезеңінде максималды орын ауыстырулар және демпфирлеу коэффициентіне тәуелді максималды спектральды үдеу қисық сызықтарын қолдана отырып, сейсмооқшаулағыш құрылғылардың тиімділігін бағалау қолайлы.



А.4-сурет - Максималды орын ауыстыруларға тәуелді максималды үдеу спектрлері

2-МЫСАЛ Сейсмооқшаулағыш құрылғылар тербеліс кезеңін және демпфирлеуді өзгертеді.

Бастапқы мәліметтер ретінде осы құрылыс алаңы үшін салынған максималды орын ауыстыруларға тәуелді спектральды қисық сызықты максималды үдеулерді қолданамыз.

Өртүрлі демпфирлеу 2%, 5%, 10% және 20% коэффициенттері бар осындай қисық сызықтардың жиынтығы А.4-суретте көрсетілген.

Құрылыс: Жеке тербелістердің 1 сек. кезеңімен болат көпір.


Критикалық демпфирлеуден 2% салыстырмалы коэффициенті.

Жер сілкіну кезінде максималды үдеу және максималды орын ауыстыру графиктегі 1 нүктемен анықталады (А.4-сурет). Сейсмикалық әсерлер кезіндегі a_{\max} максималды үдеу шамамен 0,5g, орын ауыстырулар – 0,12м жетеді. Инерциялық күш ma_{\max} туындыға тең болады.

Осы графиктердегі тұрақты кезеңдерге координаттың басынан шығатын түзу радиалды сызықтар сәйкес келеді. Ықтимал жер сілкіну акселерограммалары бойынша спектральды қисық сызықтарды салу әдістемесі [4] жұмысында көрсетілген.

Егер сейсмооқшаулағыш құрылғыны қолданған кезде тербеліс кезеңін 3 секундқа дейін ұлғайтса, бұл үшін жүйенің қаттылығын азайту керек, онда жер сілкіну кезінде максималды үдеу және максималды орын ауыстыру графиктегі 2 нүктемен анықталады (А.5-сурет).

Бұл жағдайда максималды үдеу кемиді (0,2g жетпейді), бірақ орын ауыстыру біршама өседі. Орын ауыстырулар құрылыс элементтерінің есебінен емес, сейсмооқшаулағыш құрылғылардың деформациясы есебінен болатындығын ескеру керек.



А.5-сурет – Максималды орын ауыстыруларға тәуелді максималды үдеу спектрлері

Егер қосымша демпфирлеуші құрылғыларды қосатын болса, орын ауыстыруларды азайтуға болады. Егер сейсмооқшауландырғыш мәліметтері бар осы жүйеге демпфирлеу коэффициентін 2% бастап 20% дейін ұлғайтатын қосымша демпферді қосатын болса, онда жер сілкіну кезінде максималды үдеу және максималды орын ауыстыру графиктегі 3 нүктемен анықталады (А.5-сурет). Орын ауыстыру және үдеу, сонымен қатар күш те кемиді.

Сейсмооқшаулағыш жүйенің қажетті параметрлерін бағалау және анықтау үшін бірінші кезеңде $a_{\max}(d_{\max}, \xi)$: функциясының графиктерін қолдануға болады:

– Демпфирлеуді өзгертпей-ақ тербеліс кезеңін ұлғайту максималды амплитудаларды ұлғайту және максималды үдеулерді төмендету бағытында спектральды қисық бойынша «қозғалысқа» сәйкес келеді. (Қарастырылып отырған мысалда - 1 нүктесінен 2 нүктесіне қарай);

– Демпфирлеу коэффициенттері аз болғанда демпфирлеуді ұлғайтқан кезде «қозғалыс» тұрақты кезеңнің сызық бағыты бойынша, яғни координат басына қарай радиалды сызық бойынша. (Қарастырылып отырған мысалда - 2 нүктесінен 3 нүктесіне қарай);

- Соңғы 3-нүктенің абсциссасы және ординаты есептік жер сілкіну кезінде сейсмооқшаулағыш жүйенің максималды орын ауыстыруына және максималды үдеуіне сәйкес келеді.

Б ҚОСЫМШАСЫ (ақпараттық)

Б.1 Топырақтың ауытқуын үдету Фурье спектрлері

Б.1.1 Топырақ тербелісін үдету акселерограммаларының Фурье спектрлері акселерограммалармен салыстырғанда барынша ақпараттық болып табылады. Фурье спектрлер теориясының қысқаша мазмұны және нақты жер сілкіну акселерограммаларының амплитудалық спектрлерінің мысалдары осы Қосымшада берілген.

Б.1.2 Фурье амплитудалық спектрлерін қолдану құрылысты алдын ала жобалау кезеңінде жобалаушыларға қандай жиілік диапазондарында көлденең және тік тербелістер кезінде сейсмикалық әсерлердің энергиясы шоғырланғандығын бағалауға мүмкіндік береді.

Б.1.3 Осы Құралдың 4.1-бөлімшесінде қарастырылған топырақ тербелісінің максималды кинематикалық сипаттамаларының параметрлерінен басқа топырақ қозғалысының басқа маңызды сипаттамасы Фурье амплитудалық спектрі болып табылады. Фурье спектрлері бойынша анықталатын ақпаратты акселерограмма түрі бойынша бағалау мүмкін емес.

Б.1.4 Амплитуда спектрі Фурье түрлендіру арқылы анықталады:

$$\tilde{u}_g(\omega) = F[\ddot{u}_g(t)] = \int_0^{t_{\text{көн}}} \ddot{u}_g(t) e^{i\omega t} dt, \quad (\text{Б.1})$$


ол гармониканың барлық спектрінің шексіз қосындысы түрінде $\tilde{u}_g(\omega) e^{-i\omega t} d\omega$ топырақ тербелісінің үдетуін $\ddot{u}_g(t)$ көрсетуге мүмкіндік береді:

$$\ddot{u}_g(t) = \frac{1}{2\pi} \int_{-\infty}^{\infty} \tilde{u}_g(\omega) e^{-i\omega t} d\omega, \quad (\text{Б.2})$$


мұндағы $\tilde{u}_g(\omega)$ - кешенді функция, $|\tilde{u}_g(\omega)|$ модулі осы гармоникамен ауыстырылатын тербеліс энергиясын анықтайды, ал жорамал бөлігінің нақты бөлігіне қатынасы гармоника фазасын анықтайды: $\varphi = \arctg \frac{\text{Im}(\tilde{u}_g(\omega))}{\text{Re}(\tilde{u}_g(\omega))}$.

Б.1.5 Сейсмикалық әсерлер кезінде топырақ тербелісі спектрлерінде 25-30 Гц асатын жиіліктері бар гармоникалар жоқ, сондықтан (Б.2) интегралында осы жиіліктермен шектеледі. Техногенді әсерлер кезінде тербелістер спектрі кең болуы және құрамында өте жоғары жиіліктер болуы мүмкін. Мысалы, метро пойыздарының және теміржол пойыздарының қозғалысы кезінде таралатын дірілдерде 100 Гц дейін гармоника бар.


Б.1.6 Мысалдар ретінде Б.1÷Б.4-суреттерде көрсетілген көлденең және тік акселерограммаларды және Loma Prieta жер сілкінуінің Фурье амплитудалық спектрлерін береміз (Б.5, Б.6 -сурет).




Б.1-сурет – Көлденең тербелістер акселерограммасы



Б.2-сурет – Фурье түрлендіру модулі (1:100 масштабында)



Б.3-сурет – Тік тербелістер акселерограммасы



Б.4-сурет – Фурье түрлендіру модулі (1:100 масштабында)

Б.1.7 Фурье спектрлерін талдаудан тік және көлденең тербеліс спектрлерінің құрамы біршама ерекшеленетіндігін айту керек. Тік тербелістердің спектрінде өте жоғары гармоникалар бар. Мұндай заңдылық көптеген жағдайларда байқалады.


Б.2 Жылдамдықтар және орын ауыстырулардың Фурье спектрлері

Б.2.1 Интегралды Фурье түрлендіруі жақсы қасиеттерге ие: уақытша аумақта функцияларды дифференциалдау жиілікті аумақта көбейткішке көбейтуге ($-i\omega$) сәйкес келеді. Басқа сөзбен айтқанда, егер функция $\tilde{y}(\omega)$ Фурье функциясының $u(t)$ кескіні


болып табылса, онда оның туындысының кескіні келесі формуламен анықталады: $\ddot{u}(\omega) = (-i\omega)\dot{u}(\omega)$. Фурье кескіндерінің арасында үдеуді, жылдамдықты және орын ауыстыруды, осы қасиетті ескере отырып, келесі қатынасты жазуға болады:

$$\ddot{u}_g(\omega) = (-i\omega)\dot{u}(\omega) = (-i\omega)^2 \tilde{u}(\omega) \quad (\text{Б.3})$$

Б.2.2 Төменде Loma Prieta жер сілкінісі кезінде топырақтың көлденең тербелістерінің үдеу, жылдамдық және орын ауыстыру графиктері және оларға сәйкес келетін Фурье спектрлері көрсетілген.



Б.5-сурет – Үдеу, жылдамдық функциялары



Б.6-сурет – Loma Prieta жер сілкінісі кезіндегі орын ауыстыру Фурье спектрі

Б.2.3 Фурье амплитудалық спектрлер арасындағы (Б.3) формуласын қолдана отырып келесі қатынасты жазуға болады:

$$\left| \frac{\tilde{y}''(\omega)}{\omega^2} \right| = \left| \frac{\tilde{y}'(\omega)}{\omega} \right| = |\tilde{y}(\omega)| \quad (\text{Б.4})$$

Б.2.4 (Б.3) формуласынан жылдамдық және әсіресе орын ауыстыру спектрлерінің функцияларының Фурье амплитудалық спектрлері жиіліктердің ұлғаю шамасына қарай үдеу спектрлерінің амплитудасына қарағанда жылдам кемитіндігі шығады.

Б.2.5 Үдеу функциясының Фурье амплитудалық спектрлері сейсмикалық әсер ету энергияларын жиіліктер бойынша таратуды сипаттайтын энергияның спектралды тығыздық функцияларын анықтау үшін қолданылады.

В ҚОСЫМШАСЫ

(ақпараттық)

Негізгі ауытқу түрін қолдану арқылы көпірлерді сейсмооқшаулағышсыз спектральды әдіспен есептеу мысалдары**В.1 Құрылыс алаңының көлденең толқындарын тарату жылдамдықтары бойынша топырақ жағдайларының түрін анықтау**

Беткі 10-метрлік топырақ қалыңдығында $v_{s,10}$ және 30 – метрлік топырақ қалыңдығында $v_{s,30}$ көлденең толқындардың орташа таралу жылдамдығы келесі формуладан анықталады

$$v_{s,10} = \frac{10}{\sum_{i=1,N} \frac{h_i}{v_i}} \quad v_{s,30} = \frac{30}{\sum_{i=1,N} \frac{h_i}{v_i}}$$


мұндағы h_i және v_i - жоғарғы 10-метрлік (30-метрлік) топырақ қалыңдығындағы N қабаттардың жалпы мөлшері кезінде i -ші формациясы немесе қабаты үшін қалыңдықты, м есептегенде және көлденең толқындардың таралу жылдамдығын, м/с есептегенде (жылжу деформациясының 10^{-5} немесе одан төмен деңгейімен) белгілейді.

Берілгені:

- құрылыс алаңының инженерлік-геологиялық кескіні (Алматы қ., Әл-Фараби даңғылының оңтүстігі, Ремизовка ауданы), В.1 а) -сурет;
- топырақтардың беткі қалың қабатында көлденең толқындардың таралу жылдамдығының сандық мәндері – В.1-кесте және В.1 б)-сурет.

Талап етіледі:

- құрылыс алаңының топырақ жағдайларының түрін сейсмикалық қасиеттері бойынша анықтау.



В.1-сурет – Құрылыс алаңының инженерлік-геологиялық кескіні

В.1-кесте – Беткі қалың қабаттағы көлденең толқындардың таралу жылдамдықтары

Топырақ қабаты	Қабат табанының орналасу тереңдігі, м	Қабат қалыңдығы, м	v_s мәні, м/с
1	0,8	0,8	162
2	2,5	1,7	382
3	9,5	7,0	571
4	16,5	7,0	662
5	23,5	7,0	725
6	30,0	6,5	782

Есептеу: $v_{s,10}$ және $v_{s,30}$ көлденең толқындардың орташа таралу жылдамдығын келесі формулаға сәйкес есептеу керек:

$$v_{s,10} = \frac{10}{\sum_{i=1,N} \frac{h_i}{v_i}} = \frac{10}{\frac{0,8}{162} + \frac{1,7}{382} + \frac{7,0}{571} + \frac{0,5}{662}} = 446,4 \text{ м/с},$$

$$v_{s,30} = \frac{30}{\sum_{i=1,N} \frac{h_i}{v_i}} = \frac{30}{\frac{0,8}{162} + \frac{1,7}{382} + \frac{7,0}{571} + \frac{3,6}{662} + \frac{7,0}{725} + \frac{6,5}{782}} = 674,6 \text{ м/с}.$$

Қорытынды: ҚР НТҚ 08-01.1-2012 3.1-кестесінің мәліметтеріне сәйкес ІБ құрылыс алаңының топырақ жағдайының түрі.

В.2 Есептік үдеуді анықтау

Берілгені:

- ОСЗІ-1₄₇₅ картасы бойынша анықталған $a_{gR(475)}$ мәні, 0,2g құрайды;
- ОСЗІ-1₂₄₇₅ картасы бойынша анықталған $a_{gR(2475)}$ мәні 0,3g құрайды;
- жауапкершілік коэффициентінің γ_I мәні 1,0 тең.

Талап етіледі: a_g есептік үдеу мәнін анықтау.

Есептеу: келесі формуладан a_g үлкен мәнін анықтаймыз:

$$\gamma_I \cdot a_{gR(475)} \quad \text{және} \quad \gamma_I \cdot \frac{2}{3} a_{gR(2475)},$$

$$\frac{2}{3} a_{gR(2475)} \cdot \gamma_I = \frac{2}{3} \times 0,3g \times 1,0 = 0,2g \quad a_{gR(475)} \cdot \gamma_I = 0,2g \times 1,0 = 0,2g.$$

Қорытынды: $a_g = 0,2g$ мәні.

В.3 Сейсмикалық әсердің көлденең компоненттері үшін спектр параметрлерін анықтау

Берілгені:

- құрылыс алаңының топырақ жағдайының түрі – ІБ;
- топырақ жағдайының ІА түрі кезінде сейсмикалық әсерлердің көлденең компоненттері үшін негізді үдетудің есептік мәні: $a_g = 0,267g$;
- тұтқыр демпфирлеу коэффициенті $\xi = 5\%$; демпфирлеу бойынша түзету коэффициенті $\eta = 1,0$.

Талап етіледі: сейсмикалық әсерлердің көлденең компоненттері үшін үдетулерде реакция спектрін орнату.

Көлденең реакциялардың спектрлерін салу үшін ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 3.2.2.2(1)Р-тармақшасында берілген формулаларда анықталатын пішінінің орнына қабылданған ҚР НТҚ 08-01.1-2012 4.2.2.1-тармақшасында берілген формулаларын қолданамыз.

$$\begin{aligned} 0 \leq T \leq T_B: \quad S_e(T) &= a_g \cdot S \cdot \left[1 + \frac{T}{T_B} \cdot (\eta \cdot 2,5 - 1) \right], \\ T_B \leq T \leq T_C: \quad S_e(T) &= a_g \cdot S \cdot \eta \cdot 2,5, \\ T_C \leq T: \quad S_e(T) &= a_g \cdot S \cdot \eta \cdot 2,5 \cdot \left[\frac{T_C}{T} \right], \end{aligned}$$

мұндағы

$S_e(T)$ – серпімді реакция спектрі;

T – бір еркін дәрежесі бар сызықтық жүйенің тербеліс кезеңі, с;

a_g – ІА типті топырақ жағдайларында негізді есептік үдету ($a_g = \gamma_I \cdot a_{gR(475)}$ немесе $a_g = \gamma_I \cdot 0,667 \cdot a_{gR(2475)}$ мәндерінен үлкен);

T_B – спектральды үдеу графигінің тұрақты учаскесіндегі кезеңнің минималды мәні, с;

T_C – спектральды үдеу графигінің тұрақты учаскесіндегі кезеңнің максималды мәні, с;

η – тұтқыр демпфирлеу коэффициенті үшін $\xi = 5\%$ референтті $\eta = 1$ мәнімен демпфирлеу бойынша түзету коэффициенті;

S – топырақтың сейсмикалық қасиеттерін сипаттайтын коэффициент (құрылыс алаңының топырақ жағдайларының түрі).

T_B және T_C кезеңдерінің мәндері және топырақ жағдайларының S коэффициенті, формасын сипаттайтын серпімді реакциялардың спектрлері топырақ жағдайларының түріне байланысты.

T_B , T_C және S параметрлерінің қабылданған мәндері В.2 және В.3-кестелерінде берілген және ҚР НТҚ 08-01.1-2012 4.2 және 4.3-кестеде берілген мәліметтерге сәйкес келеді.

В.2-кесте – T_B және T_C мәндері

Сейсмикалық қасиеттері бойынша топырақ жағдайларының түрі	T_B , с	T_C , с
ІА	0,15	0,44
ІБ	0,15	0,44
ІІ	0,25	0,64
ІІІ	0,375	0,96

В.3-кесте – S коэффициентінің мәні

Сейсмикалық қасиеттері бойынша топырақ жағдайларының түрі	a_g шамасына тәуелді S мәні
ІА	1,0
ІБ	$1,0 \leq (1,4 - a_g/g) \leq 1,2$
ІІ	$1,1 \leq (1,8 - 2 \cdot a_g/g) \leq 1,6$
ІІІ	$1,2 \leq (2,8 - 5 \cdot a_g/g) \leq 2,4$

В.2-кестедегі мәліметтерге сәйкес:

– спектральды үдеу графигінің тұрақты учаскесіндегі T_B кезеңінің минималды мәні 0,15 с құрайды;

– спектральды үдеу графигінің тұрақты учаскесіндегі T_C кезеңінің максималды мәні 0,44 с құрайды.

Топырақтың сейсмикалық қасиеттерін сипаттайтын коэффициентінің S мәнін В.3-кестеде берілген формуланың көмегімен анықтаймыз:

$$S = (1,4 - a_g/g) = (1,4 - 0,267) = 1,13.$$

$S = 1,13$ деп қабылдаймыз.

a_g , T_B , T_C , η және S параметрлерінің табылған мәндерін қолдана отырып реакция спектрінің ординатын анықтаймыз (g үлестермен) (В.2-сурет). Үдетулердегі реакция спектрінің ординаттары В.4-кестеде берілген.


$$\text{при } 0 \leq T \leq 0,15 \text{ с: } S_e(T) = a_g \cdot S \left[1 + \frac{T}{T_B} (\eta \cdot 2,5 - 1) \right] = 0,267 \times 1,13 \left[1 + \frac{T}{0,15} (1 \times 2,5 - 1) \right] = 0,3(1 + 10T);$$

$$\text{при } 0,15 \text{ с} \leq T \leq 0,44 \text{ с: } S_e(T) = a_g \cdot S \cdot \eta \cdot 2,5 = 0,267 \times 1,13 \times 1 \times 2,5 = 0,75;$$

$$\text{при } 0,44 \text{ с} \leq T \text{ с: } S_e(T) = a_g \cdot S \cdot \eta \cdot 2,5 \left[\frac{T_C}{T} \right] = 0,2 \times 1,2 \times 1 \times 2,5 \left[\frac{0,44}{T} \right] = \frac{0,332}{T}.$$


В.4-кесте – Өзіне тән нүктелердегі сейсмикалық әсерлердің көлденең компоненттері үшін серпімді реакциялар спектрінің мәндері (топырақ жағдайларының түрі – ІБ; $a_g = 0,267g$ және $\xi = 5\%$)

T , (сек)	0	0,15	0,44	1,00	2,00	3,00
$S_e(T)$, g үлестермен	0,30	0,75	0,75	0,332	0,166	0,11



В.2-сурет – Үдетулердегі серпімді реакция спектрінің түрі (топырақ жағдайларының түрі – ІБ; $a_g = 0,267g$ және $\xi = 5\%$)

Көпірдің конструкциясы В.3-суретте көрсетілген. Бойлық тербелістер қарастырылады. Көпір жер сілкіну кезінде бойлық бағытта орын ауыстыратындығы болжанады. Бойлық орын ауыстыруға үйкеліс күшін жасайтын тіреулердегі тірек бөліктері, пропорционал жылдамдықтар және реакциясы серпімді болып саналатын орталық тірек жалпы кедергі көрсетеді.



В.3 – Көпірдің есептік схемасы

1-мысал

Бастапқы мәліметтер:

Иілү кезіндегі орталық тіректің инерция моменті $I_c = 0,0375 \text{ м}^4$,

Орталық тірек материалының серпімділік модулі $E_c = 30000 \text{ МПа}$,

Орталық тірек биіктігі $H_c = 14,0 \text{ м}$,

Аралық құрылыс ұзындығы $L_{np} = 42,0 \text{ м}$,

Аралық құрылыс салмағы $m = 985688 \text{ кг}$,

Демпфирлеу коэффициенті $\xi = 0.05$ (5%).

Реакция спектрінің қисық сызығы Б.2-суретте көрсетілген.

Шешімі.

Тіректің иілу қаттылығымен анықталатын эквивалентті серіппенің қаттылығы

$$k = \frac{12E_c I_c}{H^3} = \frac{12(30000 \times 10^6)(0.0375)}{14.0^3} = 4920 \cdot 10^3 \text{ Н / м}.$$

Демпфирлеуді есептегендегі жеке жиілігі

$$\omega_n = \sqrt{\frac{k}{m}} = \sqrt{\frac{4920 \times 10^3}{985,688 \times 10^3}} = 2,23 \text{ рад / сек}$$

Герцпен есептегендегі жиілігі

$$f_n = \frac{\omega_n}{2\pi} = \frac{2,23}{6,28} = 0,355 \text{ Гц}$$

Жеке тербелістер кезеңі

$$T_n = \frac{1}{f_n} = \frac{1}{0,355} = 2,82 \text{ сек}$$

Демпфирлеуді есепке алумен тербелістердің айналмалы жиілігі

$$\omega_d = \omega_n \sqrt{1 - \xi^2} = 2,23 \sqrt{1 - 0,05^2} = 2,227 \text{ рад / сек}$$

Демпфирлеуді есепке алумен тербелістер кезеңі

$$T_d = \frac{2\pi}{\omega_n} = \frac{6,28}{2,227} = 2,82 \text{ сек}$$

Реакциялардың спектріне сәйкес тіректегі аралық құрылыс тербелетін максималды үдеу келесі формуламен анықталады В

$$\text{при } 0,44 \text{ с} \leq T_d = 2,82 \Rightarrow S_e(T) = \frac{0,332}{T_d} = \frac{0,332}{2,82} = 0,118$$

$$a_{\max} = S_e(T)g = 0,118 \times 9,81 = 1,16 \text{ м / сек}^2$$

Аралық құрылысқа әсер ететін максималды инерция күші

$$F = m \times S_e(T)g = (985,688 \times 10^3)(0,118)(9,81) = 1141,0 \cdot 10^3 \text{ Н}$$

Аралық құрылыстың максималды орын ауыстыруы

$$d = \frac{FH^3}{12E_c I_c} = \frac{F}{k} = \frac{1141,0 \cdot 10^3}{4920 \cdot 10^3} = 0,232 \text{ м}$$

Тірек қимасындағы максималды иілу моменті

$$M = \frac{F \times H}{2} = \frac{1141,0 \cdot 10^3 \cdot 12}{2} = 6846,0 \cdot 10^3 \text{ Н} \cdot \text{м}$$

Есептік жер сілкіну әсер еткен кезде аралық құрылыстың үлкен орын ауыстырулары туындауы мүмкін, сондықтан ұстап тұратын құрылғыларды орнату керек.

2-мысал

Бастапқы мәліметтер.

Топырақтың түрі және сейсмикалық әсерлердің сипаттамалары 1-мысалдағыдай қабылданады.

Реакция спектрінің қисық сызығы В.2-суретте берілген.

Көпірдің есептік параметрлері

Иілу кезіндегі тіректің инерция моменті $I_c = 0,0707 \text{ м}^4$,

Аралық құрылыстың салмағы 160000 кг ,

Тірек материалының серпімділік модулі $E_c = 30000 \text{ МПа}$,

Тіректің биіктігі $H_c = 8,0 \text{ м}$

Аралық құрылыстың ұзындығы $L_{np} = 24,0 \text{ м}$

Демпфирлеу коэффициенті $\xi = 0.05$ (5%)

Шешімі.

Иілу кезінде тірек қаттылығына сәйкес келетін эквивалентті серіппенің қаттылығы:

$$k = \frac{12E_c I_c}{H^3} = \frac{12(30000 \times 10^6)(0.0707)}{(8.0)^3} = 49711 \cdot 10^3 \text{ Н} / \text{м}$$

Демпфирлеуді есептегендегі жеке жиілігі

$$\omega_n = \sqrt{\frac{k}{m}} = \sqrt{\frac{49711 \times 10^3}{160 \times 10^3}} = 17.6 \text{ рад} / \text{сек}$$

Герцпен есептегендегі жиілігі

$$f_n = \frac{\omega_n}{2\pi} = \frac{17,6}{6,28} = 2,80 \text{ Гц}$$

Жеке тербелістер кезеңі

$$T_n = \frac{1}{f_n} = \frac{1}{2,80} = 0,357 \text{ сек}$$

Демпфирлеуді есептегендегі тербелістің айналмалы жиілігі

$$\omega_d = \omega_n \sqrt{(1 - \xi^2)} = 17.6 \sqrt{(1 - 0.05^2)} = 17.57 \text{ рад} / \text{сек}$$

Демпфирлеуді есептегендегі тербеліс кезеңі

$$T_d = \frac{2\pi}{\omega_d} = \frac{6,28}{17,57} = 0,357 \text{ сек}$$

Жеке тербелістер кезеңі $0,15 \leq T \leq 0,44$ интервалында тұрады, сондықтан

$$S_e(T) = a_g \cdot S \cdot \eta \cdot 2,5 = 0,267 \times 1,13 \times 1 \times 2,5 = 0,754;$$

Аралық құрылысқа әсер ететін максималды инерция күші

$$F = m \times S_e(T)g = (160 \times 10^3)(0,754)(9,81) = 1183,5 \cdot 10^3 \text{ Н}$$

Аралық құрылыстың максималды орын ауыстыруы

$$d = \frac{FH^3}{12E_c I_c} = \frac{F}{k} = \frac{1183,5 \times 10^3}{49711 \times 10^3} = 0,024 \text{ м}$$

Тірек қимасындағы максималды иілу моменті

$$M = \frac{F \times H}{2} = \frac{(1183,5 \cdot 10^3) \times 8}{2} = 4734 \cdot 10^3 \text{ Н} \cdot \text{м}$$

Жер сілкірудің аралық құрылысқа әсерін тірек және аралық құрылыс арасына резеңке-металл тірек бөліктерін орната отырып азайтуға болады.

Г ҚОСЫМШАСЫ

(ақпараттық)

Ауытқудың негізгі пішімдерін қолданатын сейсмооқшаулағыштары жоқ және сейсмооқшаулағыштары бар көпірлерді есептеу мысалдары**Г.1 Жалпы мәліметтер**

Г.1.1 Сейсмооқшаулағыштары бар көпірлердің конструкциялары қолданыстағы ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012 нормаларының 7-бөлімінде қарастырылады.

Сейсмооқшаулағыштың негізгі мақсаты көпір құрылыстарының горизонталь сейсмикалық әсерге реакциясын азайтудан тұрады. Көпір құрылысының сейсмикалық әсерге реакциясын азайтуға келесі тәсілдермен қол жеткізуге болады:

- аралық құрылыс ауытқуының негізгі пішімі кезеңін ұлғайту арқылы, соның салдарынан күш әсерлері азаяды, бірақ бұл ретте жылжыту ұлғаяды;

- демпфирлеуді ұлғайту арқылы, ол жылжуды азайтады және күшті те азайтуы мүмкін;

- жоғарыда аталған екі әсердің бірлесуі арқылы, бұл ең жақсы тәсіл болып табылады.

Г.1.2 Сейсмооқшаулағыш жүйесін есептеу ауытқудың негізгі пішімі әдісін қолданып орындалады.

Г.2 Көпірдің есептік схемасы

Г.2.1 Қарастыруға ұзындығы 117 м кесілмеген темірбетон аралық құрылысы бар автожол көпірі қабылданды. Аралық тіреулер құрастырылған-монолитті темірбетоннан жасалған, тіректері - массивті, монолитті темірбетоннан жасалған.

Г.1 суретінде автожол көпірінің жалпы түрі көрсетілген, ал Г.2 суретінде аралық тіреудің көлденең қимасы берілген.

Г.2.2 Кесілмеген аралық құрылыс:

- сығуға беріктігі бойынша бетон класы С30/37;

- бетонның серпімділік модулі $E_{cm}=33000$ МПа;

- аралық құрылыс массасы $m=1936 \cdot 10^3$ кг;

- аралық құрылыс массасынан қума жүктеме $q=16,5 \cdot 10^3$ кг/м;

- әр тіреудегі аралық құрылыс арқалықтары сегіз тіреу бөлігіне сүйенеді.

Г.2.3 Аралық тіреулер мен тіректер:


- сығуға беріктігі бойынша бетон класы С30/37;

- бетонның серпімділік модулі $E_{cm}=33000$ МПа;


- аралық тіреудің 5 бағанының көлденең қимасы инерциясының моменті $I_{пр}=0,1 \text{ м}^4$;

Г.3 Бастапқы сейсмикалық әсер

Г.3.1 Серпімді реакциялар параметрлерін анықтау үшін келесі бастапқы деректер қолданылады:



Г.1-суреті – Көпірдің жалпы көрінісі



Г.2-суреті – Аралық тіреудің жалпы көрінісі

- құрылыс алаңының топырақ күшінің типі II құрайды;
- ОСЗІ-I₄₇₅ картасы бойынша анықталған $a_{qR(475)}$ мәні 0,4g құрайды;
- ОСЗІ-I₂₄₇₅ картасы бойынша анықталған $a_{qR(2475)}$ мәні 0,6g құрайды.

Бұзылу болмаған кезде талаптарды тексеру кезінде есепке алынатын a_g жылдамдатудың есептік мәні анықталады.

ҚР ТЖН-08-01.1-2012 4.1.2-тармағына сәйкес бұзылу болмаған кезде талаптарды тексеру кезінде есепке алынатын a_g жылдамдатудың есептік мәнін (Г.1) және (Г.2) өрнектерінің көмегімен анықталған екі мәnnің көбін қабылдаған жөн:

$$\gamma_1 \times a_{gR(475)} \quad (\text{Г.1})$$

$$\gamma_1 \times \frac{2}{3} a_{gR(2475)} \quad (\text{Г.2})$$

II жауапкершілік класына ие көпірлер үшін жауапкершілік коэффициентінің мәні $\gamma_1 = 1,0$ қабылданады.

(Г.1) өрнегіне сәйкес:

$$\gamma_1 \times a_{gR(475)} = 1.0 \times 0.4g = 0.4g$$

(Г.2) өрнегіне сәйкес:

$$\gamma_1 \times a_{gR(2475)} = 1.0 \times \frac{2}{3} \times 0.6g = 0.4g$$

a_g мәні $0,4g$ тең етіп қабылданады.

$\xi=5\%$ тұтқыр демпфирлеу коэффициенті кезінде серпімді реакциялар спектрі ординаталарының мәндері анықталады.

Г.3.2 Сейсмикалық әсердің горизонталь компоненттерін сипаттайтын $S_e(T)$ серпімді реакцияларының ординаталары мәндерін анықтау үшін ҚР ТЖН-08-01.1-2012 берілген (4.3) – (4.5) өрнектерін қолданамыз.

$$0 \leq T \leq T_B: S_e(T) = a_g \cdot S \cdot \left[1 + \frac{T}{T_B} \cdot (\eta \cdot 2,5 - 1) \right], \quad (Г.3)$$

$$T_B \leq T \leq T_C: S_e(T) = a_g \cdot S \cdot \eta \cdot 2,5, \quad (Г.4)$$

$$T_C \leq T: S_e(T) = a_g \cdot S \cdot \eta \cdot 2,5 \cdot \left[\frac{T_C}{T} \right], \quad (Г.5)$$

мұнда

$S_e(T)$ – серпімді реакциялар спектрі;

T – еркіндіктің бір дәрежесіне ие сызықтық жүйенің ауытқу кезеңі, сек;

a_g – II типті топырақ жағдайларында негіздің есептік жылдамдауы;

T_B – спектралды жылдамдау графигінің тұрақты учаскесіндегі кезеңнің минималды мәні; ҚР ТЖН-08-01.1-2012 4.2-кестесіндегі деректерге сәйкес қарастырылатын $T_B=0,25c$ топырақ жағдайлары үшін;

T_C – спектралды жылдамдау графигінің тұрақты учаскесіндегі кезеңнің максималды мәні; ҚР ТЖН-08-01.1-2012 4.2-кестесіндегі деректерге сәйкес қарастырылатын $T_C=0,64$ с топырақ жағдайлары үшін;

η – $\xi = 5\%$ тұтқыр демпфирлеу коэффициенті үшін $\eta = 1$ референтті мәніне ие демпфирлеу бойынша түзету коэффициенті; ҚР ТЖН-08-01.1-2012 4.3-кестесіне сәйкес құрылыс алаңының топырақ жағдайларының II типі үшін S мәні $1,1 \leq S = (1,8 - 2a_g / g) \leq 1,6$ шегінде болуы тиіс.

В.3.3 ҚР ҚН EN 1998-1:2004/2012 3.2.2.2(5)Р сәйкес $S_{De}(T)$ жылжуларындағы серпімді реакциялар спектрі келесі өрнектер көмегімен $S_e(T)$ жылдамдауындағы серпімді реакциялар спектрін тікелей түрлендіру арқылы алына алады:

$$S_{De}(T) = S_e(T) \left[\frac{T}{2\pi} \right]^2.$$

II типті қарастырылатын топырақ жағдайлары және $a_g = 0,4g$ тең есептік жылдамдату мәндері үшін топырақтың сейсмикалық қасиеттерінің әсерін сипаттайтын коэффициент $S=1,1$ тең етіп қабылданады.

Серпімді реакциялар спектрінің ординаталарын анықтауға арналған (g үлесіндегі) (Г.3) – (Г.5) өрнектеріне a_g , T_B , T_C , η және S мәндерін қою арқылы келесілерді аламыз:

$0 \leq T \leq 0,25c$ кезінде:

ҚР НТҚ 08-02.1-2013

$$S_e(T) = a_g \cdot S \cdot \left[1 + \frac{T}{T_B} \cdot (\eta \cdot 2.5 - 1) \right] = 0.4 \cdot 1.1 \cdot \left[1 + \frac{T}{0.25} \cdot (\eta \cdot 2.5 - 1) \right] = 0.44 \left[1 + \frac{T}{0.25} \cdot (2.5 \cdot \eta - 1) \right];$$

$$0.25 \leq T \leq 0.64 \text{ кезінде: } S_e(T) = a_g \cdot S \cdot \eta \cdot 2.5 = 0.4 \cdot 1.1 \cdot \eta \cdot 2.5 = 1.1 \cdot \eta;$$

$$0.64 \leq T \text{ кезінде: } S_e(T) = a_g \cdot S \cdot \eta \cdot 2.5 \cdot \left[\frac{T_C}{T} \right] = 0.4 \cdot 1.1 \cdot 2.5 \cdot \eta \left[\frac{0.64}{T} \right] = \frac{0.704}{T} \eta.$$

Г.3.4 Демпфирлеу деңгейіндегі η түзету коэффициенті төмендегі өрнектер көмегімен 3 ҚР ТЖН 08-01.1-2012 4.2.2.3-тармағына сәйкес анықталады:

$$T \leq 1,0 \text{ с кезінде: } \eta = \rho;$$

$$T \geq 1,0 \text{ с кезінде: } \eta = \rho(1/T)^\lambda.$$


ρ және λ мәндері келесі тәсілмен анықталады:

$$\rho = 1 + \frac{0,05 - 0,01\xi}{0,05 + 0,02\xi - 3(0,01\xi)^2},$$

$$\lambda = \frac{0,05 - 0,01\xi}{0,33 + 0,09\xi}.$$

мұнда ξ – пайызбен көрсетілген тұтқыр демпфирлеу коэффициенті.

Сейсмикалық әсерлердің горизонталь компоненттеріне арналған серпімді реакциялар спектрінің жалпы түрі Г.3 суретінде көрсетілген.



Г.3-суреті - Сейсмикалық әсердің горизонталь компоненттеріне арналған серпімді реакциялар спектрінің пішімі

Г.3.5 Еркіндіктің бір дәрежесіне ие модельді қолдану кезінде ҚР ҚН EN 1998-2:2005+A1:2009/2012 4.2.2.3-тармағына сәйкес қатты аралық құрылыс моделі қолданылады.

Көпірдің қатты моделі сейсмикалық әсер кезінде горизонталь жазықтықтағы аралық құрылыс көпір тіреулерінің жоғарғы бөліктеріндегі горизонталь ығысулармен

салыстырғанда болмашы шамаға ие болған жағдайларды қолданыла алады. Бұл шарт кесілмеген аралық құрылыстары бар шамамен тік сызықтық көпірлердің бойлық бағыттарында да орындалады.


